

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

А.Н.ОТАРОВА

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ
оқу құралы**

Ақтау-2011

УДК 821.0 (075)

ББК 83.3 Қаз я 7

0 – 81

Пікір жазғандар: Б.И. Нүрдәулетова,

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті,*

филология ғылымдарының докторы, профессор

Б.Қ. Ақбердиева,

*Маңғыстау Болашақ Институты, жалпы білім беру
кафедрасының доценті, филология ғылымдарының
кандидаты*

Ш.С. Әбішева,

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті, филология
ғылымдарының кандидаты*

Отарова А.Н.

0-81 XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті;

Оқу құралы

- Ақтау, 2011. – 91бет.

ISBN 978- 601-7276- 61- 4

Бұл оқу құралы жоғары мектептегі “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша жүргізілетін “ XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” пәніне арналған. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына арналған әр тақырыптар бойынша дәрістер жинағы, өзіндік бақылауға арналған сұрақтар, өз бетімен жұмыс тапсырмалары мен әдебиеттер тізімі беріледі. Сондай-ақ, реферат тақырыптары мен білімді бақылауға арналған тестік тапсырмалар үлгілері ұсынылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттері мен оқытушыларына арналған.

УДК 821.0 (075)

ББК 83.3 Қаз я 7

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған.

ISBN 978- 601-7276- 61- 4

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ университеті, 2011

АЛҒЫСӨЗ

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәні – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттер үшін ең негізгі пәндердің бірінен саналады. Аталған пән студенттерге XX ғасырдың басындағы ұлт әдебиетінің даму тарихын қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра зерделеп, әдебиеттің барлық жанрларында жаңашыл сипатта қалам тербеген аса талантты ақын-жазушылардың шығармаларымен тереңірек таныстырады. Қазақ әдебиетінің аталған кезеңіндегі әдеби мұраларды жан-жақты меңгеру үшін студент XX ғасыр басында қалыптасқан әдебиет үлгілерімен, оны жасаушы өнер өкілдерінің шығармаларымен толыққанды танысады, ақын-жазушылардың әдеби мұралары, олардың көркемдік әдіс-тәсілдері т.б. осы кезең әдебиеті пәнінің негізгі мазмұны болып табылады.

Филология факультетінің “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бөлімінде оқытылатын негізгі пәндердің бірі ретінде, болашақ қазақ тілі мұғалімдеріне қажетті кәсіптік теориялық білім берумен қоса, тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Ұсынылып отырған оқу құралында студенттерге XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму тарихы, дәстүр жалғастығы жайында кең көлемде мағлұматтар беру, жеке ақын- жазушылар шығармаларының тақырыптық- жанрлық қырлары, эстетикалық ізденістері тіл, стиль бағытындағы шеберліктерімен таныстыру мәселелері жан жақты қарастырылған. XX ғасырдың басында қазақ даласындағы тарихи-әлеуметтік, рухани, мәдени өзгерістерге сәйкес жаңа идеологияның қалыптасуы, соған байланысты қазақ жеріндегі жалпы мәдениеттің, рухани құндылықтардың өркен жайып, дамуындағы өзіндік ерекшеліктердің дүниеге келуі толық қамтылған.

XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербеген, осынау күрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың толымды шығармалары, жалпы әдеби мұралары жайында студенттерге кең көлемде мағлұматтар берілген.

Пәнді оқыту барысында пәнаралық байланыстар да басты назарда болады. Бұл кезең әдебиеттің тарихи оқиғалармен, саяси-әлеуметтік жағдайлармен дамуы ерекшеліктеріне де назар аударылады. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің озық көркемдік әдістерімен, жанрлық-стильдік шеберлік үлгілерімен жете таныстыру, әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген, жаңашылдықпен түлеген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларындағы көркемдік шеберлік сырларын терең меңгерту көзделген.

Болашақ маман теориялық білімі терең, практикалық іскерлік қасиеті жоғары, шығармашылық белсенділігі дамыған жан болуы тиіс. Бүгінгі студент - ертеңгі маман. Қазақ тілін дамытатын да, оның қанатын кең жаюға көмектесетін де бүгінгі студент. Студент өз бетімен ізденіп, кейбір мәселелердің шешімін өзі табуға жұмыстану керек.

Ұсынылып отырған құрал «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәнінен студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналған оқу құралы болып табылады. Оқу құралында студенттердің өз бетімен дайындалулары үшін әрбір тақырыптар жекелей дәрістер түрінде қарастырылып, тақырып бойынша қамтылатын негізгі мәселелер тізбесі беріліп, өзіндік бақылау сұрақтары мен тапсырмалар берілді, оларды оқып-үйрену үшін пайдаланылатын негізгі әдебиеттер мен дерек көздері келтірілді.

Оқу құралы қойылған мәселесі тұрғысынан, орындаудың жолын ұсынған әдістемелік құрылысы жағынан, мазмұны мен материалдарының берілу формасы тарапынан ұстаздар мен студенттерге, олардың өз беттерімен жұмыс істеуіне көмегін тигізеді деген ойдамыз.

ГЛОССАРИЙ

Негізгі терминдік ұғымдар: әдеби байланыс, тарихнама, хисса дәстүрі, әдебиет сыны, ағартушы-демократиялық бағыт, әдебиеттің қоғамдық мәні, классикалық әдебиет, кітаби ақын, өмір шындығы және көркем шындық, поэзия, роман, романтизм, саяси әлеуметтік өлең-жырлар, сыншыл реализм, мысал, нәзира, назым, нақыл өлең түсініктемелері.

Әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы.

Тарихнама - әдебиет теориясының, тарихының, сынының даму барысындағы деректер мен дәйектердің, мәліметтердің жинағы. Әдебиеттану ғылымының жүріп өткен жолы мен қол жеткізген нәтижелерін жинақтап көрсету арқылы тарихнама ғылымының бір орында тұрып қалмай, алға қарай жылжуына қызмет етеді.

Хисса дәстүрі – түркі тілдес халықтарға араб әдебиеті арқылы келген еркін махаббатты, ізгілікті, адамгершілікті жырлайтын шытырман оқиғалы поэтикалық шығармалар жалғастығы.

Әдебиет сыны - өмір шындығы мен әдеби шығармадағы көркем шындық арақатысын саралайтын, әдеби дамудың ағымдық мәселелеріне бағыт сілтейтін әдебиеттану ғылымыны бір саласы.

Ағартушы-демократиялық бағыт – ағартушылық-демократияға, жаңаша пайымдауға негізделген көзқарас.

Әдебиеттің қоғамдық мәні – көркем әдебиеттің халық өмірінде атқаратын міндеті, танымдық, тәрбиелік, көркемдік маңыздылығы.

Классикалық әдебиет – үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы деген мағынаны береді.

Кітаби ақын – шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, хисса, дастандар жырлаған ақын.

Өмір шындығы және көркем шындық – көркем өнерде, оның ішінде әдебиетте шығарма, әрине, өмір шындығына сүйеніп жазылады. Көркем шындық - өмірді образды түрде бейнелеп, жоғары эстетикалық мақсат тұрғысында терең ашу.

Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығарма.

Роман – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, орта ауқымында мүсіндейтін көлемді эпикалық шығарма.

Романтизм - әдебиеттегі, көркем өнердегі өмірдің жағымды жақтарын көтере суреттейтін көркемдік әдіс.

Саяси әлеуметтік өлең-жырлар – кезеңдік поэзияның саяси мәселелерді көтеріп, әлеуметтік мақсат-мүдделерді айқындайтын саласы.

Сыншыл реализм - әдебиеттегі көркем әдіс, өмірді сыншылдықпен суреттеп, бейнелеп, адам характерін типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдағы кемшіліктерді сынға алу.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, сюжетті шағын көлемді шығарма.

Нәзира – мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс.

Назым – түркі классикалық поэзиясына қатысты парсы әдебиетінің ықпалымен қалыптасқан ұғым.

Нақыл өлең – ғибратты, тағлым берерлік мәні бар, ойды ықшамды түрде жеткізетін, өткір нақышты сөздерге негізделген терме, жыр, өлең.

ДӘРИСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША КОНСПЕКТІСІ

№1. Дәріс тақырыбы: XX ғасырдың басындағы тарихи - әлеуметтік жағдай және оның әдебиеттің дамуына тигізген әсері.

Дәріс мақсаты: XX ғасыр басындағы қазақ елінің саяси, әлеуметтік жағдайы және ұлттық мәдениеттің даму бағыттары. XIX ғасырдан бастау алған ағартушылық – демократтық идеялардың қанат жаюы. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы оқу – ағарту ісі, қазақ баспасөзінің дамуы, кітап шығару ісі, көркем әдебиеттің дамуы.

Тірек сөздер: XX ғасырдың басы, демократтық, ағартушылық идеялар, жаңаша оқу жүйесі, жәдитше оқыту, сюжеттік поэма, ұлттық көсемсөз өнері, проблемалық сындар.

Дәріс мазмұны: XX ғасыр басында қазақ елінің экономикалық саяси - әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қаладағы өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, теміржол жүйесінің келуі далаға капиталдың ағылуын күшейтті.

Қазақтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы товарлы шаруашылыққа айнала бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі күшіне енді.

XX ғасырдың басы Ресейде ірі тарихи оқиғаларға жол алып, оның империализмге өтуі революциялық қозғалыстың орталығына айналдырды. Ресейде өтіп жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне де өз әсерін тигізді. Патша үкіметі қақтығыстарды шешудің бір мақсаты етіп қазақтың шұрайлы жерлерін мемлекет қарамағына алып, орталық Ресейдің жерсіз шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру болды, сөйтіп қазақ жеріне қоныс аударушылардың жаңа легі пайда болды. XX ғасырдың басында қазақ даласында ұлт – азаттық қозғалыстармен қатар түрлі саяси – идеялық бағыттар өріс алды. Мұның негізгі себебі – жергілікті халық мүддесімен санасуды мүлде қойған патша шенеуліктің зорлығы, қоныс аударушылар келуімен басталды. Елдің ата – қонысынан айрылуы, халықты орыстандыру саясатының ашықтан – ашық сипат алуы болды.

XX ғасыр басындағы ағартушы демократтардың үлкен бір тобы өз шығармаларында халық тұрмысындағы ірілі – ұсақты қайшылықтарды бейнелеп, ел алдындағы маңызды проблемаларды көтерді, мәдениетті елдер қатарына жетуге, өнер – білімге шақырды.

1905 – 1907 жылдардағы буржуазиялық – демократиялық Төңкерістер Қазақстанда да қоғамдық саяси ойдың иегері дамып, мәдениеттің жандануына ықпал етті.

Бірінші орыс төңкерісінен кейінгі жылдары Қазақстанда қоғамдық сананың өзгеріске түсіп, ұлттық баспасөздің негізі қалануы үлкен оқиға болды. Ұлттық мерзімді баспасөздің әдеби тіліміздің дамуына үлкен әсері болғанын Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, т.б. жақсы түсінді.

Олар өз ұлтының сана – сезіміне сәуле шашып, қазақ халқын азаттық, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін баспасөздің, ұлттық басылымдардың қазақша шығуына ат салысты.

Сонымен ХХ ғасырдың басы Қазақстанда азаттық жолындағы күрес, саяси - әлеуметтік қозғалыстың дамыған кезі болып саналады. Сол кездегі қоғамдық – саяси ойды бір арнаға бағыттап ұлттың санасын оятуда, әлеуметтік мәселелерді шешу де ұлттық баспахана, баспасөз ашу қажеттігін жақсы түсінген М.Сералин, А. Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. қазақтың көрнекті зиялылары ана тілінде баспасөз құрып, оқулықтар жазып шығару жұмысын қолға алды.

1905 жылдардан басталған қазақша баспасөз ашу идеясы бірте – бірте жүзеге асты. 1911 – 1913 жылдары шығып тұрған «Қазақстан», 1913 – 1918 жылдардағы «Қазақ» газетін жатқызамыз. Бұлар қазақ халқының бостандығы мен қазақ жерлерін біріктіру, қазақ тілінің өркендеуін түпкі мақсаттарына айналдырды

ХХ ғасырдың басында Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде еліміздің тарихы, шаруашылық жағдайлары, мәдени өмірі мен ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) туралы көптеген құнды мақалалар басылған.

ХХ ғасырдың басында қоғамдық өмірге белсене араласқан газет – журналдар мыналар: «Айқап» журналы, «Қазақстан», «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Серке», «Алаш», «Тіршілік», «Ұран», «Үш жүз».

М.Сералиннің басқаруымен 1911жылдан бастап шыққан тұңғыш журнал «Айқап» пен 1913 жылы А.Байтұрсыновтың редакторлығымен «Қазақ» газетінің шыға бастауы қазақ халқының мәдениет тарихындағы ерекше оқиға болды.

ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларын негізінен үш мәселе ойландырды: жер мәселесі, оқу – ағарту ісі, қазақ еліндегі басқару жүйесі.

Сондықтан да А.Байтұрсынов, М.Сералин т.б. қазақтың біртуар азаматтары бұл кезеңде халықтың ой – санасын оятуда ұлттық баспасөздің атқарар ролінің зор екендігін түсініп ұлт баспасөзі, әдебиеті, тілі үшін жан аямай күресті.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ыбырай, Абай, негізін қалаған дәстүрді жалғастырушылардың : Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, С. Көбеев, А. Байтұрсынов, С. Дөнентаев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Қаралиев т.б. ағартушы бағыттағы ақын – жазушылардың алатын орны айрықша.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу – ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік маңызы зор үлкен проблема болса, іс жүзінде де қолға алған тұңғыш ағартушы Ы.Алтынсарин еді, кейін XX ғасырдың басында осы салада нақты іс істеген, өзгелерге сонысымен үлгі көрсеткен ағартушы А. Байтұрсынов еді.

Ағартушылардың, азаматтық идеялардың халық арасына кең тарауына сол кездегі ашыла бастаған мектептер, оқу орындары, баспа мен баспасөз істерінің жолға қойылуы зор ықпал етті.

1914 -1915 оқу жылдарында жалпы білім беретін мектеп саны 2006 – ға жеттіп, оларды 105,1 мың оқушы оқыды. Қазақ балалары Орынбор, Ташкент, Уфа, Бұқара, Омбы т.б. қалалардағы оқу орындарында, медреселерде білім алды. Қоғамдық қызметтер атқарған қазақтың қайраткер, мәдениет, әдебиет өкілдері осы ортада тәрбиеленді.

Пысықтау сұрақтары:

1. *XX ғ.б. қазақ жеріндегі мәдениеттің, рухани құндылықтардың өркен жайып, дамуындағы өзіндік ерекшеліктердің дүниеге келуі.*
2. *Демократтық- ағартушылық идеялардың жалғасуы.*
3. *Оқу-ағарту ісі.*
4. *Қазақстандағы баспасөз ісі («Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті).*
5. *Тұңғыш жинақтардың жарық көруі.*
6. *Поэзия, проза, драматургия, аударма көркемсөз, әдеби сын т.б. дамуы.*

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

1. *Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.*
2. *ӘбдірахмановТ. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы, 1969.*
3. *Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы. «Санат», 1994.*
4. *Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.- А.: 1966.*
5. *XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы: «Ғылым», 1994.*

№2. Дәріс тақырыбы: Қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар. Діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылық өмірбаяны

Дәріс мақсаты: Діни-ағартушылық бағыттағы ақындар шығармашылығының мазмұны, басты белгілері. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері, ағартушылық, сыншылдық сипаттары. Дастандары, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбектері, «Қара мес» мұрасы және оның мәні.

Тірек сөздер: ағартушы - демократтық бағыт, діни – ағартушылық бағыт, кітаби ақын, заман шындығы, хиссашыл ақындар, сыншылдық сипат.

Дәріс мазмұны: Бір тарихи кезең аясында әртүрлі көркемдік шеберлік деңгейіндегі, әралуан түсініктегі қаламгерлер қатар қалам тербеді. Олардың арасындағы айырмашылықтар мен бәріне ортақ сипат бұл кезеңдегі қазақ

қаламгерлерін шартты түрде екі топқа, яғни діни-ағартушылық бағыттағы ақындар және ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар деп бөлді. Діни-ағартушылық бағыт өкілдерінің қатарына туған халқының мұң-мүддесін жырлауда ұлттық мәселелер төңірегінде ой толғаған, негізінде шығыстық мотивте шығармалар жазған, бұрын “кітәби ақындар” деп аталып келген топқа жататын ақындар енді. Олардың көзқарастарында өзіндік ерекшеліктер болды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін, шығыстық аңыздарды жинап, дастан етіп бастырды. Олардың шығармаларында дін, ағарту мәселелері көтеріліп, талқыланып отырды. Ағартушы-демократтық бағыт өкілдерінің дүниетанымы мен көзқарастары ауқымды болды. Заман өзгерістеріне әртүрлі дәрежеде үн қосты. Олардың көзқарастарында ағартушылық, демократтық идеялар басым болды. Ұлт болашағын заман өзгерістерімен тығыз байланыста қарап, ел өміріндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, сауатсыздық мәселелерін батыл көтерді. Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылардың өзара түсінік, көзқарастары әралуан болды. 1916-1917 жылдардағы оқиғаларға, “Алаш” қозғалысына қатысты түрлі көзқарастар бой көрсетті. “Алаш” қозғалысының мәні мен сипаты. Осы тұстағы ұлттық мүддені жоғары ұстау, мемлекеттілікті орнату, сол арқылы қазақтың тұтастығын сақтау, тәуелсіздікке қол жеткізу идеяларының көтерілу дәрежесі және осы идеялардың сол кезеңдегі ұлт қаламгерлерінің ой-пікірлерінде көрініс табуы баяндалады.

Жоғарыда аталып өткен екі бағыттағы әдебиет өкілдеріне ортақ қасиеттер, олардың шығармаларындағы жалпы ағартушылық мәселесін, ұлт мүддесін көтерудегі үндестіктер айтылады. Осы екі бағыттағы қаламгерлер шеберлік жағынан әртүрлі дәрежеде болғандықтарына қарамастан, өзара ұқсас тақырыптарға қалам тербеді.

Діни-ағартушылық бағыттағы әдебиетке келетін болсақ, бұл топтағы ақындар шығармашылығы өзінше күрделі сипатта болды. Олардың шығармаларының мазмұнын, басты белгілерін атап айтсақ, бірнеше топқа бөлуге болады. Атап айтқанда: біріншіден: олардың діни білімдарлығын, шығыс әдебиетін оның ішінде араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгергендіктерін, дін тақырыбындағы шығармаларға қанықтығын, ел ішінде молда бола жүріп, дін мәселелерімен қатар әдебиетті насихаттағандарын баса айтуға болады. Екіншіден, шығыс әдебиеті туындыларын қазақшаға аудару немесе солардың сюжеттері негізінде өздерінің төл шығармаларын тудыруын және қазақ жұртшылығына шығыстың классикалық әдебиет үлгілерін таныстыруда елеулі қызмет атқарғандарын айтамыз. Үшіншіден айтар болсақ, діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет өкілдерінің шығыстық үлгіде дастандар жазуы, хиссашыл ақындар атануы, хисса дәстүрін жалғастырудағы еңбектері. Осы топтағы қаламгерлердің тағы бір қырлары олардың кітап шығару ісіне айрықша мән бергендіктері және ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін өз беттерінше жинап бастыруы.

Қазан төңкерісіне дейін қаншама ұлы адамдарымыздың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-сықақ, күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпеді. Ал көнеше оқыған ақындарға әнр түрлі айып тағылып, олардың шығармаларын

жұрттан аулақ ұстауға,тіпті оқытпауға тырысты. Кезіндей сондай тыйым салынған қайраткерлердің бірі- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еді...

Болашақ ақын қаршадай жасынан қолына қалам алып ескіше оқыған,ескіше хат таныған. Ол кішкентайынан молданың алдын көрген, оның балауса көк шыбығының «дәмін» тапқан. Өйткені, молда қыбыр-жыбыр еткенді,оқымағанды табан астында жазалайтын. Мәшһүр Жүсіп алғаш қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған абзал жан. Өзінің кімнен сабақ алғаны, қайда оқығаны,кімнің жәрдем-көмек жасағаны бәрі де өлеңдерінде тайға таңба басқандай айтылған, ақын:

Әліп пенен әп жаттап,
Қарамаймын әрмен жат.
Әптиек пен иманшарт,
Сені оқытқан қожа – сарт.
Ұға алмасаң,балалар,
Басқа деген бәледен
Деген құлақ садаға,
Зекеті оның құлақ тарт.

Ақын өзінің қандай хариіптен бастап оқып, одан кейін оны қалай жалғастырғанын жіпке тізген меруерттей мөлдіретіп жырлаған. Мәшһүр Жүсіптің жазған өлеңі болсын, аңыздары болсын, қиссасы болсын – бәрі де оның өмірбаяны, өзін айту арқылы сол кездегі қоғамдық жағдайды, ел тұрмысын жан - жақты сипаттаған. Ақынның өмір сүрген мезгілі – елдің қаймағы бұзылмаған таза кезі. Діннің де, ділдің де жан-жағы бүтін, жұлмаланбаған орын-орнында тұрған шағы еді.

Әкесі көпей алланың ақ жолындағы кісілікті кісі екен. Көпей Мәшһүр Жүсіпті Құйттай күнінен медресеге беріпті:

Артына мінгестіріп алып келді,
Бес жаста бес шақырым жерге берді.
Ал әкесі қайтқанда енді үйіне.
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді.
Атамыз дін жолына белін буды.
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.
Көшенің қақ басынан қуғанынан.
Жеткенше медресеге атпен қуды.
Басқа қамшы тиген соң жаман састым,
Қорғаларға жер таппай әбден қаштым.
Медресеге алып кеп бір-ақ тықты,
Қайтып әкем деместей амандастым.
Байжан хазірет көшесі-қуған көше,
Қамшымен шықпыртқаны әлденеше.
Енесінен түңілген жас қозыдай,
Кім ойлапты бар ғой деп әке-шеше.

Жас шәкірт екі жақты «қысым» көргеніне қарамай, талаптанып іздене берген, үйрене берген, Аллаға сыйынып, алға ұмтыла білген. Ол өзінің

күнделікті молдадан алған дәрісіне қанағат тұтпай, өлең, жыр, дастан жаттаған.

Ақынның өзі айтқандай, өз заманының аса білгірі, ел басшысы мұсаның алдында кідіріп, тоқтамай, бар өнерін көрсетеді, тақпақ оқиды, жыр толғайды, лиро-эпос айтады. Өзінің бірнеше сыйлас адамымен отырған Мұса айран-асыр қалыпты. Әсіресе, жасы егде тартқан қарт адамдарға Мәшһүр Жүсіптің өнері айрықша бағаланыпты.

Ал оның ақын болып қалыптасқан мезгілі медресені бітіріп, өмір көріп, ел-жұртты танып, ел аралаған, есейген кезінде басталды. Осы орайда ақынның «Ағайын» деп аталатын туындысының жөні бөлек, ол:

Аманыңда елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын,
Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын.
Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,
Ашыққанда рақым ғып сақтайтын да ағайын.

Бұрынғылар айтқан емес пе «ағайынның азары болса да, безері болмайды», деп жан – жағыңда туған туыс, жекжат-жұрағат қаумалап тұрса, жаныңды түсініп, жаны ашып тұрса, бақыт деген сол.

Мәшһүр Жүсіп бұдан әрі ағайынның қызық-қызық мінез-құлқын ашады, олардың ішкі жан дүниесін сипаттайды, ол:

Сабыры қалмай,сағынып жүретін де ағайын,
Есіне алып,елжірей білетін де ағайын.
Мақтағанда мамыққа бөлейтін де ағайын,
Алаңсыз сұрап алыстан жөнейтін де ағайын...

Мәшһүр Жүсіптің «Ағайын» атты осы туындысы- халқымыздың ішкі-сыртқы бір-бірімен қарым-қатынасын, туыстықтың жолы мен жөнін, жақсылығымен бірге, теріс жағынан да шынайы көрсете білген, айнадан қарағандай анық суреттеген құнды дүние. Сонымен қатар, бұл өлең нәзіктігімен де, халықтың жанына соншама жақындығымен де, әрі күрделі, әрі қарапайымдылығымен де аса қымбат, елімізбен бірге жасайтын лирикалық жыр демекпіз.

Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет – ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз, десе, өз заманында мәшһүр Жүсіптің өмірі өте күрделі, ауыр болғаны анық. Өйткені, ол досына да, дұшпанына да адалын айтты, турасын сөйледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіп жүріп, Қазан төңкерісіне дейін 1907 жылы бір жылдың ішінде үш бірдей кітабы жарық көрген, олар: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал». Ақынның артында мол мұрасы қалды, бізге аса қымбатты өз қолымен жазып қалдырған қолжазбасының өзі отыз том, бұлар Орталық ғылыми кітапханалар мен архивтерде сақтаулы. Мұнда тарих та, этнография да, шежіре де бар. Осыншама халық байлығы игерусіз жатыр. Мәшһүр

Жүсіп саналы өмірінде дәретсіз жер баспаған, отыз күн оразасын ұстап, бес уақыт намазын қаза қылмаған, аузынан дұғасын, қолынан құранын бірде бір рет тастамаған. Өзінің айтуы бойынша, Алладан басқа тірі жаннан ештеме дәметпеген де, ешкімнен ешнәрсе сұрамаған. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері болсын, мысалдары болсын, дастандары юолсын кестелі де, көркем, тілі шұрайлы. Теңеу, эпитет, метафора, психологиялық параллелизм, салыстырулар көптеп, жан-жақты қолданылған. Осы ретте М.Мағауиннің: «Кей реттерде аллитерация мен ассонанс қабат қолданылады да, өзара астасып, өлеңге ерекше көрік береді», - деген пікірі тікелей Мәшһүр Жүсіп поэзиясына арналып ацтылған секілді. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінде ауыз әдебиет үлгілері, әсіресе мақал-мәтел, тұрақты тіркес, айшықты бояу, табиғаттың әдемі суреттері, адамдар арасындағы ішкі қарым-қатынас, кейіпкерлердің әр түрлі мінез-құлқы әдемі көрініс тапқан, сұлу да кесек, өлмейтін-өшпейтін туындылар!

Ақынның 1940 жылғы 9-сыныпқа арналған әдебиет хрестоматиясына бірнеше өлеңдері енген, олар: «Әкімдер мен қазақ кедейлері», «Бұлбұл мен қаршыға», «Күндіз бен түннің айырмасы». Аталған оқулықты құрастырған Е.Ысмайлов болатын. 1978 жылы жазушы М.Мағауиннің құрастыруымен Ленинград қаласынан шыққан «Қазақ ақындары» атты кітапқа Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» атты мысалы-дастаны енген.

Бұдан кейін де Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері әртүрлі оқулықтарға, ғылыми кітаптарға, әдебиет тарихына, қазақ энциклопедиясына, Қазақ поэзиясының антологиясына енді. С. Дәуітұлының құрастыруымен «Ғылым» баспасынан екі томдық таңдамалы шығармалары және «Жалын» баспасынан «Қазақ шежіресі» атты кітаптары жарық көрді. Екі кандидаттық диссертация қорғалды.

Пысықтауға сұрақтары:

- 1. Мәшһүр Жүсіптің сатиралық үлгідегі өлеңдеріндегі ағартушылық сарын.*
- 2. Мақалаларындағы заман шындығының бейнеленуі.*
- 3. “Сарыарқаның кімдікі екендігі” жинағындағы ұлт тарихы, болашағына қатысты мәселелер.*
- 4. М. Жүсіптің дастандарының тақырыптық ерекшеліктері мен көркемдік ерекшеліктері.*
- 5. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбектері, «Қара мес» мұрасы және оның мәні*

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

- 1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002*
- 2. Көпеев М.Ж. Шығармалары Екі томдық. Алматы 1990-1992*
- 3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер А. 1966*

4. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994*
5. *Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. (Екі томдық шығармалар жинағы). Алматы: «Ғылым», 1990.*

№3. Дәріс тақырыбы: Мақыш Қалтайұлының шығармашылық өмірбаяны. Нұржан Наушабайұлының өмірі мен шығармашылығы.

Дәріс мақсаты: М.Қалтайұлының өмір жолы, оның ағарту саласындағы еңбектері. Өлеңдері, мысал жанрындағы кітаптары. Н.Наушабайұлының шығармашылық өмірбаяны. Ақынның «Назымдары» және олардың көркемдік деңгейі.

Тірек сөздер: діни білім, адамгершілік пен имандылық, мысал жанры, шағатай тілі, жаңа ұғым, ауыз әдебиеті дәстүрі, қазақтың шығу тегі.

Дәріс мазмұны: Мақыш Қалтайұлы Ақмола облысы Қараөткел маңында дүниеге келген. Талмай оқи-оқи, өз бетімен іздене жүріп, ел арасына аты тарайды, ел «молда Мақыш» немесе «Мәшһүр Мақыш» деп құрметпен атайды екен.

М.Қалтайұлы да туған-өскен елін елін, кір жуып, кіндік кескен жерін суреттеген, ақын «Қалтайұлының қазақ ахуалынан бәхас еткен мәнзумасы» атты кітабында:

Атым – Мақыш, Қалтай дер атам атын,
Бадам аты – Едіге, қазақ – затым.
Ақмоладүр дуаным, Қыпшақ руым,
Әр жерде саясатпен болды жүруім,
Туған жер Есіл, Нұра болсадағы,
Қушоқы деген жерде бүгін тұруым.

Елін, өз Отанын барынша сүйген Мақыш Қалтайұлы есін біліп, етегін жапқан соң, бірыңғай жазушылықпен айналысуды өзіне мұрат санайды. Осы жолда аянбай тер төгеді, күндіз-түні жазған өлеңдерінің басын қосып, құрап, алты өлең кітабын шығарыпты. Олар: «Қалтай ұғылының қазақ ахуалынан бәхас еткен манзумасы», «Қазақтың айнасы», «Тура жол», «Бар оқиға», «Сақ-сұқ», «Насихат қазақия».

Жасынан қисса – дастан, толғау оқып, халықтың қара өлеңін, әнін, күйін тыңдап өскендіктен, М.Қалтайұлы өз ойын, бүкіл үміт-арманын өлеңмен толғапты. Ол қуанса да, күйінсе де өлеңмен сөйлеген. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: «Мақыш – ақын. Өлгі кітаптарын ол тегіс өлеңмен жазған. Мақыштың өлеңдері қазақтың, шығыстың, бұрынғы ауызша, жазбаша әдебиетінің дәстүрінде өлең-жыр, дастан-қисса, назым-мысал, нәзира үлгісінде келеді. Соларды ақын өзінше қиыстырған. Ол шығармаларында кітаби, халықтық сөздерді, сөз тіркестерін әрі көп, әрі орынды пайдаланған. Қазақ халқының өлең мәдениетін игерген. Мақыш өлең-жыр, дастан-қиссамен қатар, мақалаларда жазған.

Оның мағыналы, көлемді мақалалары «Қазақ әйелінің бас бостандығы», «Қазақ тілінде кітап шығарудың керектігі» туралы деп аталады.

Ақын елді сауаттандыру жағын көп ойлаған, тіпті армандаған десек те артық айтқандық емес, ол жасөспірімдерге арнап «Сақ-сұқ» деген кітапты татаршадан аударып шығарыпты, бұл Ғ. Рашиди деген ақынның өз кезіндегі

ел-жұртына арнаған асыл дүниесі, бір қызығы қазақтың төл туындысындай қабылданады:

Оқу парыз балаларға,
Оқулыға баға бар ма.
Оқудан үлкен аға бар ма.
Оқу керек ойынды қойып,
Жас уақыт гаһар-жақұт ,
Шегі жоқ шын көңілде тот.
Өмірі өтіп өкінген көп,
Оқу керек ойынды қойып.

Біздің халқымыздың «білімдінің беті жарық, білімсіздің беті шарық» деген қанатты сөзін М.Қалтайұлы жан-жақты толықтырып, тіпті тереңдете жырлаған.

М.Қалтайұлының «Сақ-сұқ» атты аударма кітабы тікелей Ы.Алтынсариннің 1897 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Киргизская хрестоматиясының» әсерімен шықты ма дейміз.

Ы.Алтынсарин де , М.Қалтайұлы да өз өлеңдерін «Алланы» айтып бастап, болашақ ұрпақты адал болуға, білім-ғылымға құштар болуға, ерінбей еңбек етуге, ата-ананы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға шақырады. Екеуі де педогогиканы терең білетін ұстаз екендіктерін, көп оқыған парасатты жандар екенін көрсете білді, ұрпаққа үлгі-өнеге шаша білді.

Кешегі Кеңес дәуірінде бірде-бір жеке кітабы жарық көрмегендіктен, ел - жұртқа онша мәлім емес ақынның бірі – Нұржан Наушабайұлы болатын. Қарғыс атқыр қатаң кезде жарқырап жұрт көзіне көрінбегенмен, Қазан төңкерісіне дейін халық арасында аты, атағы дүркіреп тұрған екен. Ол әрі сері, әрі ақын, әрі күйші, әрі әнші, әрі айтыскер болыпты, бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы бір сырлы» ақынды бүкіл ауыл-аймағы алақанына салып, төбесіне көтеріпті.

Ақынның 1910 жылы Қазан қаласынан «Алаш» деп аталатын ылғи назымнан тұратын кітабы жарық көрген, онда Нұржан Наушабайұлы:

Әй, Нұржан, қаламыңды қолыңа алшы,
Тот алып, кіршік басқан көңілді аршы.
Елу үш жасқа келдің кәрі тарлан,
Қимылда қалған, жоқпа бірер тамашы.
Тозаңың от арбаның түтініндей,
Жүйріктей шабатұғын тимей қамшы.
Құнан жоқ бәйгі әперер тайдан озып,
Сен-дағы алды-артыңа қарасаңшы.

Нұржан Наушабайұлы ауқатты, әлді, бай, бар, уызына жарыған көргенді жерден шыққандықтан, жасынан ел аралап ән шырқайды, ит жүгіртіп, құс салады. Сауық сайранмен ел қыдырады, есі бар азамат ерте оянып, істеп жүрген қылығының бос әурешілік екенін түсінеді. Елі мен жұртына қызмет етпегеніне қатты опық жеп, іштей өзіне-өзі есеп беріп, бұрынғы бозбалалық, бозбастық райынан қайтыпты. Әурешілікпен өткен өмірге қатты қиналған Нұржан Наушабайұлы тебірене өлең жазады:

Қуғанда аллалайды, қашқандағы,

Белгілі әр адамның басқалдағы.
Халінше ырзық іздеп күнелтіп жүр,
Жан иесі құрт-құмырсқа тышқан-дағы.
Жайған торға ілінгенін білмей қалар,
Ақ иық қырын құстар аспандағы .
Кәнеки, әуре болып тапқанымыз,
Жүйрік мініп, сұлуды құшқандағы...

Ақынның шешесі бір жасында қайтыс болыпты да, ол әжесі Ағайшаның тәрбиесінде болыпты. Азан шақырып қойған аты- Нұрмұханбет екен, «Нұржаным, Нұржаным» деп жүріп, сол әжесі Нұржан атандырып жіберіпті.

Нұржан Наушабайұлы бозбала кезінде Бәтима деген қызға ғашық болыпты, ол бойжеткен кезінде қайтыс болып, соның күйігімен жиырма бес жасқа дейін бойдақ жүріпті, артынан Нәзипа деген сұлумен отау құрып, одан үш бала сүйіпті, олар Сұлтанғазы, Дәмет, Үміттер екен. Бұл ару да көп ұзамай қайтыс болып кетіп, он жылдай төсек жаңғыртпай жүріпті.

Іштей құса болып, тек домбыра мен әнді ермек етіп жүрген Нұржанға бірге өскен Сапарғали досы келіп, Нұржанның жақсы көріп жүрген қызы Бибісараға ойламаған жерден хат жазғызады:

Махаббатлу сізге көңіл ауып тұр,
Бұлт басып, басқа тұман жауып тұр.
Жамалыңа ынтық болып ауырдым,
Тап дауасын бұл дертімнің , сауықтыр.
Бойымды алды бетке тиген лебің,
Жанып отыр көрсем тоймай жүрегім.
Арманда боп өттім енді қайғымен,
Басқа жанға ауып кетсе тілегің...

Нұржан мен Бибісара қосылғанмен араларында бала болмай қатты қиналған.

Ақын жасында серілік құрып, сауық - сайранды қызықтағанымен, ес тоқтатқан соң, ел – жұрттың хал-жайына көңіл бөліпті. Өз кезіндегі кедей, жадау-жүдеу жандарға қолының ұшын беріп, көмектескен екен...

Әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші, «сегіз қырлы, бір сырлы» Нұржан Наушабайұлы бұл жалғанмен 1919 жылы жылы 63 жасында қоштасыпты.

Ол ел-жұртты аралап, жер көрген, ел таныған тұлпар міріп, топқа кірген, қыран құс, жүйрік тазы ұстапты, палуан да болған. Той-топта қыз-келіншектермен өлеңмен қағысқан, ақындармен айтысқа да түскен. Соның ішінде Сапарғалимен жұмбақ айтысы ерекше.

Б. Кенжебаев ақынның өнері, өмірбаяны жайлы құнды пікірлер айта келіп: «Жасынан мұсылманша оқуды көп оқиды, әбден жетіледі. Отыз жасынан бастап өлеңмен айналысып, ақындық жолына түскен» дейді.

Н. Наушабайұлының артына қалдырған мұрасы мол болуы мүмкін, оның көзінің тірісінде үш кітабы жарық көріпті. «Манзумат қазақия» өлеңдер жинағы 1903 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспаханасынан жарық көрсе, «Жұмбақ» деп аталатын дүниесі 1903 жылы жеке кітап болып

шығыпты. «Алаш» атты өлеңдер жинағы 1910 жылы Қазан қаласынан өз алдына кітап болып басылып шыққаны белгілі.

Ақынның жоғарыда айталған кітаптарынан басқа да бірнеше айтыстар мен мысалдары бар, олар: «Нұржан мен Бибісара», «Нұржан мен Сырға қыз», «Нұржан Наушабайұлы мен Сапарғали Нұрымұлының айтысы», «Өгіз бен есектің хикаясы», «Түлкі мен әтештің хикаясы».

Н. Наушабайұлының артында қалған мұрасын зерттеу, қарастыру жұмысы мектеп оқулықтары мен хрестоматиясын даярлау ісімен тікелей қатысты еді. 1941 жылы Е. Ысмайыловтың IX сыныпқа арналған әдебиет оқулығын айтар едік.

Профессор Б.Кенжебаев ғылыми еңбектерінде ақынның өмірі мен шығармашылығына біршама тоқталады. Бұдан басқа да «Қазақ ССР тарихында» сөз болады. Ал М.О.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының бір топ ғалымдары бірлесіп «Ғылым баспасынан шығарған кітапта Нұржан Наушабайұлына арналған жеке тарау бар.

1997 жылы ақынның А.Шаяхметтің құрастыруымен «Алаш» атты кітабы жарық көрді.

Н.Наушабайұлының ортасы кілең өнерлі адамдар екен. Әсіресе атақты педагог, ақын Ы.Алтынсариннің ақыл - кеңесін, тәрбиесін көріпті. Халқымыздың ғұламасы Мәшһүр Жүсіппен қарым-қатынасының болғанын оған арнаған өлеңінен білеміз.

Ақын Сапарғалимен бірге өскен, бірге ойын-сауық құрған құрбысы болған, ол өлеңді, өнерді сүйген сері жігіт екен. Екеуі жұмбақтап айтысыпты.

Нұржан Абайды ұстаз тұтқан, ұлы ақыннан үйренген, оған еліктеп өлең жазғаны да бар.

Ақын Алланы бір, пайғамбарды хақ, Құранды шын деп білген. Н.Наушабайұлы бүкіл дүниедегі жанды-жансыздың қожасы жалғыз жаратушы ие деп түсінеді.

Н.Наушабайұлының поэзиясы көркем, онда теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдохалар жиі қолданылады. Мысалы:

Аянбай болды күндер аңыз басқан,
Құрбының мәжілісте көңілін ашқан.
Созылып ән эбомы кетуші еді,
Түтіндеп желсіз күні жоғары ұшқан.

Адам баласы қашан да жақсы серік, жақын жолдас, айырылмас берік достық іздеумен келеді. Бұл өте күрделі мәселе екенін, әсіресе, ақындар жырлап келеді.

Ақын ел, оның тағдыры туралы тебіреніп жырлайды, достықты сөз етсе, тереңнен тербеп, шымырлата, әріден іліп – тартып, оқушысына ой сала, толғандырады. Дос-жолдастың бағасын, мән-маңызын жете түсінбейтін, тіпті түсінгісі де келмейтін кейбіреулерге ашына, күйіне айтатын секілді.

Н.Наушабаев халқымыздың қолы биікке жетсе, тек өнер-біліммен ғана жетеді, оқиық, білейік, үйренейік, сонда ғана ел қатарына қосыламыз деп жырлаған. Мұнымен қоса, ел бірлігін сақтайық, Жиренше секілді биімізден ғибрат алайық деп те толғаған.

Ол тарихымызда көркемдігі жоғары өлеңімен, шиеленіске толы айтыстарымен ұзақ жасай бермекші.

Пысықтау сұрақтары:

1. М.Қалтайұлының мысал жанры саласындағы еңбегі.
2. Өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, діни – ағартушылық сарындары.
3. Н.Наушабайұлының ауыз әдебиеті дәстүрін ұстануы.
4. Шығармаларының тақырыптың стильдік ерекшеліктері.
5. М.Қалтайұлы, Н.Наушабайұлы шығармалары жайында ғылыми зерттеушілер пайымдаулары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- 1.Қалтайұлы М. Шығармалары. Семей,1998
- 2.Наушабайұлы Н. Алаш. Қостанай,1997
- 3.ХХ ғасыр басындағы әдебиет.Хрестоматия. Алматы,1994
- 4.Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы 1993
5. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы,1969
- 6.Әбдірахманов Т. Таланттар тазағлымы. Алматы,1988
- 7.Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы,1969
- 8.ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы,1994

№4. Дәріс тақырыбы: Шәді Жәңгірұлының(1855-1933) өмір жолы мен шығармашылығы

Дәріс мақсаты: Ш.Жәңгірұлының өмірі мен шығармалары. Ақынның имандылық оқу ағарту мәселесіне арналған өлеңдері және Ресей тарихынан жазған шығармалары сөз болады.

Тірек сөздер: шығыс әдебиеті, халықты ояту, имандылық, ағартушылық идея, діни аңыздар, бейнелеу құралдары.

Дәріс мазмұны: Қазақ елінің оқу мен өнерді үйренуінің аса қажет екенін насихаттап, халық тарихына, ел-жұрттың тұрмыс жағдайына баса назар аударған, сонымен бірге, арғы-бергі хандарымыздың өмірбаянына үңіліп, бізге шама-шарқынша жеткізген зиялы ақындарымыздың бірі – Шәді Жәңгірұлы екені белгілі. Ақын 1855 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ жерінде дүниеге келген.

Ол жасынан оқып, білім алған, ақынның өмірбаяны жайында ғалым Н.Келімбетов: «Жәңгір (ақынның әкесі – У.Қ.) мал бағып, өз еңбегімен күн көрген момын шаруа екен. Ауылдастары оны Қоқыш деп атаған. Шәдінің анасы Мәуіті асқан әнші, белгілі домбырашы, шешен, сері әйел болыпты. Ол Шәдіні он жасқа келгенше ауыл молдасына беріп оқытады да, 1865 жылы сол кездегі атақты Шаян мешітіне оқуға жібереді. Ол мұнда жеті-сегіз ай ғана оқиды да, келесі жылы Шымкент шаһарына барып, Шығыс тілдері мен әдебиетін жетік білетін Абдулла Шәріп дейтін ғұламадан екі жылдай араб, парсы тілдерін үйренеді. Шығыс үлгілі әдебиетінен көптеген кітаптар оқиды»,- делінсе, артынан әкесі, одан кейін шешесі бірінің артынан бірі қайтыс болып, бір үйдің тауқыметін жастай бір өзі көтерген Шәді Жәңгірұлы зергерлікпен де айналысыпты.

Ақынның ауыл адамдарына жасында жазған әр түрлі өлеңдерімен бірге, сол кездегі жемқор би мен болыстарға, сараң байларға арнап жазған сықақ туындылары да баршылық. Алайда, жасынан шығыс классиктерін оқып, солардан сусындаған таланттың негізгі шығармашылығы – дастандары еді. Олар: «Хикаят Орқа-Күлше», «Хикаят Қамарзаман», «Хақымтайдың хикаясы», «Тарихат» (Абылайхан жайында дастан), «Хикаят Халифа арон-Ар Рашид», «Назым сияр Шәриф», «Тарихнама», «Назым Чәһар дәруіш» т.б. туындыларының бәрі де уақиғасы қызық, қақтығысқа құрылған тәуір дүниелер екені сөзсіз.

Шәді Жәңгірұлының көп жыл ізденіп, көз майын тауысып жазған атақты дастаны – «Назым сияр Шәриф» атты туындысы. Бұл шығармада Мұхаммедтің (Ғ.С.) туғаннан өлгеніне дейінгі барлық өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім еді, туған туысы – бәрі-бәрі түп-түгел жырда көрініс табады.

Ақынның мәліметі бойынша, соңғы пайғамбар Мұхаммедтің тумай жатып жетім қалғанын білеміз, көптеген діни қолжазбаларда Алланың елшісін жетім өсті дейтін, ал қалай жетім қалғандығы жайында осы дастандай жан-жақты түсіндіріп айтқан емес.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты бұл дастанында пайғамбарымыздың жиырма бес жасында қырық жастағы Хадиша атты жесір әйелге үйленгенін де жырлайды, Меғражға барып, Алланың нұрын көргенін де толғайды. Қаншама кәпірлерді ислам дініне кіргізіп, күндіз-түні аянбай, Алла жолында қызмет еткенін, мұнафиықтарды (екі жүзді) ешқашан аямайтынын, күллі мұсылманды бір ел, бір туыс, бауыр деп санайтынын да жан-жақты түсіндіріп, әр қырынан жырлапты.

Ақын кітаптың соңында: «Пайғамбар көптеген «кереметтерді» оның атына беталды жапсыра берушілік әдеттерді жоққа шығарып отырған, тек қасиетті «Құранды» ғана өзгеше бағалап, кереметтердің ішіндегі кереметі санады, оның теңдессіз артықшылықтарын дәлелдеді, аспаннан түскен асыл ретінде табынып өтті», - десе, біз де Құранды өте жоғары бағалаймыз, Алланың ақ сөзі деп кереметтей қастерлейміз.

Күллі мұсылман баласы үшін Алланың ақ жолынан асқан құдірет бар ма, тазалық та сонда, ғылым да сонда, күш те сонда, өнер де, білім де сонда. Осы исламды бірінші жолға қойған, оны жан-жақты таратқан, әлемнің әр түкпіріне қанатын кең жаюына аянбай еңбек еткен Мұхаммед (Ғ.С.) – күллі адамзаттың пайғамбары болса, «Құран кәрим» - бар адам баласының, оның ішінде мұсылмандардың аса қасиетті кітабы болып саналады.

Бізге осы жағдайды жан-жақты жеткізе жырлаған Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты кітабы әрбір мұсылман баласы үшін, әсіресе, қазіргі жастарымыз үшін қадірлі.

Ақынның атын-атағын халыққа кеңінен жайған туындысы – «Тарихат» (Абылайхан жайында дастан) дер едік. Бұл шығарма ханның жастай жетім қалып, қаншама қорлық-зорлық көріп, арқа еті арша, борбай еті борша болып, істің ақырын бір Алла өзі қолдап, хан болуымен аяқталады. Осы

туынды қай жылы жазылды, ол жағы белгісіз, Шәді Жәңгірұлының көзінің тірісінде еш жерде жарияланбаған, қолжазба күйінде тараған, тек 1993 жылы С.Дәуітұлы құрастырған «Абылай хан» атты кітапқа еніпті.

Дастанда Абылай ханның әр түрлі жорықтарымен бірге, оның жекпе-жекке шыққан қиян-кескі сайыстарына дейін өрнек тапқан.

Шәді Жәңгірұлының Абылай ханның өмірінен алып жазған дастаны тарихи шындыққа үйлесетіндігімен де, ханның биік парасатын, Асқақ арманын бере білуімен де құнды дүние. Абылай ел үшін, жұрт үшін жанын аямай еңбек етсе, халқы да оны алақанына салып аялады, құрметтеді, қадірледі. Хан қара Бұқараның арқасында ғана алтын таққа отырып, биік лауазымға көтерілді. Біз XVIII ғасырды айтсақ, Абылайды атамай тұра алмаймыз, өйткені сол заманға лайық Абылай Ханның өзіндік тұлғасы бар. Ханның қыруар еңбегі, ақыл-ойы, арман үміті Шәді Жәңгірұлының дастанында жан – жақты жырланған.

Шәді Жәңгірұлы ел аралап, кітап таратқан, халықтың сауатын ашқан, өзі алланың ақ жолынан қылдай таймай, түзу жүріп, түзу тұрыпты. Аса еңбекқор ақын майшамның жарығымен ұзақ отырып, көп жазып, сарыла оқыған, сол жазғанын кітап етіп бастыру үшін орасан алыс жол жүріп, бір тынбай, қажыры мен қайратын қатар жұмсапты.

Кеңес заманында Шәді Жәңгірұлының туындысын «идеямызға жат» деп бүркемелеп, жасырын ұстап келгені анық, осы бір жайды Ә.Тәжібаев ашына толғайды: «Бұған дейін Шәді туралы сөз айтылмайды, өйткені, көркем әдебиетімізді тану және оның ғылымын жасау, тарихын жазу ісіндегі солақайлықтар сонау бастан Шәді еңбектерін жат көрсетіп, әдебиет оқитын қауымнан жабық ұстады да, ақынның өмір тарихы да жаңа жұртшылыққа бейтаныс күйде қалды. Сондықтан бұлдыр бейнені анық көру, жаңа бір ақынды тыңнан ашу, онымен тілдесу, сырласу, оның мінез – құлқын, әдет-салтын, дүниеге, қауымға, сұлулыққа көзқарасын білу, қай жағынан алсақ та қажет екен».

Ақынның бар тірлігі ғылым іздеумен өтті, ол Мұхаммедтің өмірбаянын терең де, жан-жақты зерттеді деп жоғарыда айттық. Алайда, Шәді Жәңгірұлының жазғаны тек пайғамбарлар мен хандардың өмір тарихы ғана емес еді, халқымыздың салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін де мол жырлаған. Жұртты оқу-білімге, өнегеге үндеген, қажырлы еңбек, ынталы жүрекпен қызмет етудің керектігін ескертіп отырған.

«Ештен де кеш жақсы» дейді ғой халқымыз, көп жылдай жабылып келген перденің беті ашылды, қазір Шәді Жәңгірұлы сияқты жұртын, жерін, дінін бар жанымен сүйген ғұлама жандарымыздың туындысын оқып, зерттеп өз халқына терең түсіндіру, күрделі ғылыми еңбек жазу ауадай қажет демекпіз.

Пысықтау сұрақтары:

- 1. Ш. Жәңгірұлының шығармашылық өмірбаяны.*
- 2. Діни –ағартушылық көзқарастары.*
- 3. Ресей тақырыбындағы шығармалары, өлеңдері.*
- 4. Ақынның шығармаларының зерттелу жайы.*

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. *Бес ғасыр жырлайды. 1 том. Алматы 1993*
2. *Бес ғасыр жырлайды 2 том. Алматы 1995*
3. *Қазақтың көне тарихы 2 том. Алматы 1967*
4. *Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым 1998 А.*
5. *Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғ. бас кезі) Алматы, 1993*
6. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994*
7. *Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 томдық, 2 том, 2-кітап. Алматы, 1998*

№5. Дәріс тақырыбы: Тұрмағамбет Ізтілеуовтың (1882-1939) өмір жолы мен шығармашылығы

Дәріс мақсаты: Т.Ізтілеуовтың өмірі мен шығармашылығы. Т.Ізтілеуовтың өлеңдері, мысал өлеңдері, рубаяттары. «Шаһнаманы» аударуы және шығармаларының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері.

Тірек сөздер: Бұқара медресесі, шығыстық үлгі, ғылым мен діннің арақатынасы, философиялық түйін.

Дәріс мазмұны: Сыр бойы ақындарына ұстаздық жасап, қисса әдебиетіне жол салған, жазба әдебиетіміздің шығыспен байланысты екінші бір қанатын дамытқан, өлең мен термеге үлкен жаңалық енгізген тұлға. Оның дәстүрін кезінде көптеген Сыр ақындары үлгі тұтқан. Сол себепті Т.Ізтілеуов өзіндік дәстүр, мектеп тудырған поэзия дүлдүлдерінің бірі ретінде бағаланады. Қисса әдебиетіне 1900 жылдан ден қойған ақын кеңес дәуірінде бұл өнерін дамытып, кемелдендіре түсті. Көзі тірісінде халық ақыны ретінде танылған Т.Ізтілеуовтың қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орны да елеулі.

Т.Ізтілеуов 1882 жылы бүгінгі Қызылорда облысы Қармақшы ауданына қарасты Ленин атындағы совхозда шілденің 9-ы күні туылған. Жастық шағында Бұхарға барып, алдымен «Мір Ғараб», одан соң «Көкілташ» медресесінде тәжік халқының үлкен ойшылы Садриддин Айнимен (1879-1955) бірге оқып, араб, парсы, шағатай әдебиетімен танысқан.

Оқуды аяқтаған соң көп уақыт ауылда мұғалім болған Тұрмағамбетті отызыншы жылдардың орта кезінде Қазақстан Оқу комиссариаты Алматыға алдырып, қызмет береді. Бүкіл шығыс елдеріне мәшһүр «Шаһнама» дастанын аударуға жағдай жасайды. Бірақ кейінгі тағдыры баянды болмай, ақын 1939 жылдың 15 мамыр күні қайтыс болады.

Қазірде Т.Ізтілеуов құрметіне ескерткіш-күмбез орнатылды. Мұның өзі халқының ақынға деген зор ілтипаты, үлкен құрмет белгісі еді.

Рас, арғы жерді айтпағанның өзінде, күні кешеге дейін Тұрмағамбетті молда санап, оның басына орнатылған ескерткішті де артық көргендер болмай қалған жоқ.

XX ғасырдың бас кезінде Сыр бойында жазба түріндегі қисса, айтыс поэзиясы айрықша өріс алған еді. Т.Ізтілеуов осы жаңалықтың басында тұрған адам. Сыр елінің айтыс ақындары мен шайырлары – Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нақыптар термені бір ұйқаспен жазатын болған. Мұндай шұбыртпалы ұйқасты Қарасақал Ерімбет, Даңмұрын, Шораяқтың

Омары да осы Тұрмағамбеттен үйренген еді. «татулық – таусылмайтын кен секілді», «желге ұшқан кенді жұмбақ ебелекше», «қолайлы қой дегенің иман шығар, осы жер мейманыңа сыйған шығар» деп келетін қос ұйқас – сол Т.Ізтілеуов енгізген жаңалық болатын. Тұрмағамбет мектебіндегі қара өлеңнің бунақтары 3-4-4 болып келетін болса, мұның өзі Сыр бойында ән-жырдың жаңа түрлерін тудырған. Соның бірін – 4-4-3, 4-4-3 болып келетін «түрікмен күйі» өлшеуі дейміз. Поэзия мен музыкада қатар туған бұл реформаны бірден түсіну оңай емес.

Ақынның тағы бір ерекшелігі - өлеңдерінің дыбыстық құрылысында аллитеррация мен ассонанстың інжудей төгіліп тұруы. Шораяқтың Омары Тұрмағамбет поэзиясының осы ерекшелігін алғаш түсінгендердің бірі еді. Оның баласына жазған хаты, «Көріп кет келіп, Жәке, жан барында, жан жатыр ескіліктің аңғарында» деген стилі Тұрмағамбет мектебінің жемісі болатын.

Бізде өлеңді тақырыптан, жанрды автордан бастайтын әдет бар. Әр түрлі әдісте, жанрда көрінген Т. Ізтілеуовке бұл өлшем тура келе бермейді. Асылы, Тұрмағамбет поэзиясын стильдік ерекшелігі, шеберлік мәселелерінен бастаған жөн. Стилі – шығыстық реализм, шеберлігі - өлеңдерінің дүрлігінде, метафоризмінде болса керек. Онда тақпақ, нақыл мен ғибрат, рубаи, афоризм, қисса, бойын жасырған сатирашылдық бар.

Қабанға қарсы ұмтылма ер дегенге
Сортапқа тұқым шашпа – жер дегенге,
Ұялып орын таппай қалмаңыздар
Төменнен тұра ұмтылма төр дегенге.
«Артық па ата-тегі осының» деп
Таласпа талабы асып өрлегенге.
Басыңы бақыт қонып, халық айналса-
Көзің сал көкірегі шерлегенге.
Жармақты «жаман ас» деп теппе аяқпен
Қарныңды қазы-қарта кернегенге.
Қалайша күнелтем деп қайғырма бос
Қораңнан қой мен қозы өрмегенге.
Таңдағы тамағыңа еңбек кепіл
Дей көрме: «өлі балық - өлмегенге!»
Бермендер ер екен деп ел билігін
Құлашын құр далаға сермегенге.
Аңласақ адам сыры басқа-басқа
Белгілі бедеу сыры ерлегенге, -

деген жолдар анық нақыл өлең үлгісі.

Айтыс поэзиясына ақын айтарлықтай елікпеген. Шын мәніндегі жана лирика оның кеңес тақырыбындағы өлеңдерінен басталады. Соған қосарымыз: Тұрмағамбет стилі Балқы Базар толғауларына ұқсамайды. Ақын Науаи, Сағди, Низами, Бабур дәстүрінде көрінген, көбіне қисса әдебиет өкілі-шайыр болғандықтан, фольклор стилінен түгелдей кеткен. Балқы Базарда сарындамалы стиль, романтизм сарыны бар. Ал Тұрмағамбетте нақыл сөз, тақпақ, қисса тұсында реализм басым жатады. «Білім – арзан, білу- қымбат»,

«кепкен жарылады, іскен жарылады» деген сөздерді қай жанрға қосар едік? Мұндай сөз үлгісі шығыстан ғана келді ме екен? Оқу-білім, әділет пен қиянат мәселелерін ақын қазақ өмірінен алып жырға қосқан. Би – болыстардың алармандығын сөз ететін өлеңдері қаншама! «Бар мен жоқ», «Ал менен бер» деген жолдарды ғибрат дейміз бе, сын дейміз бе? Аз күн кісі болып, елге қысым көрсеткен өзіншіл типтерді ақын:

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады
Шабактай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық иісіне жұрт аңсап тұрсын
Не керек құр қарныңның майланғаны.
Кеулінде мен де адаммын деп жүрген көп
Кілегей майға ұқсаған айрандағы,-

деп әжуалап, халыққа қарсы қояды. Мұнысы – сатира.

1916 жылы оқиғасына орай жазылған «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» дейтін өлеңінде Тұрмағамбет баяғы Дулат, Шортанбайларша «адам азды» демейді, керісінше «заман азды», езілген елге бостандық керек дейді:

Заң тозды төресі әділ жан жоғынан.
Тозды жұрт тойып жейтін нан жоғынан.
Қыран құс қайда ұшарын біле алмай тұр
Алып жер ашыққанда аң жағынан...
Жер жүзін жеті зұлмат басып,
Жол таппай жүдеді жұрт таң жоғынан.

Арада бірер жыл өтпей патша тақтан құлап, Қазан төңкерісі болғанда, Тұрмағамбет халықпен бірге қуанып, алдағы күндерден зор үміт күтеді.

1927 жылғы жер бөлінісі, 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу оқиғаларын жырлайды. Бұрын ақын терменің ұстасы болса, енді саяси лириканың шебері болып көрінеді. Бұл кезде Тұрмағамбеттің термелері ғана емес, ХХ ғасыр басында өрістеген Сыр ақындарының айтысы да фольклор стилінен кеткен жазба әдебиет үлгісінде көрінеді.

Ор, ор қоян, ор қоян,
Ор қоян атлы бір қоян.
Он екі көжек атасы,
Қаудырқұлақ шал қоян.

Немесе:

Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,-

дейтін фольклор стилі Шалкиіз, Қазтуған, Балқы Базарда да, Тұрмағамбетте, оның шәкірттері – екі Жүсіп, Нақып, Шораяқтың Омарында жоқ. Бұл реттен фольклор дәстүріне сүйенген Базар жырау мен жазба әдебиетке бет бұрған Тұрмағамбет поэзиясының айырмасы елеулі. Базар жырау романтикалық толғау айтса, Тұрмағамбет реалистік, жазбалық терме стиліне көбірек мән берген, оны реформалаған. Толғау - романтикалық поэзия, терме – реалистік поэзия жанры болды. Әрине, Тұрмағамбет тілінде араб, парсы, шағатай әсері жоқ емес. Бірақ соның өзі де жазба әдебиет үлгісінде көрінеді. Ол жазбалық қисса, термеге жарасымды болған.

Т.Ізтілеуовтің ақындық стилі Орта Азияның ортағасырлық реализмінен туған еді. Сол стильді ақын «Назымға» енген жеті қиссада қолданған. Ондағы сатира элементі – Науаи дәстүрінің көрінісі. Рас, Науаи хандарға кәнізек болған әйел правосын жақтап, ұлы махаббат дастандарын тудырса, әділет пен зұлымдық күресі түрінде жырлайды. Сонда Тұрмағамбет Науаидің романтизмін емес, реалистік сатирасын ғана алған болады. Бұл да шағатай әдебиетіне тән реализм. Тұрмағамбет сюжеттерінің өзі де шығыстық еді. Оның шығармашылығында қазақтың термесі де жаңарып шыға келген. Бұл жаңалықтың мәнін кем бағалауға болмайды.

Т.Ізтілеуовтың қисса стилі де елеулі. Жеті қиссасын айтпағанда, оның «Шаһнамасы» қиссалардың алыбы еді. Ақын үшін қисса – реализмнің басы. Орта ғасырдағы махаббат дастандарында адам арманын жырлайтын романтизм болса, Тұрмағамбет осы стилдің өзін де жатық реализм стилінде жырлайды.

Қисса әдебиетінде шығыс феодализмінің сыны жоқ деуге болмайды. Бұл әдеби мұралардың бізге тілінен гөрі, тамшыдай болса да философиясы қымбат. Мысалы, аспан мифологилсына өзгеріс жасау - ислам идеясын сынаудың бір түрі, Ренессанстың бір көрінісі. Тұрмағамбеттің жеті қиссасында феодализм болмысы өткір сыналған. Олай болса ақынның «Шаһнама», жеті қиссасына берілетін бағалар жаңаруға тиіс.

Пысықтау сұрақтары:

- 1. Т.Ізтілеуовтың шығармашылық өмірбаяны*
- 2. Сатиралық үлгідегі өлеңдері*
- 3. Т.Ізтілеуов поэзиясы*

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1. Бес ғасыр жырлайды. 1 том А. 1993*
- 2. Бес ғасыр жырлайды. 2 том А. 1995*
- 3. Т. Ізтілеуов Назым. Алматы 1972*
- 4. Қазақ поэзиясының антологиясы :1993*
- 5. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. А. 1994*
- 6. Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. Алматы, 1985*

№6. Дәріс тақырыбы: Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолы мен шығармашылығы.

Дәріс мақсаты: Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. Лирика жанрында өнімді еңбек етуі. Ақынның поэма жанрында Абай дәстүрін жалғастыруы, аудармалары.

Тірек сөздер: реалистік әдебиет, шежірелік тарих, оңаша тіршілік, философиялық толғаныс, реалистік лирика, Абай дәстүрі, халықтық жыр үлгісі, ағартушылық идея, тарихи фон, этнографиялық деталь, драматизм, махаббат бостандығы, Шыңғыс тауы, нәзира үлгісі, Физули нұсқасы.

Дәріс мазмұны: Қазақтың көрнекті ақыны, көсемсөзшісі, ағартушысы Шәкәрім Құдайбердіұлы есімі қазір өз халқына қайтып оралды. Ол 1858 жылы туып, 1931 жылы қызыл диктатураның қанды қылышынан мерт болған оқымысты, қайраткер, ұлы ұстаз.

Шәкәрімнің әдеби мұрасы да жоғарыда айтылған кеңестік идеологияның кесірінен халқынан жасырын ұсталды. Бірақ оның шығармашылығы архивте жатқанымен, там – тұмдап ел арасында жасырын таратылып та жүрді. Бірақ Горбачев заманының жылымық сәтінде Ш. Құдайбердіұлы ақын ретінде ақталып, мұрасы жарыққа шықты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» қаулы қабылдап, нақақтан күйген халық ардақтысын қайта тірілті.

«Шәкәрімнің әдеби шығармашылығы идеялық – тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Жалпы алғанда, оның шығармашылық мұрасы мол да, мағыналы және ол ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдарға «үнсіздік» пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» делінген ол қаулыда.

Иә, ақталу мен халыққа оралу үлкен жеңіс болды. Бірақ кешегі, 1988 жылдың өзінде адамның жеке көзқарасы үшін айыптау принципі өзгерген жоқ еді. Мәселен, қаулыдағы мына тұжырымдарға назар аударалық: «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі» және «Мұсылмандық шарты» деп аталатын кітапшалардан басқа барлық шығармалары еңбекшілер тәрбиесіне зардап тигізерлік зиянды идеялардан мүлдем ада екені өз алдына, олардың қоғамымызды рухани байыту ісіне, оның гуманистік және адамгершілік мұраттарын бекітуге қызмет ететіндігі туралы комиссия ұсынған тұжырымдар мен ұсыныстарға келісті. Ақынның уақытша жаңылысуы мен қателесуіне келсек, бұл оның дүниетанымындағы белгілі бір шектеуліктің көрінісі ретінде бағалануы керек».

Бұл нені меңзейді? Баяғы діни – ағартушылық көзқарасы үшін айыптаудың өзі. Шәкәрім қажы «уақытша жаңылысқан да, қателескен де» емес. Ол адамның бойындағы рухани тазалық пен имандылық шарттарын дүниетанымының ең нәрлі өзегі санаған. Сондықтан да діни схоластикаға ұрынбай, діни – ағартушылық ағымның әсерін бойына сіңірді. Әрине, көп оқыған, білімді жан алдыңғы ғасырдағы қоғамдық ой – сананың өрбуі жолын жетік білген. Абай мектебінен өткен адамның бұл жолды одан әрі тереңдете түспеуі мүмкін емес еді. Оны түсіну үшін ақын өскен ортаға, оның әдеби әлеміне әсер еткен мектеп туралы айтпасақ болмайды.

Ақын жүрегі шерлі, ақын жүрегі мұңлы. Өйткені ол заман алмасар өліара шақта өмір сүрді. Сондықтан да ескілікке бой ұрмай, санадан соны соқпақ іздеді. Оны тапты да. Ол діни – ағартушылықтан басталып, еуро – демократиялық озық ойға ілінді. Толстойдың өмірі мен көзқарасы оған қатты әсер етті. Пушкинді таныды, ел, жер жағдайын жүрегіне тоқыды. Сөйтіп, императорлық географиялық орыс қоғамының Батыс Сібір бөлімшесіне мүше болды.

1904 жылы Шәкәрім ұлы ақын ағасы Абайдан айрылды. Шығармашылық және рухани дағдарысқа ұшырады. Сөйтіп, 1905 -1906 жылдары Құнанбай атасының жолымен, қажылыққа барып қайтты. Бұл кезде Шәкәрім 48 жаста болған. Бұдан шығаратын қорытынды, Шәкәрім ешқашан діннен безбеген. Ол діннің имандылық шарттарын сақтай отырып, ғылым,

білімді игеру қажеттігін алға ұстанды. Бұл ретте Шәкәрім өзінің алдында өмір сүрген Ақмолла, Әбубәкір, Мақыш, Нұржан, Шәді сынды ақындармен үндес.

Шәкәрім 72 жасқа аттаған соң, жоғарыда айтқанымыздай, өмірдің күйкі тіршілігінен шеттеп, бойында жинаған бай білімді жинақтап, артына әдеби мұра қалдыру мақсатында, Шыңғыстау бөктерінде жалғызділікті күн кешеді, жаламен түрмеге қамалып, ақталып шығады. Одан «Алаш» партиясында болды деп айып тағылды. 1931 жылдың 2 қазанныңда оны чекистер атып кетті. Халық жауы ретінде Кеңес үкіметінің қызыл идеологиясы оның есімін тарихтан мүлдем сызып тастауға 57 жыл бойы алысты. 1958 жылы КСРО Бас прокуратурасы Шәкәрім Құдайбердіұлын толық ақтады. Бірақ әдеби мұрасы сол жабулы күйінде қалды.

Қазір Шәкәрім мұрасы толыққа жуық жарияланды, халық мұрасына, халық игілігіне айналды. Халқына қайта оралған ақын мұрасының бір саласы діни – ағартушылық көзқарасы туралы бұрынғы зерттеушілер де, қазіргі әдебиетшілер де көбінесеаттап өте шығады. Сондықтан да бұл тарауда Шәкәрім Құдайбердіұлының бар мұрасы емес, оның діни – ағартушылық дүниетанымына қатысты шығармалары туралы сөз болады.

Бала күнінен бес уақыт намазға жығылып, «Алланы бір, пайғамбарды хақ, құранды шын» деп өскен Шәкәрім ақын дәретсіз жер баспаған, күндіз – түні жалғыз ием жаратқан Алланы есінен бір сәт те шығармаған, болыс болып, ел басқарып жүрсе де әділдігінен таймаған, «қайраты мен ақылын» қатар ұстаған аса сабырлы жан болыпты. Ақын өзінің «Шошыма, ойым, шошыма» атты өлеңінде:

Шошыма, ойым, шошыма,
Келмейді жындар қасыма.
Таһараты жоқ сайтан,
Жоламас менің қасыма.
Қажыма, ойым, қажыма,
Қарама тозған жасыма.
Адаспасаң ақ жолдан,
Қонады бақыт басыңа.
Билет бәрін сабырға,
Кірме ажалсыз қабырға.
Сырласатын күн туар,
Жан қияр жақын тамырға!

Ақын осы бір кішкентай ғана өлең жолдарымен мол дүниені айтты, денесі таза, жаны пәк, көңілі мөлдір жанның айналасы тұрмақ, маңына да жын – шайтанның жоламайтынын, ондай пендесін Алланың өзі жарылқап, бақытты ететінін терең толғапты. Шәкәрім Құдайбердіұлының қатты ескертіп айтқан тағы бір күрделі мәселесі – ол әрбір мұсылман өз ажалымен талқаны таусылған күні, Алладан шынымен пәрмен келген мезгілде пәни дүниеден бақи дүниеге өтуі керек екен. Өзіне - өзі қол жұмсап, «ажалынан үш күн бұрын» өмірден өткен адам ислам дініне қарсы келген болып табылады, ол кісі бес уақыт намаз, отыз күн ораза ұстағанмен, діни бөтен кәпірлердің қатарында болмақ.

Дінге байланысты қаншама дастан, кітап, шежіре оқысаңыз, соның бәрінде сопы жайында жазылса, олардың көбісі еңбек етпейді, қалғып – мүлгіп босқа тілеу тілеп отырады. Ал, ислам діні ондай босқа қарап отырған, еңбек етпейтін, біреудің үстінен күн көретін жалқауды, жалаң жалбарынуудан басқаны білмейтін жандарды жақтырмайды, тіпті кінәлі – күнәлі деп санайды.

Ақынның халық ішіне кең, молынан тараған атақты кітабы 1911 жылы Орынбор қаласынан жеке кітап болып жарық көрген «Мұсылмандық шарты» екені зиялы қауымға белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлының осы туындысында мұсылман баласы қайтсе күнәдан тазарады, қайтсе сауапқа ие болады, соның бәрі түсіндіріліп, жан – жақты айтылған.

Осы аталған кітапта мұра жайында, қарыз – құрыз туралы да, ең аяғы малды қалай бауыздау керектігін де кеңінен баяндаған.

Шәкәрім тек ақын ғана емес, жан – жақты талант, ол көп дүние тындырып, мол мұра қалдырған ғұлама. Біз оның «Қалқаман – мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Мұтылғанның өмірі» сияқты шебер жазылған дастарынан тарихымыздың қатпар – қатпар сырларын ұқсақ, кешегі ата – бабамыздың жан сырын, асқақ арманын да сезініп білгендей боламыз.

Ақынның жастай зер сала оқығаны, араб – парсыны жақсы меңгерумен бірге, түркі тілдерінде заманында шыққан ғылыми дүниелерді аударып – төңкергені өмірбаянынан белгілі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тарихи жағдайдың қалай, қай кезде болғанын ғана қағаз бетіне түсіріп қоймай, оның қандай жағдайда өткенін, сол кездегі әлеуметтік мәселелер жайында да сөз қозғап отырған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының барлық туындысын кеңінен зерттеген, ақынның бір топ өлеңін орысшаға аудартып, ғылыми өмірбаянын жазған М. Мағауин болатын.

М.Мағауин қылышынан қан тамып тұрған аса қиын кезеңде «ерлікке татитын жақсы ісімен жұртшылықты тәнті етті. Ол кейіннен «Шәкәрім» деп аталатын кітап та шығарды, осы аталған еңбегінде зерттеуші: «Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысты оның дінге көзқарасынан айқын танылады. Әлбетте, Шәкәрім - өз заманының перзенті. Ұғым, наным, түсінік шектеулі шеңберде.

Алайда, ақын бас ұрған ақиқат, ождан, шын иман «адаспайтын айқын жол» - адамдық, кісілік. «Атақ, пайда іздемей, - ойында мақтан жоқ болса, - қиянатты көздемей, - қанағатқа тоқ болса», - пұтқа табынған мәжусидің өзі әулиемен тең. Дүние қуып, пайда іздеген, алдау – арбаумен күн өткізген молда, «мешітте мың жыл отырса» да , бейіштің есігінен сығалай алмақ емес. Ақын ұғымында бар кінә иманын малға айырбастаған молда да ғана жатқан жоқ.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегінде ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып, ұждан деген ұғымды береді дейді. Оның өлеңдерінде ұждан, ар, ақыл сөздері жиі кездеседі.

Ақыл білім осындай ар жақтарлық,
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық

Үзіп – жұлып ұятсыз атанбай – ақ
Ақылменен жол табалық ел бастарлық, немесе
...Ғылымсыз болса ақыл тұл
...Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр.
...Дұрыс деме құр сөйлеп
Ақылға сынат, сабыр қыл, - десе ар туралы
Ақ жолдан айнымас
Ар сақта, оны біл,
немесе
Арың сатпа, терінді сат, адалды ізде.

Шәкәрім өлеңдерінің негізгі объектісі – адам. Ол адамды жақсылыққа жетелеп, жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылды. Адам мінез – құлқындағы салақтық, еріншектік, бойкүйездікті сынады. Бұл тұста оның «Сәнқойлар», «Қылжақбас», «Еріншек» деген өлеңдерін жазды.

Шәкәрім адамның өмірін үш кезеңге бөледі. Өмірдің басы – бала, ортасы - жастық, содан соң – қарттық шақ. Осының ішінде ең қуатты жастық шақты ғылымға арнауды насихаттайды.

Шәкәрімнің жан дүниесі – бір құпия әлем. Оған аяқ басу үшін де алып жүрек пен ұлы махаббат керек. Оның өлеңдерінен қатал тарихты жасаушылар мен сол тарихты жасау үстінде қаны жазықсыз төгілген миллиондардың ішіндегі бейкүнә сәбидің мөлт – мөлт етіп төгілген көз жасындай бейкүнә поэзияны «сен дегенім – мен», «бүкіл адам баласы менің бауырым» деп өзі үшін ештеңе сұрап тұрмаған өлеңдегі өмірді көреміз.

Пысықтау сұрақтары:

1. *Ақын өмір жолы мен шығармашылығы*
2. *«Қалқаман-Мамыр» поэмасы*
3. *«Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» дастандары*
4. *«Әділ-Мәрия» романы, аудармалары*
5. *«Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» еңбектері*

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. *Әбдиғазиұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері, 2000*
2. *XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 1994*
3. *Әдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 2002*
4. *Қазақ поэзиясының антологиясы, 1993*
5. *Құдайбердиев Ш. Шығармалары, 1988*

№7. Дәріс тақырыбы: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір жолы мен шығармашылығы

Дәріс мақсаты: Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармашылық өмірбаяны, лирикасы, поэмалары, романдары, көркемсөз саласындағы еңбектері жөнінде түсінік.

Тірек сөздер: демократиялық бағыт, Алашордаға қатысы, романтикалық екпін, лирикалық кейіпкер, психология молдығы, сыншылдық көзқарас, азат өмір, тарихи кезең сипаты, көркемдік жаңалық, мазмұн мен

түр, стильдік ерекшелік, романтикалық шабыт, сатиралық сипат, баяндау үлгілері, сатиралық үлгі, әлеуметтік теңсіздік.

Дәріс мазмұны: Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылдың 28 қазан күні осы күнгі Павлодар облысы Баянауыл ауданында Шоқпыт деген кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Торайғыр – арғы аталарының аты. Жастай анадан жетім қалған зерек баласын әкесі алты жасында хат танытып, 1902-1907 жылдары ауыл молдасына берген. Сондай молдалардың бірі Мұқанның өлең шығаратыны да болыпты. Молда қолынан шыққан соң, Баянауылдағы медреседе дәріс алады. Бірақ оған әдебиет, заман жайын шындап танытқан 1911 жылы Тройцкіден келген жадит рухындағы мұғалім Нұрғали болған. Ол қазақ, татар тіліндегі газет журналдарды үзбей оқып, 1905 жылдан соңғы саяси жағдайды күнбе-күн қадағалап отырған.

1913-1914 жылдың қыс айларында Сұлтанмахмұттың ауруы асқынып, денсаулығы нашарлай түседі. Ол Тройцкідегі «Айқап» журналында хатшы болып істеп, өзінің қоғамдық – саяси көзқарасын өсіреді. Журнал бетінде бірнеше өлең – мақалалары жарияланып, ақын - жазушы дәрежесіне жетеді. «Айқап» ұлт тілі, ұлт әдебиеті, әйел теңдігі, прогресс идеясын жақтап, би – болыс, ұлықтардың озбырлығын сынға алған еді. Осы идеялар кейін Сұлтанмахмұттың поэзиясыны арқау болған.

1914 жылдың жаз айларында ақын Баянауылдағы өз еліне өкпе ауруынан емделуге келіп, ағартушылық бағыттағы «Шоқ» серіктігін ашпақ болады. Бірақ оған жергілік феодалдар жол бермейді. Осы жолы ақын өзінің «Кім жазықты», «Қамар сұлу» романдарын бастап, Шорманның Мұсасына арнап «Бір адамға» деген өлеңін жазған.

1914 жылдың күзінде Семейдегі орысша оқуға түспек болып, денсаулығы жарамаған соң елге оралып 1916 жылға дейін Қотанқарағай, Тарбағатай жерлерінде мұғалім болып қызмет істейді. 1916 жылдың аяқ шенінде Томскіде 5-6 ай орысша білім алады. Сөйтіп, орыс әдебиетімен де танысады.

Ақпан революциясынан соң Сұлтанмахмұт бірер жыл Семейдегі «Абай» журналының ісіне қатысып, 1918 жылдың наурызында елге оралады.

1919 жылдың аяғында Қызыл Армия Сібірдегі Колчак әскерін қуған соң, Сұлтанмахмұт екі-үш ай көлемінде совет жұмысына араласады. 1920 жылдың 21 мамыр күні көкірек ауруынан қайтыс болады. Ақынның бейіті Баянауылда. Бұл кезде ол небәрі 27 жаста еді.

С.Торайғыровтың жазушылық қызметін оның әдеби әдісіне қарай үш түрлі кезеңге бөлеміз:

1. 1912-16 жылдары ол өзінің көзқарасы жағынан ағартушы-демократ, әдеби әдісі жағынан сыншыл-реалист болды. Оның мазмұнды да идеалы саяси лирикасының басым көпшілігі, «Қамар Сұлу», «Кім жазықты» сияқты тамаша реалистік романдары, «Ауырмай есімнен жаңылғаным» өлеңмен жазылмақ болған драманың материалы деген әйел теңсіздігіне арналған көркем әңгімелері прогресс, әділет идеясын жасақтайтын саяси-әдеби мақалалары 1905 жылы, одан соң оқиғалар әсерімен жазылған.

2. 1917 жылдың наурыз айынан 1918 жылдың ақпан революциясын шын бостандық деп ойлап, осы кезеңде туған кейбір ұрандарға сенім артады.

Сұлтанмахмұттың осы кезде жазған кейбір өлеңдерінде торығу сарыны байқалады. Бірақ бұл азғана шығармаларын әдіс жағынан тұтас кезең деп алу қиын.

3. 1918 жылдың ақпан айынан бастап 1920 жыл аралығында Сұлтанмахмұт сыншыл реализм әдісіне оралып, өзінің басты шығармаларын береді. «Адасқан өмір»(1918), «Кедей»(1919) поэмаларын, еңбекші халықтың азаттық күресін әңгімелейтін «Дауылдағы әбігер», «Өңім бе, түсім бе?», «Ғайса кім?» сияқты идеясы жаңа саяси өлеңдер жазады.

С.Торайғыровта өмір суретіне толы, алуан тақырыпты, адамды ескіден жирентіп, жаңалыққа шақыратын жүзден аса саяси-реалистік лирикалық өлеңдер бар. Елді азаттыққа, прогреске атой салып шақырады. Бұл өлеңдер өмір суреті ғана емес, өмір оқулығы, алға басудың ұраны еді. Сұлтанмахмұт өлеңдерінде әсіресе ағартушылық сарын басым.

Оқу-білім тақырыбын ол 1910-11 жылдардан бастап жырға қосады. Өзі де оқу іздеп орыс біліміне қол созады. «Оқуда мақсат не?» деген өлеңінде ол діни оқу мен мансапқорлық оқуға қарсы шығады.

Феодалдық салттың біркелеңсіз көрінісі - әйел теңсіздігі. Қалыңмал, көп әйел алу, сан заман қазақ қыздарының малға сатылып, өз теңіне емес, шалға тоқал болып, қор болуына жол берген. Осы халықтық мәселені Сұлтанмахмұт әйелдің бас бостандығы идеясымен байланыстыра жырлайды.

«Гүлайым», «Жан қалқам», «Орамалға» деген өлеңдерінде ақын қазақ қыздарына үлкен махаббат, достық ниет білдіріп, олардың айрықша езілуде екенін айтады. «Сымбатты сұлуға», «Қайқы құйрық» өлеңдерінде олардың тәрбиесін сынайды.

«Қыз сүю», «Шал алған қызға», «Неке қияр», «Әйел» деген шығармаларында ақын қазақ қыздарының бас бостандығын көксейді. Оны «Әйел» деген өлеңіндегі мына жолдардан аңғаруға болады:

Әйел деген аты арзан қорлауға да,
Ерге ықтияр берілген зорлауға да.
Мал да бір, әйел де бір несі артық,
Көнеде нелер қайғы, сорлауға да...
Шариғат та, заңдағы ерлер үшін,
Әйел жынысын кемітіп, қорлау ғана.
Күн туар бұл теңсіздік болмауға да,
Әйел түспес айламен торлауға да.
Ер, әйелдің салмағы бірдей болып,
Күн жетер оларды да қолдауға да,-

дейді ақын. Қазақ қызының да, Сұлтанмахмұттың да бұл арманын Қазан революциясы шешіп берді.

Сұлтанмахмұтта тап теңсіздігі мен саяси тәртіпті сынайтын өлеңдер де бар. Тап теңсіздігіне арналған шығармалары – «Байлық», «Кедейлік», «Қымыз», «Дүние», «Кезек қашан келеді». Алдыңғы өлеңдерінде ол бай мен кедей арасындағы теңсіздіктің сыры экономикалық айырмашылықта деген пікірді айтса, «Кезек қашан келеді» деген шығармасында бай мен жалшы өмірін, олардың күн көрісі мен талабын қарсыластырады. Ақын байлықтың қанауға негізделгенін де түсінеді. Байдың малын жалшы бағады, алатын

жылдық ақысы үш тоқты немесе айран – шалап. Тамақ үшін жалшы болып жүргендер де бар. Ел әбден жұтады, кедейлердің правосы жоқ дей келіп, сондай кезектің бір күні байларға да келетінін, дүние ісінің ақыретке кетпейтінін, ол үшіннің де ұзақ еместігін айтады.

1918 жылдың ақпанында ұлтшылдар бағытынан кеткен Сұлтанмахмұт ендігі үмітін Қазан революциясына артып, «Ағайынның азғындығы», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім», «Өңім бе, түсім бе» деген өлеңдерін жазады. Сондағы шығармасында ақын :

Зор толқын Ресейді қаптағаны,
Ескі үкімет тәртібін таптағаны.
Патша, төре, байлар мен обырларға,
Бар екен тұрмыстың да сақтағаны.
Сағынар шын теңдікті халық еркін.
Ол үшін орындар ел барлық сертін.
Қанаушының бір жолы көзін жойып,
Жалшы, кедей жайрандар емін- еркін.
Кектенген миллионның жинап күшін.
Жұмыскерлер жасаған революция,
Байлар үшін дейсің бе, айтшы, кісім? –

дейді.

Сөйтіп, өзінің азаматтық лирикасында Сұлтанмахмұт дінді, әйел, тап теңсіздігін, саяси тәртіпті сынға алады, оқу – білімді үндеп, Қазан революциясына бет бұрады. Оның жырлаған әлеуметтік мәселелерінің бәрі де кейін жүзеге асты.

Сұлтанмахмұт лирикада көңіл күй жырларынан бастап толып жатқан жанр туғызды. Көпшілігі саяси – реалистік лирика. Шығармаларының бірінде елді прогресс идеясына шақырған биік пафос басым болса, енді бірінде сатира элементі үстем жатады. Өмір тынысына толы лирикасында нәзік сезімнен гөрі саяси сарын басымдау. Ақын поэзияны дарашылдықтың емес, қоғамдық, халықтық проблеманың құралы еткен.

С.Торайғыров лирикасы ықшам, ойға толы, идеялы болып келеді. Мысалы, «Туған еліме», «Шәкірт ойы» деген өлеңдері 14 -18 жол ғана. Бірақ осы қысқа жолдардан біз ақынның өз тұлғасын да, ел талабын да жақсы байқамаймыз. Бұл ақын мен халықтың бірлігін уағыздайтын тамаша кестелер.

Сұлтанмахмұт лирикасындағы ақындық тәсілдің бірі – салыстыру, қайшылықты шенеу, диалектика. Мысалы, «Анау – мынау» деген өлеңі сан алуан мәселеге құрылған. Соларды өзара салыстыру арқылы ол қазақ халқының мешеулігін дәлелдеп қана қоймай, ұрандап алға бастайды.

Өлеңнің бас тақырыбы мәдениетке ұмтылу десек те, онда түрлі елдерді салыстыру, ишан, молда, сүйгеніне, өз қатарына қосыла алмаған жастар, төрдегі мырза, есіктегі жалшылар проблемасы да сөз болады. Кейде мұндай суреттемелер әсем пейзажбен ұштасып жатады.

С. Торайғыровтың алғашқы өлеңдерінде татар тілінің нышаны да байқалады. «Милләт» деген сөздің де төркінін солай ұғыну керек. Бірақ ақын бұл бағытынан тез айығады. Оның кейінгі шығармаларының тілі ойдың, көріністің дәл суреттемесін беретін шебер де реалистік тіл.

Сұлтанмахмұт Торайғыров - әдебиетке ХХ ғасыр басында келген ағартушы-демократ жазушы. Негізгі әдеби әдісі – сыншыл реализм. Өзінің бай лирикасы «Кім жазықты», «қамар сұлу» романдары арқылы ол феодализм ескілігін сынаса, «Кедей», «Адасқан өмір» поэмаларымен капитализм қайшылығын да мінейді.

Сұлтанмахмұттың ойынша қоғамды әділет пен теңдікке жеткізетін жол тап күресі емес, көбіне ағартушылық идея сияқты. Рас, өзінің «Социализм» деген мақаласында ол буржуазиялық мәдениет ұранынан мүлде бас тартып, өнер – білімді жаңаша әңгімелейді. Ғылымның өзін екіге бөліп, бірін дене азығы, бірін ар азығы деп нақтылайды. Буржуазиялық мәдениет адам баласын қырғынға ұшыратты. Ол халық игілігінде емес, соған әділет идеясын қосқанда ғана шын социализм болады дейді. Мұнысы ағартушылық сарын.

С. Торайғыров қазақ әдебиетінде Абайдан соң көрінген үлкен ойшыл, суреткер болды. Қазақтың революция алдындағы көркем әдебиетін дамытудағы оның қызметі орасан зор.

Пысықтау сұрақтары:

1. Шығармаларының жанрлық, тақырыптық жағынан аралуандығы.
2. Өлең өрнектері.
3. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары. Сұлтанмахмұттың көркемдік жаңалықтары.
4. «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары.
5. Ұсақ әңгімелеріндегі ел тұрмысы көрінісі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Әдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 2002
2. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров, 1992
3. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет, 1993
4. Бес ғасыр жырлайды I том, 1993
5. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері, 1996
6. Торайғыров С. Шығармалары. Екі томдық, 1993
7. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия, 1994

№8. Дәріс тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы.

Дәріс мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны. Оның поэзиясы, аудармалары, көсемсөз саласындағы еңбегі және қазақ әдебиеті мен тілін зерттеудегі ғылыми еңбектері.

Тірек сөздер: ұлт мүддесі, халықты ояту идеясы, ұлттық мәдениет, ағартушылық ой, сатиралық сарын, ғалымдық еңбек, тұңғыш теориялық еңбек, әдебиет теориясы.

Дәріс мазмұны: 1985 жылдан басталған қайта құрудың ең негізгі, ең түйінді принциптері болып саналатын демократия мен жариялылық арқасында сталинизм дәуіріндегі озбырлықтардың беті ашылды, жазықсыз жапа шеккендерді ақтап алу мүмкіндігі туды. Сондай ақталғандардың бірі рухани мәдени тарихымыздың көрнекті өкілі, белгілі ғалым педагог, халқымыздың тұңғыш тіл маманы, қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы, ақын аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы.

А. Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген. Уезд басшыларының озбырлығына қарсылық білдірген әкесі Байтұрсынды он бес жылға Сібірге жер аударады. Бұл оқиға кезінде Ахмет он үш жастағы бала екен. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегінде сақталып есейгенде жазған «Анама хат» өлеңінде:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам,
деген өлең шумағымен білдіреді.

Табиғатынан дарынды, талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары ауыл молдасынан ескіше оқып сауатын ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі кластық орысша қазақша училищеде, 1891-1895 Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылдан бастап Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, әділет үшін күреседі, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. 1901 жылдан бастап сан түрлі кітаптар оқып, әдебиетпен айналысып оқу құралдарын жасайды, өлең жырларын тудырады. Ел ішінде оқыған батыл жастың беделі өсе бастайды. Патша үкіметіне қарсы жұмыстарға белсене араласады. 1909 жылы Семей абақтысына қамалып 1910 жылы Орынборға келеді. Бұдан соң оның өміріндегі қажырлы кезеңдер басталады. 1913-1918 жылдар арасында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарды, халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында жаңа өткел, соны өзгерістер іздейді. 1919 жылы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі жұмыстарға белсене араласады. Республика халық ағарту комиссары, Бүкілодақ Орт.Атқаруком мүшесі, Компарт мүшесі (1920-1926 ж), ҚазАкад Орт. Жетекшісі Ташкент, Алматы оқу орындарында профессор болды. Сталинизм дәуірінде 1929 жылы абақтыға қамалып, 1936 жылы қайтып келеді. 1937 жылы репрессияға ұшырап, 1938 жылы атылды. Ұлы жүректің ауыр тағдыры осындай.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше.

Кезінде А. Байтұрсынов ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары проф. А.Самойлович, Е. Поливанов бағалы пікірлер айтты. Оның өмірі мен шығармашылығы әлеуметтік қызметіне байланысты маңызды еңбектер туғанына елу жыл толу қарсаңында жарияланды.

Москвада 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» А.Байтұрсынов «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі... Ол – қазақ тіл емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деп бағаласа, ұлы Мұхаң «Ақ жол» газеті 1923 ж. 4 қаңтар санында « Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылғы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да, тарих

ұмытпайтын істер болатын» деп Ахаңның тарихтағы орнына қатысты қайта құру рухына орайлас жоғары пікір білдіреді. Күрделі тұлғаның өмірі, ғылыми, әдеби мұрасы жайлы «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін үйреткен Ахаң еді. Ұлт қамы дегенді көкसेген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді» деп жазды Түркістан ОК «Ақ жол» газеті (1923 ж. 4 ақпан). А. Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп кеткенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған жалғыз-ақ Ахмет еді.

А. Байтұрсынұлы – қыры мен сыры мейлінше мол адам. Ол қоғам қайраткері, өз заманындағы саяси басшы, дарынды ғалым-түрколог, оның өмір сүрген уақытында түркі республикаларында онымен тең келетін түрколог кемде-кем еді.

Енді А. Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталайық.

Ахаңның көзі тірісінде жарық көрген ғылыми еңбектері: «Маса» (1911 ж. Орынбор), «Оқу құралы» (1912ж. Орынбор), «Қырық мысал» (1913 ж. Қазан), «Тіл құралы» (1915 ж. Орынбор), «Баяншы» (1920 ж.Қазан), «Ер Сайын» (1923 ж. Москва), «Тіл танытқыш» (1924 ж. Орынбор), «Әліпби» (1925 ж. Орынбор) т.б.

А. Байтұрсыновтың халықты ояту, оның санасына, жүрегіне әсер ету жолдарын іздеген төл туындылары «Маса» кітабында ашық, нақты көрінеді. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндері, қуғын-сүргін, жетімдігі бірталай өлеңдеріне арқау болады. Ел тағдыры, бостандық арманы – басты сарын.

Туған халқын тұйыққа тіреген отаршылдық езгіден, ел аспанын бүркеген сауатсыздықтан құтқарып, елдігін сақтап қалудың оңай жолы – оқу-ағарту ісін жолға қоюда, барлық күшті соған жұмсауда деп түсінді. Туған халқын осы мақсатқа бағдарлап, халықты ояту идеясын ұстанды. Сөйтіп, «Маса» өлең кітабының беташарын «Сөз иесінен» деп алып:

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса:
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?-

дейді.

Өлеңдерінде жеке бастың мұң-шері тұрмыс суреті емес, әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады.

«Жиған-терген» өлеңіндегі
Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді, оянып,-

Деген сөздерді патша цензурасы кезінде жібермей тастаған. Ақын ашынып сөйлейді, тартыс, қайшылықтарды көрсетеді.

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға мал, оқығанға шен, мақсұт боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Күрес идеясы, келешек қамы үшін ел болу мақсаты бар тілектен жоғары қойылады:

Мен бұқтым, жаттым,
Сен бұқтың, жаттың,
Кім істемек қызмет?
Ауызбен айтып
Істерде қайтып,
Жоламасақ, не міндет?..

Өзін өзі күйттеген мансап үшін арын сатқан, жақсылығы өз басынан артылмаған, босбелбеу бозбала, қайырсыз сараң байлар, жарқылдаған түймеге мәз болған оқығандар сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Көк есектерге», «Жұртыма» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен «Ат», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударған «Қаздар», «Сорлы болған мұжық» шығармалары берілген.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін,

Деп ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенеді.

Ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүрінде жаңа өлеңдік форма мысал арқылы жан-жануарлар өмірінен алынған шығармаларымен әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатында И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен бастырады.

Ахмет көңіл бөлген «Өгіз бен бақа», «Қарға мен түлкі», «Жарлы бай», «Ала қойлар», «Бұлбұл мен есек», «Емен мен Шілік» нұсқасы Абайда да кездеседі. Абай негізінен ғибрат айтуға, мысалдың поэзиялық көркемдігіне мән берсе, Ахмет мысалдарға неғұрлым саяси-әлеуметтік мән беруге тырысқан. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына жақын ұласа келіп, мысал өлеңдерді қазақтың төл тумасындай етіп жібереді. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалында:

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады Аққу – көкке, Шаян – кейін,

Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Енді бір кезекте оқырманына қатысты соны пікірді оқырманына қосады:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болса жолдас,

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің онбас,

Деп елді ынтымаққа шақырады.

Әр түрлі аңдар, адамдар кейпінен ишара тұжырым жасалады.

Аудармашы негізгі түпнұсқаға орайластырып, ойға жаңа сарын қосады.

«Қартайған арыстан» мысалында

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,

Келе алмас жаман батып маңайыңа.

Басыңнан бақыт құсы ұшқын күні

Құл-құтан басынады, малайың да,

Деп жалғасты түйін жасайды.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен дәлме дәл келсе, Ахмет аудармасында сюжет сақталғанмен, қазақ тұрмысына жақын жаңа ойлар айтылады.

«Өгіз бен бақа» орысшада он жеті, қазақшада отыз алты жол. «Қасқыр мен тырна» орысшада он тоғыз, қазақшада жетпіс алты жол.

Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» - қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен байытты, Абайдың ақындық дәстүрін ілгері жалғастырды.

А.Байтұрсынов 1913-18 жылдары «Қазақ» газетінде редактор болды. Өмірдің сан түрлі мәселелерін арқау еткен мақалалары «Айқап» журналы, «Қазақ» газетінде жарияланып тұрды. Түрлі оқиғаларға халықаралық жағдай, заң, жер мәселесіне арналған «Бұ заманның соғысы», «Жәрдем комитеті», «Закон жобасының баяндамасы», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Қазаққа ашық хат», тб. мақалаларында публицист А.Байтұрсынұлының көзқарас, ойшылдық деңгейі, журналистік стилін көрсетіп, рухани даму кезеңдерінен хабар береді. Ғалымның тілші, әдебиетші ретіндегі мақалалары тұтас бір дүние. Бұлардың ішінде 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегі оқшау тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны алғаш рет терең талданады.

Автордың «Қазақ өкпесі» мақаласында тарихи мәселелерге ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді. Қазақ хандығының құлау себептеріне тоқталады. Ел мен ел, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

«Қазақша оқу жайынан» мақаласында осыған жалғас ойлары былай көрсетіледі: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі балаларға үйрететін затын өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек.

А. Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, оларға тұңғыш рет анықтама бергені, дыбыс, сөз, сөйлем жүйесін қалыптастырудағы ұлы еңбегі орасан зор.

1929 жылы бесінші мамырда автордың өзі жасаған «Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа, ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектер

тізімі» деген құжат КазПИ архивінде сақталған. Мұнда «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Әліппе», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», т.б. еңбектері көрсетілген. А. Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдарға зор жауапкершілігі бар іс. Сөз былай басталады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі... Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман».

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайы, олардың қиындықтарын айта келіп, өзінің оқыту әдістерін ұсынады, ғылыми мәні бар пікірлерді айтады. Мына тұжырымға көңіл бөлсек:

«Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: түбіршек, жалғамалы, қопармалы тіл. Біз тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, содан соң басқаша оқытуға тиіспіз. Қазақтың бастауыш мектебінде тілдің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін оқыту керек» деген пікірі маңызын жоймайды. «Тіл құралы» оқулығы «Сөз басы», «Тіл мүшелері», «Буын мен дыбыс», «Сөйлем мен сөз», «Сөз тұлғалары», «Жұрнақтар», «Атауыш», «Шылау сөздер», «Тасымал» бөлімдерінен тұрады.

Тілдік ұғымдарға берілген анықтамалардың дәлдігі, ғылыми тереңдігі түрлі категорияларға жіктеген кезде, оларға қазақша атау берген кезде айқын көрінеді. Қазіргі қазақ тіл ғылымының түп төркіні әріде жатқаны, бірінші болып Ахаңның тұжырымдағаны көрінеді. А. Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындайтын күрделі жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» деген атпен басылды. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының негізі, методологиялық арналары, басты термин, категориялары осы еңбекте қалыптастырылған. Автор өнер атаулыны тірнек және көрнек өнері деп екі үлкен топқа бөледі. Сөз өнерін көрнек өнерінің бес тарауының бірінен санайды. Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық ұғым терминдерге түгел қазақша балама табады. Баспасөз, оқулықтарда қазірде еркін қолданылатын тіл тазалылығы, көрнектілігі, оның тараулары, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, шеңдестіру, т.б. сияқты ұғымдарды тұңғыш рет термин дәрежесіне көтерген А. Байтұрсынов екенін айту қажет. Өлең айшықтары, шумақ, тармақ түрлері, бунақ, буын, ұйқастар сияқты өлеңтану категориялары да осы еңбекте жасалды. Қазақ әдебиетінің жанрлық формаларын эпосты - әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп алып, салаларға жіктейді. Мысалы ауыз әдебиеті, батырлар жыры, ділмар сөз, тойбастар, бесік жыр әрбір топтарды құрайды. Әдеби формалардың дамуы, өнер мен өнер арасындағы диалектикалық байланыс, ақындық, талант табиғаты туралы айтылған қызықты ой, құнарлы пікірлерінің әлемдік эстетика, орыс сыны принциптерімен астарласып, бүгінгі күнге қызмет етуде. Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді.

Әдебиетші, ақын А.Байтұрсыновтың өнерпаздық мұрасының маңызды саласы – жинап, реттеп, өндеп бастырған фольклор материалдары. Оның бірі – 1923 жылы Москвада шыққан «Ер Сайын» жыры. Кітап Шоқанның досы Г.Н.Потанинге тарту ретінде тарту ретінде шығарылған. Жыр соңында Радлов нұсқасының тараулары да берілген, Г.Н.Потаниннің өмірбаяны жазылған. Автордың екінші фольклорлық мұрасы – 1926 жылы жарияланған «Жиырма үш жоқтау». Әдеби тілдің қалай жасалатынын айта келіп, «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда мұны естен шығармау керек дейді. Қазақ тарихының төрт жүз жылдық мерзімін қамтитын «Жиырма үш жоқтау» трагедиялық жырлары берілді. Бұлардың ішінде Бапай батыр, Қазыбек би, бірнеше тарихи тұлғалар туралы түсініктеме деректер бар.

А.Байтұрсынов А.Затаевичке ән жаздырған сазгер, домбыра, скрипка, пианинода ойнаған, күреске түскен палуан, бір сөзбен айтқанда жан-жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің бәйтерегі. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениет оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Осы күні орыс, татар мектебінде оқығандар қазақ тілін елеусіз қылып алыстап барады. Бұл әрине жаман әдет... А.Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, көрген азабы, болшаққа сенген үміт-арманы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қалтқысыз қызмет етуге арналды.

Пысықтау сұрақтары:

1. *А.Байтұрсыновтың өмір жолы, тәлім алған рухани бастаулары.*
2. *Поэзиясы. «Маса» жинағындағы халықты ояту идеясы, ағартушылық ойдың молдығы.*
3. *Аудармалары. «Қырық мысал» жинағы. Құрылымдық, мазмұндық сипаты.*
4. *Көсемсөз саласындағы еңбектері.*
5. *Қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеудегі ғалымдық шығармалары. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиетіндегі орны.*

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. *Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов. – А, 1991.*
2. *Әбдиманұлы Ө. XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті. – А, 2002.*
3. *Байтұрсынов А. Шығармалары. – А, 1989.*
4. *Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – А, 1995.*
5. *Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – А, 1966.*

№9. Дәріс тақырыбы: Міржақып Дулатұлы шығармашылығы

Дәріс мақсаты: М.Дулатұлының ақындығы, «Оян қазақ» жинағы, прозасы, «Бақытсыз Жамал» романы. Оның драматургия жанрындағы шығармалары, көсемсөз, аударма салаларындағы атқарған еңбектері

Тірек сөздер: қайраткерлік еңбек, халықты ояту, кітаптың таралу, таңылу тағдыры, отарлық саясат, ақындық қуат, лирик, баяндау шеберлігі, реализм.

Дәріс мазмұны: Қоғам тарихындағы халық тағдырындағы алмағайып, дүмпуі көп қиын кезеңдерде өмір сүрсе де, «қазағым», «ұлтым» деуден, оның қам-қарекетін ойлаудан бір сәт те айнымаған, осы ұлы мұратқа өзінде, талантында аямай арнаған М. Дулатұлы артына өлшеусіз зор рухани қазына қалдырған қаламгер.

М. Дулатұлының ақындық қаламы 1905 жылдан басталған. Бұл оның А. Байтұрсынұлымен қатар саяси-әлеуметтік күрес жолына ашық түскен шағы болатын.

Міржақыптың тұңғыш жинағы – «Оян, қазақ!» 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрді. Жинаққа ақынның 1905-1908 жылдар аралығында жазған өлеңдері енген. Бұл жинақтың Міржақыптың ақындық қалыптасу мен халыққа танылуында айрықша рөлі бар.

Кітаптағы «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі», «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Қазақ жерлері», «Таршылық хәліміз хақында аз мүнәжат» өлеңдері кең сахараны еркін мекендеп келген халықтың өзіне тән тұрмыс-салтын өрескел бұзып, оны қыспаққа түсірген отаршылдық саясатты батыл айыптайтын ойларға толы.

«Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі» деген өлеңінде ақын халықтың бұрынғы өмірі мен өз тұсындағы күйін салыстыра баян етеді. Ақын халықтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін жөнсіз мақтаудан аулақ. Бірақ, «ел еркін, өз билігі өзінде болатын еді» дейді. Бұл шындық қой. Елінің бүгінгі халін ол «дұшпанға таба болып, күлкі – досқа» болған кез, оның себебі қазақтың билікке, байлыққа таласып, өзара жауласып-дауласып жүріп бірлік – ынтымақтан айырылып қалуында деп біледі ақын. Ақын бұл ойын:

Екі сұңқар таласса, құзғынға жем,

Берекесін бұл қазақ сөйтіп құртқан,-

Деп, әдемі астармен айқындай айта келе сөз аяғын төмендегіше бітіреді:

Ұйқысы ғафилдіктің басып кетті,

Қазақты ояталық етіп һүммен.

Бұл ақынның өзі секілді оқыған замандастарына арнап айтқан сөзі, артқан азаматтық жүгі.

Жоғарыдағы өлеңмен үндес, тақырыптас болғанымен одан идеялық шешімі өзгешелеу әрі өткір туындысының бірі – «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты». Ақын қазақтың өткен өмірінің кейбір көрінісін тарихи шындық ретінде әсерлі суреттей келіп, бүгінге ойысады да:

Қанеки, осы айтқанның бірі бар ма,

Айтылса сөздің кәміл ақиқаты?-

деп қынжыла саал қояды халқына. Бұған өзге бодан болуымызбен қатар «талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке» өзімізде кінәліміз деген тұжырым жасайды.

Бұл ХХ ғасыр басында ақын басын қауіп – қатерге тігіп ашық көтерген проблеманың өз кезеңі үшін ғана емес, бүгін де соншалықты актуальді екенін көрсетеді.

Міржақып, орыс тілін еуропалық білімді ұстаздары Ыбарай мен Абай секілді жоғары бағалады. Орыс тілі мен ғылымын игеру - өнерлі, өркениетті ел болудың, елдігіңді сақтап, қорғаудың кепілі деп білді. Аталған өлеңінде:

Екінші қажет ғылымың – орысша дүр,
Өзіңе бек пайдасы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің низамы не ,
Мұны білсең, сақталар дүниелігің,-

деуі сондықтан. Ақын бірсыпыра өлеңдерінде қазақ тұрмысындағы кейбір келеңсіз жағдайларды өзі ұстаз тұтып, өнерінен өлшеусіз тағылым алған Абайша айтуға , Абайша жерлеуге ұмтылған.

«Оян, қазақ!» жинағы міне осындай халықтық ой, реалистік сипатымен, заманының толғақты жайларын ашық өткір көтеруімен, халықтың ұлттық намыс, еркіншіл сана-сезімін оятуымен құнды мұра.

Міржақыптың екінші өлең кітабы 1913 жылы «Азамат» деген атпен жарық көреді де, араға жыл салып (1914) қайта басылып шығады. Бұл факт «Азамат» жинағының да халық көңіліне жол тапқан кітап болғанын көрсетеді.

«Оян, қазақ!» атына мазмұны сай күрес рухына, қайрат пен жігерге толы болса, «Азамат» жинағына негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім – толғаныстарын табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлеуге ден қойған.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі!-
Пайдалы шаруаң , жараса , алаш!

«Шағым» деп аталатын өлеңінің лирикалық кейіпкері осылай алашына-халқына ағынан жарыла сөйлейді. Өйткені, ол өз күйін емес, ел жайын, ұлт қамын ойлап-толғанатын азаматтық бейнесі.

«Мұң» , «Сырым» , «Арманым» өлеңдерінің осылай аталуында да үлкен мән жатыр. Бұл өлеңдерінің лирикалық кейіпкері – ел еркіндігін аңсаған, сол үшін ғұмырын арнаған күрескер жан. Ал, күрес жолы – қиын жол. Сондықтан ол «жаудың қолы босамай тұр жағадан» деп бір сәт жалғыздығын, шарсыздығын мұң етіп шағады, енді бірде қиындыққа мойымай «кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым» деп елімен бүкпесіз сыр бөліседі, ал оның арманы қандай асқақ, мұраты қандай мөлдір! Ол – елінің еркіндік алуы , көркеюі. Сол үшін ол өзін құрбан етуге де даяр. Ақын мұны , яғни кейіпкердің арманы мен мұратын:

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызың жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым.
Азуды қайрап, бармақты шайнап өтті күн ,
Ғылымды іздеп, алысты көздер жетті күн.
Ақсақал артқа, жастар салса артқа,
Әперер жұртқа кекті кім?-

деп қызулы, айбынды, кеккі-жігерлі жолдармен өте ұтымды , әсерлі жеткізген.

Міржақыптың үшінші өлеңдер кітабы – «Терме» 1915 жылы шыққан. Кітапта ағартушылық сарындағы бірсыпыра өлеңдерімен қатар «Оян, қазақ!»

рухындағы туындыларда баршылық. Арнау үлгісінде жазылған өлеңнің лирикалық кейіпкерінің еліне айтқан жүрекжарды сөзіне сүйеніш емес, өкініш пен елін айыптау мотиві басым.

1916-1918 жылдар М. Дулатұлы өмір белесінде қиын, сындарлы кезең екені белгілі. Алайда бұл жылдарда жазылған өлеңдерінен де ақынның шарқ ұрып «шындықтың ауылын» іздегені, халық тілегінен бір сәт те ауытқымағандығы айқын танылады. Ол:

Алыстан алаш десе, аттанамын,
Қазақты қазақ десе, мақтанамын,
Болғанда әкем - қазақ, шешем – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? -

деп өзінің ұлтжандылығын, қандай жағдайда да оның игілігі үшін күреске – «суға түсіп, отқа жануға» даяр екенін мақтанышпен мәлімдеумен өтті.

Атын ел аңыз ғып айтып келген «Бақытсыз Жамал» романы артқа ұзақ жылдар салып барып, 1991 жылы қазақ оқырмандарымен қайта қауышты. Роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Автор шығармасының өлеңмен жазылған «Сөз басында» :

Мақсаты романның – халық түзетпек,
Жазылған еріккеннен ермек емес.
Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,
Бақытсыз бір қыз екен осы шақта... -

деп жазады. Бұдан байқалғандай, романның тақырыбы қазақ қоғамының толғағы жеткен зәру мәселесі - әйел теңсіздігі, жастардың бас еркіндігі жайлы, идеясы – сүйіскен екі жасты өлімге итермелеген ескілік иелерінің озбырлық әрекеттерін суреттеу арқылы «әйелді қисап ететін» ескі феодалдық салт-сананы әшкерелеу, ел ағаларымен жастарды ескілікке қарсы күрес әрекетке үндеу

Романда іс-әрекеті, ой-талғамы ескі қазақ тұрмысының уақыттық шеңберінде нанымды көрінген бірнеше кейіпкерлер бар. Олардың ішінде адамдық болмысы, өзіндік әрекет-қимылымен шынайы көрініп даралана көзге түсетіні – Сәрсенбай мен Байжан.

Романдағы ұнамсыз тұлғалар ішінде өзіндік мінез ерекшелігімен жан-жақты көрінгені – Байжан бейнесі. Ол өзін ауыл иесі, ескіліктің тұтқасы, ата дәстүрінің берік сақшысы сезінеді. Болыс құдасына арқа сүйеген, өзінің де қулық – сұмдығына найза бойламайтын Байжан ел адамдарын уысында ұстайды. Кім би, кім болыс сайлануы керек, мұны шешетінде – Байжан.

Байжан – байлығына сенген, айла – амалы көп, ел ішін ала тайдай бүлдірген феодалдық ортаның түрегі, өмірі ерте түскен суыққа ұрынған гүлдей солған арманды жас ару Жамалдың өлімінің басты себепшісі.

Роман сюжеті негізінен бір оқиғаға – Жамал мен Ғалидың ғашықтық хикаясына – құрылғанымен, шығармада қамтылған өмір шындығының ауқымы одан әлдеқайда кең. Шығармада екі жастың қайғылы тағдырына орайластырыла қазақ қоғамының талай типтік жайларының шындығы нанымды ашылған.

Шығарманың орыс, қазақ әдеби сынынан кезінде-ақ жаңа жанрдың төл басы, үздік көркем, реалистік туынды ретінде жоғары бағасы алғандығы

мәлім. «Бақытсыз Жамал» - ұлттық әдебиетіміз шеңберінде тұңғыш роман , күрделі жанрдың көшбастаушысы.

Қорыта келгенде бұл романдардың аталған ортақ ерекшеліктері гуманистік, реалистік сипаттары, халықтың мазмұны тұрғысынан алғанда да алғашқы романмен сабақтасып жатуы - «Бақытсыз Жамалдың» көркемдік тағылымының айқын көрінісі.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Серке», «Қазақ» газеттері және Міржақып Дулатұлы
2. «Оян қазақ» жинағында халықты ояту идеясын ашық көтеруі
3. Қазақ әдебиетінде таза проза үлгісіндегі роман жанрының тууы
4. «Балқия» пьесасы. Тақырыбы. Қазақ драматургиясын дамытуға қосқан үлесі
5. Көркемсөз, аударма салаларында атқарған еңбегі

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1995.
3. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. - Алматы, 1969.
4. Әбдірахманов Т. Таланттар тағлымы. – Алматы, 1988.

№10. Дәріс тақырыбы: Мұхаметжан Сералиннің өмір жолы мен шығармашылығы

Дәріс мақсаты: Мұхаметжан Сералиннің өмірі. М. Сералин – қазақтың алғашқы журналисі, «Айқап» журналын шығарудағы еңбегі және аударма жанрындағы еңбектері. Оның «Гүлхашима», «Топжарған» поэмаларының композициялық ерекшелігі.

Тірек сөздер: ұлт мәдениеті, сюжетті поэма, объективті мән, ауыз әдебиеті.

Дәріс мазмұны: М. Сералин XX ғасыр басында өмір сүрген ақын, қазақ тілінде тұңғыш рет ағартушылық-демократиялық ағымдағы «Айқап» (1911-1915) журналын шығарған, өз замандастары – С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Ә.Ғалымов, Б.Өтетілеуов, А.Байтұрсынов сияқты халық арасынан шыққан ағартушы-интеллигенттерге жол,өнеге көрсеткен адам.Оның қоғамдық ой-санасы 1905 жыл революциясынан соң оянған.

М.Сералин Шоқан,Абайдан соңғы қазақтың публицист – ағартушы болды. Публицистика деп қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге арналған саяси - әдеби мақалаларды айтатын болсақ, бұл жанрдың өзі үлкен қоғамдық ойдың туып жетілуінің белгісі болмақ.

1955 жылы жарыққа шыққан «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы программасына» тұңғыш рет С.Торайғыров, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов есімдерімен қатар, қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, журналист Мұхамеджан Сералиннің еңбектері де енгізілген еді. Бұл заңды құбылыс.Өйткені қазақ ағартушыларынан соңғы бір дәуірдің даму,өркендеу тарихынан «Айқап» журналы мен оның редакторы М.Сералиннің алатын орны жоқ емес. Журнал қазақ жеріндегі демократиялық баспасөздің үлгісі болды.

Алғашқы кезде жоғары мектеп бағдарламасына М.Сералиннің журналистік қызметі емес, ақындығы мен шығармашылығы енгізілді. 1951 жылғы Б.Кенжебаев мақаласы да Сералинді тек ақындық өнері жағынан қарастырады. Ендігі жерде оның журналистік қызметіне де ой бөлетін кез жеткен сияқты. Өйткені оның ақындығымен қатар оның журналистикалық қызметі де аса елеулі. М.Сералиннің ауыз әдебиеті үрдісімен жазылған «Гүлқашима» атты поэмасын айтпасақ, Фердаусиден аударған «Рүстем – Зорап» деген дастаны аяқталмаған. Сол себепті көбіне журналист, қоғам қайраткері деп алып, оның әлеуметтік Көзқарастарын талдау іске пайдалырақ болса керек.

«Айқап» журналында М.Сералинге қарсы жазылған «Қазақтың өкпесі», «Тағы да жер жайынан» сияқты мақалаларда «Қазақ» газетіндегілер жер мәселесін шешудің өзге жолын ұсынады. Олар жердің қазыналық болуы өте орынды, ал М.Сералиндердің өкпесі орынсыз деп білген.

М.Сералин: «Шаруа болып, мал бағып, көшпелі қалыпта қаламыз деп тұрған заманымыз өтті. Мұнан былайғы бізге пайдалы іс тезірек қала салып, егін пайдасына жарайтын жерлерді сақтап қалуда», - дейді. Оның пікірінше, жер малы бар байлардың қолында ғана қалмай, малсыз кедейлерге де бөлініп берілуі қажет. Әрбір үйдің малының бар-жоғына қарамастан жерден теңдей үлес алуы керек. Бұл үшін ел ұлыққа, патшаға делегация жіберуге тиіс. Ал екінші бағыттағылар осыған қарама-қарсы кедейлерге жер беріп, оларды отырықшы етудің пайдасы шамалы, қазақ көшпелі тұрмыста қала беруі шарт дегенді жақтады.

М.Сералиннің көшпелі салтқа қарсы отырықшылық идеясын ұсынуы, ең алдымен кедей шаруаларды жерге орналастыру қажет дегені өз кезінде жер реформасы сияқты аса прогресті талап болатын.

«Қытай қазақтарының бас адамдары хақында» деген мақаласында Сералин Қытай еліндегі болыс-билердің жолсыз алым-салық жинап, елді жұтатып жатқанын айтады. Мұнысы қытай ғана емес, қазақ жеріндегі небір сорақылықтарға да қатысты айтылған ой еді. «Бұл пәледен Қытайға бір зауал келгенде құтылмаса, басқа ешбір амал жоқ. Қытай әкімін қаншама жаман дегенмен, жамандық қазақтың өзінде, болыс ақша алмаса, мұндай күш қылып мал алу да болмас еді... Залым адамдардың зұлымдығынан құтылу үшін халық көбірек оқуға, білімге жармасуда. Надандықты тастамаса, сорлы қазақ қайда да болса оңа алмас» - дейді Сералин.

М.Сералин енді бұзып біткен нәрсе штат сайлауы, оның сыры 1868 жылғы низам бойынша би-болдыстарға берілген үлкен правода жатыр деп біледі: «1868 жылғы низамды шығарарда патша өкіметі тек билерден ғана ақыл сұрады. Панфилов комиссиясына кірген бас адамдар ел пайдасын сөйлемеді, жалғыз-ақ марқұм Шоқан Уәлиханов генерал – губернаторға мәлімдеме жасап, қазақ үшін сайлап қойылатын судьялардың пайдалы еместігін айтыпты», - деген жерде соны байқасақ керек. М.Сералин мұнымен де шектеліп қалмайды. Осы жолдан шығудың әрекетіне кірісіп: «Бұл сайлау дертінен құтылудың жолы қайсы? Біздің қазақ халқының сайлау ісіне мұншама құмарланып кірісуінің көп себептерінің бірі- сахара низамы бойынша билерге берілген зор күште болса керек. Біздің ендігі әуелгі

жұмысымыз – бас әкімдерден қазақтың билеріне сахара низамы бойынша берілген зор күшті бітір немесе кішірейіт деп сұрау болса керек. Бұл сұрауды болыстық выборнайлар приговор бойынша жүргізуі тиіс болады», - деп, өз тұжырымдарын ортаға салады.

1854-1868 жылғы реформалардың демократиялық рухта болмағандығын Шоқан мен Абай да аңғарған болатын. Сөйтсе де ол өз кезі үшін пайдалы қызмет атқарды. Ал 1905 жылғы революциядан кейін бұл реформалардың кертартпалық құрылысты сақтап қалудан басқа ешқандай маңызы қалмаған еді. Сол себепті Сералиннің бұл низамды жою керек деген талабы орынды, демократиялық талап болды.

«Тағы да халық соты хақында» деген келесі бір мақаласында Сералиннің Қарсыластары екі реформаны жақтап, феодалдық құрылысты сақтап қалмақ ниетте болады.

«Қазақтарда үйлену» деген мақаласында М. Сералин: «Осы кезде 30-40 жасқа келген кедейлердің үйленуі қиын... Бұл туралы бұрын да біраз сөз қозғап едік, «Айқап» әлі қыз ұзатып бола алмай жүр» деген сөзге ұшырадық. Әйел мәселесінде асырыңқырап жібердіңіз дегенді ғали-тахсил алғандардың аузынан да естідік. Содан да бұл мәселені жазудан өзімізді тыя алмадық. Мәселе өте керекті», - деп жазады. Бұдан көретініміз: сералин әйел теңсіздігін терең түсінеді. Қазақ қызы жастай ерге шығады, сол үшін аз туады, көп өледі, олар правосыз, бақытсыз дейді. Осы идеяны С.Көбеев пен С.Торайғыров көркем әдебиетке түсіреді. Сол үшін де Сералин «Қалың мал» романын биік бағалаған еді.

Бұқара халыққа болысқан әрекеттері үшін М. Сералин би-болыс тарапынан көп соққы жеді. Бірінші думаға Сералин ұсынылғанда, би-болыстар мен қажылар оған үзілді-кесілді қарсы шығады. Совет өкіметі тұсында да М.Сералиннің жағдайы түзеле қоймайды. Енді оны «пантюркист» деп айыптап, 1922 жылғы советтердің съезіне қатыстырмаған.

Мұхамеджан Сералин совет кезеңінде де үнемі жаңашыл, оғамшыл журналист болды.

...1919 жылы «Ұшқын» газетінде, 1923 жылы «Ауыл» газетінде редактор болып қызмет атқарған.

Қазақстандағы демократиялық баспасөзді тұңғыш ұйымдастырушы, прогресшіл қоғам қайраткері Мұхамеджан Сералиннің журналистік қызметі - қазақ мәдениетінің биік бір белесі. Оның қоғамдық – саяси мақалаларын түгел жинақтап, жан – жақты зерттеу-1905-1917 жылдар арасында туған әдебиетіміздің түрлі белестерін көпшілік қауымға тереңірек танытудың қажетті бір жолы.

Мұхамеджан Сералиннің журналистік қызметі – қазақ әдебиеті тарихының қажетті бір буыны.

М.Сералиннің революциядан бұрын жазған шығармалары: «Гүлқашима» (1901-1903), «Топ жарған» (1903-1907) поэмалары, «Айқап» журналында жарық көрген, Жуковскийден аударған «Рүстем- Зорап» дастаны. Мұнысы Фердаусидің «Шаһнамасынан» алынған ерлік рухындағы эпос еді...

«Топжарған» мен «Рүстем – Зорап» поэмаларының басты сарыны – ерлік, күрес рухы болып келеді.

Бұл кездегі Тұран мен Иран арасындағы ұзақ жылдарға созылған тартысты суреттейтін «Рүстем – Зорап» поэмасының да астарлы бір сарыны ұлт бостандығы жолындағы күрес болса да ғажап емес.

«Гүлқашима» - әйел теңсіздігі тақырыбына құрылған реалистік поэма. Оның көтеретін тақырыбы - әдет ғұрып қайшылығы, идеясы – жастардың бас бостандығы. Осы идеяны ақын прозалық түрде емес, нәзік сезім, драмаға негіздеп, біраз романтикалап берген. Поэманың бас кейіпкері қыз емес, Баймағамбет сияқты азатшыл жас. Ол Гүлқашима деген қызға ғашық болып, көңіл қосады. Бірақ қызды аталары мал алған жеріне беріп жібереді. Осы қорлыққа шыдамаған сезімтал Баймағамбет өзін-өзі өлтіреді. Сөйтіп өзінің бас бостандығы жолында құрбан болады. Аса күшті әсерлі кейіпкер. Осы трагедия арқылы ақын ескілікті күйрете сынайды. Оқиға ақынның естіген әңгімесі түрінде үздік-үздік баяндалады. Бұл қазақ тілінде көрінген, өмір шындығы құрылған тұңғыш поэмалардың бірі.

Қазан революциясынан кейін М.Сералин совет жұмысына да араласады. 1924 жылы Мәскеуге барып, Ленинді жерлеуге қатысады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихын сөз еткенде, М.Сералиннің журналистік қызметімен қатар ақындық арынын да назардан тыс қалдырмағанымыз абзал.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Айқап» арқылы ұлт мәдениетіне қосқан үлесі
2. «Гүлқашима» дастанындағы махаббат тақырыбы
3. «Топжарған» поэмасының объективті мәні
4. Мұхаметжан Сералиннің түпнұсқа таңдаудағы мақсаты

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Сералин М. Топжарған. – Алматы, 1985
2. Бес ғасыр жырлайды I том
3. Бес ғасыр жырлайды II том
4. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия, 1994
5. Қазақ поэзиясының антологиясы, 1993
6. Қазақ әдебиетінің тарихы, 1965

№11. Дәріс тақырыбы: Спандияр Көбеевтің шығармашылық өмірбаяны.

Дәріс мақсаты: С.Көбеевтің өмірі, шығармалары, ағартушылық, оқытушылық қызметі. Оның аударма саласындағы еңбегі және прозасы.

Тірек сөздер: сыншылдық бағыт, оқу құралы, тәрбиелік, эстетикалық мән, шығармашылық жанашылдық, сатиралық қалып, мемуарлық шығарма, мемуар жанры.

Дәріс мазмұны: Өз еңбегімен әдебиет тарихынан лайықты орын алған қазақ халқының қадірмен ұлдарының бірі – Спандияр Көбеев.

Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында дүниеге келген. Спандияр Көбеев ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин әсерімен алдымен ауылдағы орыс мектебі, содан соң облыстық орыс мектебі, Қостанайдағы екі жылдық орыс

мектебінде оқып, білім алады. Ағартушылық рухта өскен Спандиярдың бұдан кейінгі бір саналы өмірі ұстаздық қызметке арналады. Көп жылдық жемісті еңбек көрсеткішіндей «Қазақ ССР – іне еңбегі сіңгені мұғалім» - деген құрметті атақ алады, ордендер иегері, депутат аталады.

Ақын аудармашы, прозашы Спандияр Көбеев 1956 жылы өзі туып өскен Ақсуат деген жерде қайтыс болады. Ол – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі болып өтті дүниеден.

Спандияр ең алдымен педагогтігімен бағаланады. Ол – революциядан бұрынғы қазақ даласының ой – қырына білім қоңырауын қағушы Ыбырай дәстүріндегі халық мұғалімі, Ыбырай да, Спандияр да, Бекет Өтетілеуов те – орыс әдебиетінің прогрессивті ықпалының мәуелері.

Ыбырай Алтынсарин ұйқыда мүлгіген байтақ дала көкірегіне соқпақсыз малтып, айқын білім сүрлеуіне салса, сол игі бастаманы Спандияр, Бекеттер дәйектілікпен жүзеге асушылар болды.

Спандияр аудандық, болыстық, қалалық педагогикалық мектептерді бітіргеннен кейін, 1901жылдан ақтық демі біткенше 55 жыл бойы ұстаздық қызмет атқарады. Оның туып - өскен , ұстаздық қызметте болған жерлері Қостанай, Петропавл. Өмірінің сұңғы көп жылдары өзі туып - өскен Мендіқара ауданы, Алакөлдiң жағасындағы Ақсуат ауылында өтеді, сондағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген.

Спандияр Көбеев – қатардағы ғана мұғалім емес, педагогтық істі өмір тілегіне сай творчестволықпен дамытқан ұстаз. Спандиярдың педагогтық жұмысқа кіріскен кезі қазақ мектептерінің оқулыққа өте қардар шағы болатын. Ыбырайдың «Қырғыз хрестоматиясы» - «Махтубаты» сирек кездесетін оқу құралына айналған. Спандияр 1910 жылы Қазан қаласында «Үлгілі тәржімә» деген оқу кітабын бастырып шығарады. Бұл кітапқа Спандияр өзі 1901 жылдан бері аударып жүрген И.А.Крыловтың қырықтан аса мысал өлеңдерін енгізеді. Спандияр И.А.Крыловтың «Қасқыр мен қозы», «Етікші мен бір бай кісі», «Қасқыр мен тырна», «Күйеу таңдаған сұлу қыз», т.б. адам характеріндегі ұнамсыз жайларды мінеп, шенейтін, әлеуметтік теңсіздікті әшкерелейтін мысалдарын аударған. Спандияр 1912жылы екінші оқу кітабын жазады. «Үлгілі бала» аталатын бұл оқулық Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің, Ы.Алтынсариннің оқу кітаптарының үлгісімен жасалады. Кітапқа енген әңгіме, өлеңдер тақырыбы жөнінен әр түрлі еді. Алтынсариннің «Махтубаты», «Кел, балалар, оқылықпен» ашылып, негізі кітап идеясын айқындайтын болса, «Үлгілі бала» орыс тілінен аударылған «Мектепке шақыру» өлеңімен беріледі. Өлеңде нақты мысалдармен дәлелденген өсиет бар, білімге шақыру бар. «Үлгілі балаға» алпысқа жуық әңгіме, өлең, ертеке, мысал енген. Біразы аударма, ауыз әдебиеті материалдары және өз шығармалары. Кітапқа енген «Жетімнің зары», «Қайыршы» дейтін өлеңдер тап қайшылығын ұғындырады.

«Үлгілі бала» - оқушыларға өмірдің барлық саласынан мағлұмат беретін қазақ тіліндегі тұңғыш, сапалы оқулықтардың бірі.

Спандиярдың екінші қыры – жазушылық. Ыбырай сияқты, Спандиярдың да жазушылығы педагогтық ниеттен туған. «Надандыққа, феодалдық ескішіл, өрескел, сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден –

бір жолы халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғушылардың бірі мен едім, бірақ сегіз – тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінді. Издене келе мен осы сақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралдарының бірі – көркем әдебиет екен деген ой түйдім. И.Крыловтың мысал - өлеңдері аудармасының мектеп оқушылары былай тұрсын, халық бұқарасына еткен әсері бұл ойымның дерегі еді. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап, «Қалыңмал» романын жазуға кірістім», - дейді Спандияр «Орындалмаған арман» шығармасында.

1914 жылы Спандияр «Қалыңмал» романын бастырып шығарды. Роман ғасырлар бойы қазақ әйелінің басына бұғалық, аяғына тұсау болған қалыңмал мәселесін, әйел теңсіздігін сөз етуге арналады. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде әйел теңдігі жайына арналған шығармалар аз емес еді: «Қалыңмал», «Қмар сұлу», «Кім жазықты», «Жәмила қыз», «Шұғаның белгісі», т.б. Спандияр бұл шығармасында әйелдер теңдігі мәселесін қозғайды. Ол орыстың классикалық әдебиетінен мол үйрене отырып, романды үлкен шеберлікпен жазды, қазақ әдебиеті тарихында алғаш роман жанрында боразды тартты. Жазушы орыс әдебиетінен үйрене отырып, ел тұрмысын терең зерттеп, ел ішіне Россия жаңалықтарының сәуледей сіңуін сезіне білетіндігін аңғартты. Тек жалғыз Байғазының: «Бас ауылнай жағына барып, съезд құрып келеміз... Ел де бұзылып біткен ғой. Әсіресе, жесір дауы – ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылған келіншек..., кейбіреулер құдасынан айырылмақшы...» - деген сөзіне назар аударайықшы.

Неге бұлай? Бұған дейін қазақтың ата салтында қыз күйеуін менсінбеу, келіншек байынан, кейбіреулер құдайласқан құдасынан айырылу деген болып па еді? Жоқ, болған емес. Бұл – заман өзгерісі, адам санасына енген дәуір лебі. Жазушы бұл жайларды кейіпкерлер диалогі арқылы шебер түйіндеген. «Қалың мал» романында жетпіс шамалы кейіпкердің аты аталады. Романда қарама – қарсы екі топ әрекет етеді. Бірі – ескілік өкілдері, сол дәуір тіректері: Тұрлығұл, Итбай, Байғазы, Құрымбай, Әбіш, т.б. Екіншісі – ізгілік жанашырлары, әрекет иелері: Ғайша, Қожаш, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс Әлке, Бірке, Жүніс. Романда оқиға дамуының өне бойында жүйелі байланыс бар. Бір істің бір іс себебі болып отырады. Тұрлығұлдың әйелі өледі. Сондықтан Ғайшаны айттырады, Ғайша басы бұғалыққа ілінгенін көрген Қожаш өз махаббатын білдіреді. Бірақ жазушы оқиғаны түзу жолмен зырлатып дамыта бермейді, шиеленіс туғызады. Серғазы үйінен аттанғалы жатқан Ғайша мен Қожашты Итбайлар сезіп қалып, жібермей, алып қалады, көп ұзатпай Тұрлығұлға ұзатып жібереді. Ғайша Тұрлығұлға берілмейді, т.б.

Спандияр Көбеев романда Итбай сияқты сараң, атакқұмар, малқұмар бейнені жасауда біраз шеберлік байқатады. Жазушының Н.Гоголь, С.Шедрин шығармаларын зерттей үйрене білгендігін аңғарамыз. Қожаш, Әлке, Бірке, Жүніс сияқты халық өкілдері бейнесін жасап, Серғазы сияқты

адамгершілік иесін үлгі етеді. Серғазы туыстық қанына тартып, Итбай мүддесін ойламай, адамның жүрекпен екі жастың арманына жетуіне қам жасайды. «Қалыңмал» сюжеттік желісіндегі кейбір босандығы бола тұрса да, жастарды өз бақытын өздері жеңіп алуға шақыратын өнегелі шығарма болды.

Спандиярдың өмірінің соңғы кезінде жазған әдеби еңбегі – «Орындалған арман» атты өмірбаяндық шығарма. «Қилы кезеңдер», «Орындалған арман» атты соңғы екі бөлімінің әдеби болуының солғындығы, кейбір шала пісірілген эпизодтары бола тұрса да, «Орындалған арман» бар өмірін халық ағарту ісіне жұмсаған ұстаз өмірін бейнелейтін маңызды туынды.

Спандиярдың педагогтық, жазушылық еңбегін үкімет пен партия жоғары бағаланады. Ол 1939 жылы көп жылдық педагогтық қызметі үшін Ленин орденімен наградталады. 1940 жылы қарт педагог Советтер Одағы Коммунистік партиясының мүшелігіне өтеді.

1944 жылы Көбеевке «Қазақ ССР мектептеріне еңбегі сіңген мұғалім» атағы беріледі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталады. 1946 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланады. 1947 жылы Қазақ ССР Оқу министрі «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін береді. 1949 жылы Спандияр Ленин орденімен екінші рет наградталады.

Әрі педагог, әрі жазушы, әрі қоғам қайраткері Спандияр Көбеев – ұстаздығымен, оқулықтар жазуымен, аудармашылықпен, көркем шығармаларымен халық тарихына өз есімін жазып кеткен ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократтық – бұқарашыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі.

Пысықтауға сұрақтары:

1. “Үлгілі тәржіма” кітабы
2. “Үлгілі бала” жинағының тәрбиелік мәні
3. Қазақ топырағындағы көлемді прозаның алғашқы үлгілерінің бірі “Қалың мал” романы
4. “Орындалған арман” мемуарлық шығармасы

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. – Алматы, 1958.
2. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы, - Алматы: Қазақ университеті, 2002
3. Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997

№12. Дәріс тақырыбы: Сәбит Дөнентаевтың өмір жолы мен шығармашылығы.

Дәріс мақсаты: С.Дөнентаевтың өмір жолы және ағартушылық, демократтық бағыттағы шығармалары, поэзиясы (Мысал өлеңдері).

Тірек сөздер: ағартушылық, демократтық бағыт, сатира жанры, Абай дәстүрі, шыншылдық бағыт, мысал өлеңдер, шағын өлең үлгісі,

Дәріс мазмұны: Қазақ әдебиетінің көкжиегінде Қазан төңкерісінің алдында көтеріліп, кеңес дәуірінде де қалам тартқан көрнекті ақындарымыздың бірі – Сәбит Дөнентаев. Оның көркем шығармалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің елеулі бір буыны.

С. Дөнентаев 1894 жылы Павлодар облысының Ақсу ауданында кедей – шаруа жанұясында туып өскен. Әкесі өз заманының көзі ашық адамы болған. Ол жалғыз баласына жас кезінен білім, тәрбие беруді мақсат тұтып, алдымен ауыл молдасы, 1908-1912 жылдары Павлодардағы татар және Қасым қажы медресесіне беріп, дін жолына әзірлемекші болады. Қасым медресесі төте оқуға негізделген еді. Сол себепті онда дін ғана емес, арифметика, география, тарих, ана тілі пәні пәндері де оқытылған. Мұны аяқтаған Сәбит әкесі ойлағандай молда емес, төте оқудың мұғалімі болып шығады.

Қасым қажы медресесін бітірген соң Сәбит 1913-1919 жылдары Павлодар облысының Ұрық болысында мұғалім болып қызмет істейді. Қала тұрмысын көріп, 1905 жылы оқиғасынан нәр алған ақынның көркем әдебиетке қызығуы осы жылдары күшейе түседі. «Айқап» журналын, «Уақыт» газетін оқыған Сәбит замана жайын, саяси оқиғалардың сырын ұғына түседі. «Айқапта» істеген өзінің досы әрі ауылдасы С. Торайғыровпен де хат арқылы пікірлесіп тұрған. Осы кезеңде Абай, Тоқай шығармаларын оқып, ел тағдырын суреттейтін өлеңдерін жаза бастайды. «Қиялыма» деген тұңғыш өлеңдерінің бірі 1913 жылы «Айқаптың» 22-санында басылған. Жас ақынның халықты прогресс, азаттыққа жеткізуге қалай талпынғанын білдіру ретінен бұл өлеңнің өзгеше мәні бар:

Таза жүн, түсі әдемі бір құс болсам,
Бұтаққа көңілім сүйген ұшып қонсам.
Зарымды жұртқа айтарлық сайрағыш боп,
Уа, дүние, шағып мұңым, көркем шолпан.
Бойда күш, жанда қанат болған күнде.
Кім тұрсан құмдық, таулық жерде сортаң.
Жүзсем – көл, қонсам – орман, ұшсам – дала,
Не қажет маған байлық, патша сұлтан.

Мұнда қазақ халқының басындағы ауыр жағдай, олардың азаттық аңсаған талабы жинақталған. Бұл туындысын С.Дөнентаев 1905 жыл оқиғасының әсерімен жазған еді.

1915 жылы ақын «Уақ – түйек» деген атпен екі бөлімді өлеңдер жинағын бастырып шығарды. Онда барлығы 44 өлеңі жарияланған. Көбісі ағартушылық рухындағы саяси лирика, ескілік сыны, бірқатары көңіл күй жырлары болып келеді.

1914 жылғы дүниежүзілік соғыстан соң патша өкіметі жарлық шығарып, қазақтан майданға қара жұмыскер алуды ұйғарады. Оған 19 бен 43 жастың аралығындағы адамдар ілігуге тиіс болған. Бұл кезде 20 жасар Сәбит Екібастұзға барып жұмысқа орналасады. Бірік ауыр жұмысқа жарамай, Семей уезінің Сейтен болысында мұғалім болады.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі күндері ол патшаның тақтан кетуін қолдап, өзінің «Бостандық» деген өлеңін жазған. Бірақ билік уақытша буржуазиялық өкімет қолына көшіп, елге шын мәнінде бостандық тимеген еді. 1917 жылдың мамыр айында ақын Семейдегі «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газетінің жұмыстарына араласады. 1919 жылдың соңына қарай еліне оралып, үйленіп, оқу – ағарту ісімен шұғылданады. Сібірдегі Колчак өкіметі құлаған кезде Сәбит Павлодар ревкомының қаулысымен аудандық сот болып қызмет атқарады.

1924 жылы С.Дөнентаев Семейдегі «Қазақ тілі» газетінде қызмет атқарған. Ақынның кеңес әдебиетіне келуі де осы кезеңмен тұстасып жатады. 1929 жылы ол Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшелігіне алынады.

1930 жылы С. Дөнентаев тағы да өз аулына оралып, мұғалім болады. Келесі жылы Семейге қайта келіп, «Жаңа ауыл» газетіне орналасады. 1932 жылдың қазан айында көптен қалмай жүрген безгек ауруы қозып, айықпас дертке шалдығады. Біраз уақыт төсек тартып жатады да, 1933 жылдың 23 мамыр күні қайтыс болады.

Кедей басындағы ауыр халді көрсететін өлеңдерінің бірі – «Өгей ұл» мен «Екібаста». Мұны ақын 1916 жыл оқиғасына үн қосу ретінде жазған. Ұлтшылдар 1916 жылы жазалаушы жасаққа еріп елдің еркіндікке ұмтылған ұлдарын жазаға тартып жатқанда, С.Дөнентаев халық жағына шығып, оның мүддесін қорғайды. Бұл екі өлеңінде байлар қанауының сыны да бар. «Өгей ұл» өлеңінде байлардың өз інісінің жетім баласын құл, жалшы етіп, ақырында оны суыққа үсіріп өлтіргені суреттеледі.

Өгей ұл өзінің жалшылық халін түсінбей, байдың өз баласымын деп ойлайды. Бірақ бай оны арзан құл етіп алған еді. Сол бала жылқы соңында жүргенде бір жеті боран соғып, суықта үсіп өледі:

Бай шақырып дос-жаран,
Айтып жөнін, жоспарын,
Ақылдасты, кеңесті.
Қыз айттырмай балаға,
Қалмалық деп жалаға,
Жаулы қылды «е» десті.
Түстен соңғы тілеумен,
Құда болып біреумен,
Естіртіп кеп балаға,
Қуанбайтын түрі жоқ,
Бар айыбы тілі жоқ,
Қол сермеді бала да.

Осынша үлкен трагедиямен ақын байлардың шектен асқан екіжүзділікке көшкенін сынайды. Баланың шешесі күң, өзі құл болып өледі.

«Екібаста» деген өлеңінде ақын қазақ кедейлерінің ауыл арасынан күнін коре алмай, өндіріске жұмыскер болып жалданып, табысы тамағынан ауыспағанын суреттейді.

Екібасқа жұмысқа келген жұмыскерлердің көргені жалшылық, бай малын бағу, сиырын сауу ғана болса, ақын өндірістегі өмірдің де құйқылжып тұрмағанын айтады:

Завод тұр көк түтіні аспанға атып,
Отырсың шайға қанбай көзің терлеп,
Қасаптан арқан бойы ет алуға,
Ерініп бір-біріне «әкем бар» деп
Тамаққа тапқан табыс жетпейтін боп.
Айтқан көп елге сәлем «ас жібер» деп.
Күшіктей жұртта қалған дыбыс тыңдап,
Екі көз төртеу болды «кім келер» деп.
«Жолдастар, уайымға берілмелік»,
Деп бірі біреуіне қайрат бермек.
Ақырда әр нәрсеге сабыр артық,
Өзелде хақ жазғанын бенде көрмек, -

деп, олар бір-біріне ақыл айтқан болады. Бұл көбіне жұмыскер тақырыбы мен капиталистік қанауға арналған өлең.

С. Дөнентаев ағартушы болғандықтан оқу – білім мәселесіне үлкен мән берген. Оның жарқын үлгілері – «Замандастар», «Талап». «Балалық», «Менің жайым» сияқты өлеңдер.

Осы оқу-білім тақырыбын ақын «Балалық» атты өлеңінде елдің жалпы прогреске жету идеясымен ұштастырады. Мәдениетсіз ел – бала, сол балалық шақты тастау қажет дейді.

«Менің жайым» өлеңінің де идеясы аса терең. Сырттай ол көңіл күй жыры сияқты, бірақ көтеретін тақырыбы – ел басындағы мешеулік, надандық, еркіндік мәселелері. «Биік тау» деген өлеңінде ақын біз биік таудың панасына келдік, болашағымыз сонда деген ойға шылбыр берген.

С. Дөнентаев өз стилі, ырғағы, алуан түрлі образдау тәсілі бар ақын. Ол өлең жанрын көңіл күйі, саяси лирика, сатира, күлдіргі мысал түрлерімен байытады. Сатирасының ашық және жабық формалары бар.

С. Дөнентаев өлеңдері өте қысқа, бірақ мазмұнды, ойлы. Көркем жазылған. Мұны ықшамдылық дейміз. Қысқа өлеңдермен – ақ үлкен образ тоқып, үлкен идеяны, терең ойды береді.

С. Дөнентаев қазақтың революция алдындағы және кеңес дәуіріндегі әдебиет тарихынан үлкен орын алатын көрнекті суреткер, ойшыл. Өз стилі айқындалған шебер жазушы.

Пысықтау сұрақтары:

1. Ақын шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының қалыптасып дамуына қосқан үлесі
2. Өлеңдерінің тақырыптары (Заман кімдікі), “Менің жайым”. “Уақ-түйек” жинағы.
3. Мақалалары

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов Б. С. Дөнентаевтың ақындық жолы, 1966
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті

3. Дөнентаев С. *Ұрпағыма айтарым*, 1989
4. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия*, 1994
5. *Қазақ поэзиясының антологиясы*, 1993
6. *Қазақ әдебиетінің тарихы.*, 1965

№13. Дәріс тақырыбы: Нарманбет Орманбетұлы, Ғұмар Қарашұлы, Ығылман Шөрековтердің шығармашылық өмірбаяндары.

Дәріс мақсаты: Нарманбет Орманбетұлының өлең өрнектері. Ғұмар Қарашұлының өлеңдері. Ғұмар Қарашұлының аударма жанрына қосқан үлесі. Ығылман Шөрековтың әдебиет тарихындағы орны.

Тірек сөздер: абай үлгісі, реалистік үн, әділетсіздікті сынау, сауатсыздық кеселі, поэтикалық бояу, көркемдік құрал, батыл айшықталу, сыншылдық сарын, дайын сюжет, түпнұсқа, дәстүрлі қазақ өлеңі, аудармашылық стилі, өлең өрнегі, ауыз әдебиеті үлгісі

Дәріс мазмұны: Нарманбет Орманбетұлы (1860 – 1918) Қарағанды облысы, Қарқаралы төңірегіндегі дүниеге келген. Он жасынан бастап Қарқаралы қаласындағы екі класты орыс мектебінде оқиды. Жасынан Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай, Абай өлең, толғауларын сүйіп оқиды. Жадына тоқып өседі. Сонымен қатар орысша сауатты ол А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Л.Н.Толстой шығармаларымен де жастай танысады. Қазақ және орыс әдебиетінің қызықты тұлғалары туындыларын сабақтастыра оқу өз жемісін берген. Ол он төрт жасынан өлең жаза бастайды. Жастайынан ел басқару ісіне араласқан. 1917-1918 жылдары Қарқаралы қаласында уездік сот қызметінде болды. Нарманбет өлеңдерінің негізгі тақырыбы – оқу–білім, адамгершілік, ел тәуелсіздігі. Ол өмір құбылыстарын саралай келе, шындықты көркем бейнелеуге, оны философиялық ой – тұжырымдармен түйіндеуге ұмтылған. Нарманбет отаршылдыққа қарсы «Оян, қазақ!» деп ұран тастап, 1905 жылғы дума сайлауында «Талап етер күн туды, кел ұйқыдан тұрайық» деп сөз бастаған. Ол орыс отаршылдығын, ел басындағы қасіретті, азаттыққа қол жеткізуді жырлаған. Патшаның тақтан құлауына қуана қарсы алып, «Тілек берген күн» атты өлеңін шығарса, оның «Айшаға», «Жамалға», «Дауысың қалай асыл – ды» атты өлеңдері махаббат, жастық тақырыбына арналған. Нарманбет Артына төрт жүз мыңдай өлең жолдарын қалдырып өтті ақын дүниеден.

Базаралы Бұқар, шерлі Шортанбай жырлары әсері болар отарлық езгі, орыстық өктемдікке қарсы үн көтерген, ұлттық болмыс, ұлттық тәуелсіздікке үндеген ақын. Сонымен бірге ол ұлы Абай рухында өскен. Оның өлеңдерінен ұлы ақын шығармашылық рухы айқын аңғарылады. Сусындап өскен мектебіне қарай, өлеңдерінен аңғарылған өктем үнемі қарай Н.Орманбетұлының мұрасы көп уақып жабық жатты.

Ақынның жыр жинағы «Нарманбеттің өлеңдері» (1939ж) деген атпен жарық көрген. Онан соң ақын әдеби мұрасына қайта тыйым салынып, тек соңғы жылдары ғана қайыра әңгімелене бастады.

XX ғасыр басындағы әдеби ортада бекзаттығымен көзге түскен Нарманбет Орманбетұлының әдебиет құбылыстары пайымы замандастарынан аса айрықшаланбайды. Байыппен жүріп соңына мол мұра

қалдырған ақын, әлбетте, руханиятқа бейжай қарамаған. Ол да ақын ұлтқа қызмет ету керек деп есептеген. Осы ойын Нарманбет:

Ақылдан түк пайда жоқ,
Қырандай қағып кезбесең.
Білімнен түк пайда жоқ,
Өз мініңді білмесең.
Ақындықтан пайда жоқ,
Гибрат, тағлым бермесең, -

деп термелеп жеткізеді. «Ұран» атты өлеңінде ақындарға «Халқымызды қайралық...Атқан оқтан таймалық» дей келе:

Пушкин мен Лермонтов
Біздей ақын емес пе?
Ақын болған адамдар
Жұрттың қамын жемес пе?

деп бір қайырады.

Нарманбетте саяқ даралық қасиет басым. Құдай бермегенді үйретіп болдыруға оның күмәні бар:

Әл керек, ақыл керек үйретуге,
Жеткізбей талай жерге сүйретуге.
Әркімнің ықтияры өз мүлкінде,
Шама жоқ көлденең кеп илетуге.

Ақын өз шеберлігін сынап, бір кездері сырттай Абаймен «сөз жарыстырыпты». Енді бір «Сөз» атты шағын өлеңінде өзінің Абай мектебі өкілі емес екенін тұспалдап айтады. Мұның бәрі Нарманбеттің ізденісі және жалпы әдебиет тәжірибесінде кездесетін жайлар.

Шығармаларында көркемдік шамасы келгенше қамтыған Н.Орманбетұлының талғам – таразысы мынау:

Асыл сөзге кез болсаң,
...Ой – санаңа жинай бер.
Сөйлер жерің кез болса,
Ұққаныңды жырлай бер.
Алар адам кез болса,
Аямай соған құндай бер.
Ой – шырағың жағылса,
Іші – сыртын сырлай бер.

Сонымен Нарманбеттің әдеби – эстетикалық тұжырымдамасы: ақынға жұрт қамын жеу, іздену, мықтымен жасқанбай жарысу, көркемдік пен ойды тең ұстау – парыз дегенге саяды.

Ғұмар Қараш (1875 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданында дүниеге келген) – ақын, қоғам қайраткері. Жастайынан жетім қалып, ағайын – тумаластарының қамқорлығымен ауыл молдасынан оқып, сауат ашады. 1902 жылы өз ауылында бала оқытады. 1911 – 13 жылдары «Қазақстан» газетінің жұмысына ат салысқан. Сол жылдары Орынбор қаласында, Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен, ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып, «Шайыр», «Көксiлдер» атты екі жинақ жариялайды.

Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Тумыш», «Аға тұлпар», «Тұрымтай» аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Бәдел хажы» дейтін үш зерттеу кітабы жарық көрген. Ғұмар Қараш өлең – толғауларында, көсемсөздері мен мақалаларында заман, өмір, дін – шарифат, табиғат, махаббат, т.б. мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екі жүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттайды. Өлең, толғаулары философиялық ой – пікірлерге бай, бейнелі, әсерлі. Ғұмар Қараш 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ұйымдасқан «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қарап, «Алаштың азаматтарына» атты арман мен үмітке толы өлеңдерін жариялайды. Ғұмар Қараш қоғамды қан төгіспен, күшпен, зорлық – зомбылықпен өзгертуді қаламаған. Бірақ амалсыздан кеңестік кезеңге икемделуге тура келгенін сезініп, рухани толғанысқа түседі. 1917 жылы мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне, сол жылы 5 – 13 желтоқсанда Орынборда өткен 2 – жалпықазақ съезіне қатысып, баяндама жасайды. 1918 жылы Ордадағы педтехникумда сабақ береді., Бөкей губ. Мұғалімдерінің 1 – съезіне , 1918 – 1920 жылдары өткен Бөкей губ. Кеңестерінің 1-,2-,3-,4-съездеріне делегат болып қатысады. 1919 жылы Бөкей губаткомында қызмет істейді, коммунистік партия мүшелігіне өтеді. Қазақтың тұңғыш пед. Журналы «Мұғалімге» басшылық етеді, сол журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. 1920 жылы Бөкей губаткомында бөлім басқарады. 1921 жылы 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қарақшылар қолынан қаза табады. Ғұмар Қараш – ХХ ғасырдың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап», «Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет, журналдарда «Бұл қай заман?», «Тіршілік таласы», «Тәнсіз жан жоқ», «Жастарға», «Әрине күнелту керек», «Ұлт және туған тіл», «Әсер», «Қазақтар хақында», «Әйелдер хақында», «Заң мәселесі», «Жүгенсіздік адамға жол ма еді?», т.б. мақалаларын жариялаған. Ғұмар Қараш шығармаларын «Ғұмар Қараш баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ахунд Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар әл – Қараш», «Бөкей елінің бір баласы», «Ғұмар Қараш», «Ғ. Мұштақ», «Оразақай», «Қазақәев», «Ғұмар Қарашев» деген есімдермен жарияланып отырған Ғұмар шығармалары мектеп оқулықтарында, орыс тілінде де жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы» мен «Қазақ ақындары» жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Өлең, толғаулары мен философиялық ой – толғамдары және әңгәме, мақалалары 1994 жылы жарық көрді.

Ғұмар Қараш М.Абдо мен Ж.Афғани реформаларынан хабардар еді. «Ойға келген пікірлерім» атты фалсафалық еңбегінде Мысырда оқыған, бірақ ізденгісі келмеген бір мұғалімге: «Рух туралы төрт кітап оқығаннан гөрі, Мұхаммед Ғабдһудың Бахра сүресі туралы тәфсірін оқығаның дұрысырақ шығар» , - деп айтқанын жазады. Әлбетте, Ғұмар бұл жерде басты ислам кітаптарын оқыма деп тұрған жоқ. Оның айтпағы – канондарды таптаурын етпей, тазарту һәм тарату турасында болып отыр.

Ғұмар милләт мәселесіне де осы оймен қарады. Елдің жанаруын, өрістеуін қолдады. 1911 жылы шыққан «Бала тұлпар» кітабында ақын халқына «Байғұс қазақ, көзіңді аш» дей отырып:

Ұйқыңды ашып оянып,
Айқын тура жолменен
Ұмтыла сен де желерсің,-

деген сенім сөзін айтады. Сондай – ақ Ғ.Қараш қиын әрі күрделі заманның келгенін өзінше салмақтап:

Әзірлен, қазақ, әзірлен,
«Тіршілік» деген соғысқа, -

дейді.

«Бала тұлпарда « ақын қазақ қауымындағы әлеуметтік топтардың кемшілігін бас – басына қойып атап көрсетеді. «Төрелігін теріс бұрған» әкім, «жігіттік құрған» қарт, «аузы түкті хохолға сабарған» ер, «ала бөлек жау» ағайын, «ғылымның төте жолынан теріс бағытқа бұрған» молда – бәрі, Ғ.Қараш пайымынша, надандық жемісі. Ол мұны «Бізден соңғы балалар, Ғылым көзін ашқан соң, Ілгері аяқ басқан соң» жойылады деп санайды. Ақын сенген балалар – милләтшілдер еді. Бірақ олар жас, балаң ұлтшылдар болатын.

1914 жылы жарияланған «Аға тұлпар» кітабында ақын ұлт, милләтшілдік мәселесіне жаңаша тұрғыдан қарайды. Бұл оның өлеңіндегі мына жолдан аңғарылады:

Атқа мінген бала бар,
Ел бастаған аға бар
Не жүрісте жүргенін,
Білмей де ерген және бар...

Ұлтының намысын, халқының келешегін ойлаған Ғ.Қараш Аллаға сыйынып еліне – зерде, құт – береке, жауына – дүниеде имандылық барын біліп жүруді тілейді.

Ақын Ғ.Қараштың отаншылдық хақындағы пайымы да айрықша. Діндар Ғұмар туған жер – Қағбаң деп ойланбай айтты деуге болмас. Әрбір зат пен ұғымның орнын, маңызын қапысыз аңғаратын ақынның ислам құндылығы есебіндегі жер атын кіндік қаны тамған жерге балауында негіз бар. Бұл қағбаны қадірле, Қағбаны қадірлегендей өз жеріңді қадірле» деген сөз. Осы ойы «Тіршілік мұраты» өлеңінде төмендегіше өрлейді:

Әуелі қолдан келсе еліңді сүй,
Ел үшін еңбек еткен еріңді сүй.
Қағбаға тауап ету керек болса,
Кір жуып, кіндік кескен жеріңді сүй.

Елін, жерін аса қадірлеген, сол үшін азаматтықта да, ақындықта да аянып қалмаған Ғұмар адамзат пен милләтке ең ділгір қасиет ретінде ар – ожданды айтады. Татардың «Шора» журналында 1911 жылы жарияланған «Ар – ождан – сенім өлшемі» атты мақаласында ол: «Әрбір жағдайда ар – ождан биік тұруы керек. Сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ» - деп жазады.

Ығылман Шөреков (1876 – 1932) қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған ақын, ауыз әдебиеті асыл қазыналарын, Махамбет, Шернияз жырларын жасынан жаттап өскен, жадына тоқып ержеткен. Соның әсері болуы керек саналы өмірінің бірсыпыра уақытын Исатай – Махамбет бастаған көтерілістің ақиқатын зерттеуге арнайды. Ел аузында сақталып қалған естелік әңгімелерді зерделейді. Ұзақ жылдық дайындық нәтижесінде атақты «Исатай – Махамбет» поэмасын жазады. Махамбет шығармалары текстологиясын әңгімелегенде зерттеушілердің Ы.Шөрекеовтің «Исатай – Махамбет» дастанына орала беруінде осындай мән бар. Алмас қылыш – ақын өмірі мен шығармашылығынан дастан көп мәлімет береді. Дастан – ақынның негізгі туындысы. Дастаннан өзге бірді – екілі өлеңдері ғана бар ақынның.

Ығылман Шөреков – ақпа ақындық дәстүрдегі бір сала әдеби ортаның біздің дәуірімізге жеткен көрнекті өкілі. Махамбет жырларын Қуан жырау, одан Мұрат ақын, одан Ығылман үйренген. 1925 жылғы жинаққа енген Махамбет өлеңдері түгелдей Ығылман айтуынан жазылған. Махамбет өлеңдері мен Исатай, Махамбет көтерілісі тарихын жақсы білетін ақынның «Исатай, Махамбет» поэмасында шаруалар көтерілісінің көркем шежіресін жасауы - әдебиет тарихына қосылған елеулі үлес. Қазақтың өткен дәуіріндегі ақындары мен шешендері, батырлары туралы толғаулары, топ алдындағы тебіреністері – бәрі де үрдіс ақындық қуаттың жемістері. Ығылман сауатты, білімді адам болған. Бірақ ақын қолжазбалары әзір ешқайдан кездесе қойған жоқ.

Бұрын халықты игілікке, ізгілікке, адамгершілік биік мұраттарға шақырып келген бірқатар бұқара жыршылары бірден Октябрь революциясы, В.И. Ленин көрегендігін жырлап, жаңа дәуірді жырға қосады. Мұндай сипатты В.И.Лениді, жаңа дәуірді тебірене жырлаған Елбай Қосымбаев пен қолбасы, революционер ақын Бисен Жәнекешов өлең, толғауларынан айқын байқаймыз. Бір өкініштісі, дәуір сырын, тап қайшылығын, Октябрь рухын терең сезіне білген аталған ақындар мұрасы әлі түгел жиналмаған. Елбай мен Бисеннің азын – аулақ өлеңдері ертелі – кешті қолжазба қорларына тапсырылған, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған, ел аузынан жиналған.

XX ғасыр кезінде жыраулық, ақпа ақындық дәстүрмен келген ақындар аз болған жоқ. Өз Өмірінде сол дағдыны Берік ұстанғандары: Насихат, Сәпек, Балта, Аралбай, Өмір сияқты ақындар.

Сәпек өлеңдері аз сақталған, яки жиналмаған, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының қолжазба қоры мен «Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабындағы азын – аулақ өлеңдеріне қарағанда да Сәпектің өңзі туралы, өктем де қуатты сөздерінен Шөлгез, Қазтуған, Жиенбет сияқты бағзы жыраулардың ақпа – төкпелік ақындық дәстүрінен үлгі алған ақын екендігін тануға болады. Ол өз дәуірінің өзекті мәселесі – Исатай, Махамбет көтерілісінен кейін Нарындай атақоныстан ауа көшкен дүрбелең кезеңді тебіреніспен толғаған.

Табиғат сұрапылы – жұтқа кезіккен халық тағдыры мен жалғыз баласын – өз басына түскен ауыр қасіретті нәрлі де мәнді жырлаған Аралбай

өнегесі де, оның әрі ақын, әрі жыршы шәкірті Өмір Көшекбайұлының дағды – дәстүрі де суырып салмалық, ақпа ақындық өнер. Өмір - өзіне дейінгі ақындар мұрасы мен «Қырық батыр» жырларын таратқан жыршы ақын.

XX ғасыр басында ақпа ақындығымен ерекше танылатын ақын – Насихат Сүгірұлы. Насихат сөздері бейнелі, өткір, оның өлең, толғауларына кейде жүйріктей жүйіткіп, есіле, көсіле құйғытып келетін шалқар шабыт та, тегеуіріні темір үзгендей өр рух та бар. Насихат – Махамбет өршілдігін ұстанғанмен өзіндік ақын айқын беті, өзгеше өнер өрнегі бар ақын.

Ығылман, Мұқан, Қайыпназар, т.б. көптеген ақындар ақпа ақын, жыраулық дәстүрден келгенмен кейін жазба дағдыны ұстанған. Соған қарағанда XX ғасыр басында бағзы ақпа, Суырып салмаоық ақындық дәстүрдегілерден гөрі жазба ақындар әлдеқайда көп болған. Ол – мектеп оқып, білім, ғылым дәмін біліп, өзге ел әдеби нұсқаларымен танысуға мүмкіндік алған кезеңнің заңдылығы.

Пысықтау сұрақтары:

1. Нарманбет өлеңдерінің поэтикалық бояуы
2. Ғұмар Қарашұлының поэзиялық шығармаларының реалистік сипаты
3. Ғұмар Қарашұлының аудармалары
4. Ығылман Шөрековтың “Исатай-Махамбет” дастаны

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
3. Қараш. Ғ. Замана. – Алматы, 1994
4. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – А., 1993

№ 14. Дәріс тақырыбы: Әріп Тәңірбергенұлы, Бернияз Күлеев, Тайыр Жомартбайұлының шығармашылық өмірбаяны

Дәріс мақсаты: Әріп Тәңірбергенұлының ақындығы, аудармалары. Бернияз Күлеев өмір жолы, поэзиясының ерекшеліктері. Тайыр Жомартбайұлының “Қыз көрелік” романы және оның тақырыбы.

Тірек сөздер: сатира, заман мәселесі, символшыл, декангент ақындар, ауыз әдебиеті, ағартушылық сарын.

Дәріс мазмұны: Семей облысы, Жарма ауданында туған Ә. Тәңірбергенов (1856 – 1924) ұлы Абайдың ақындық мектебінің түлегі. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. 11 - 12жасында ауыл медресесінде, бастауыш орыс мектебінде оқыған. 1877жылы Семейдегі уездік училищеге оқуға түсіп, оны 1881 жылы үздік бітірген. Семейде оқыған кезінде Абаймен танысып, оны өзіне ұстаз тұтқан. 1882 – 1884жылдары Сергиополь уезінде тілмаш болып істеді. 1884- 1887ж. Шәуешек қаласында Ресейдің Қытайдағы елшілігінде тілмаш болып қызмет атқарады, одан кейін Қапалда, Бішкек және Алматы қалаларында почта саласында істеп, 18900жылы өзі туып өскен Қандығатай, Еңірекей болыстарында тілмаш болды. Әріп татар, орыс тілдерін жетік білуімен бірге араб, парсы, түрік, қытай тілдерін жақсы

меңгерген. Шығыс және орыс классиктерінің әдебиетін оқып, нәр алған. Бала күнінен ақындық жолға түсіп, ақындар айтысына қатысқан. Өлеңді қолма-қол суырып салып айтуға шебер, айтыс өнерінің өрен жүйрігі болды. Оның Сәдір, Қуанышбай, Қаумет, Боранбай ақындармен, Көкбай, Әсет сияқты Мабайдың талантты шәкірттерімен айтыстары белгілі. Әріп шығыстың ғажайып оқиғалы ертегілік сюжетіне құрылған бірнеше дастан жазған. Оның алғашқысы «Зияда – Шаһмұрат» дастаны 1884 жылы жазылып, 1890, 1892, 1893, 1896, 1909, 1912 жылдары немере туысы Жақып Байжігітұлының атынан Қазан қаласында баспадан шыққан. «Қисса – и - Бәһрам» дастаны 1908, 1912 жылдары жарық көрді. Осы шығармалары және «Қожа Ғапон» «Нұрғызарун», «Таһир» дастандары – махаббат тақырыбына арналған қисса үлгісіндегі туындылар. Әріп сонымен бірге, ислам дінін жақсы біліп, мұсылмандық әдет-ғұрыптарды зерттеген. Әріптің қиссашылдығын айыптаған Абайдың сынынан кейін ол өз кезінің әлеуметтік өмір шындығын жырлауға бет бұрып, қарапайым халық жоқшысы болды. Өлеңдерінің тақырып аясы кеңейіп, ғылым, білім, еңбек туралы шабыттана жырлап, сараң байлар мен жебір би – болыстарды, өтірікші - өсекшілерді, халық есебінен күн көруші пайдакүнем алаяқтарды сын тезіне алады. Көптеген өлеңдерінде қалың мал сияқты ескі әдет – ғұрыпты әшкерелеп, әйел теңдігі мәселесін батыл көтерді, өнер – ғылымды насихаттап, жастарды білім алуға шақырады. Әріп өз шығармашылығында Абайдың дәстүрін ілгері жалғастыра білді. Қапалда қызметте болған кезінде атақты ақын қыз Сатамен танысып, ғашықтық жырларын арнады. Біржан – Сара айтысын көркемдік жағынан қайта өңдеп, хатқа түсірді, баспаға ұсынып, мәңгілік мұра етіп қалдыруда көп еңбек сіңірді. Әріп 1913 жылы айтыс түріндегі «Тәуке – Ұрқия» дастанын жазды. А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын еркін аударма үлгісінде өлеңмен қазақ тіліне аударды.

Әріп төңкерістен бұрын бірнеше қисса – дастан жазған ақын. Атақты «Біржан – Сара» айтысының бір нұсқасын жазған да Әріп.

Ақын 1924 жылы күзде туған елінде қайтыс болады. Оның шығармалары «Ұмытпаңдар мені» деген атпен Ө.Есназаров құрастыруында 1969 жылы жеке жинақ болып басылды.

Бернияз Күлеев (1899 – 1923) қазіргі Ресей елі, Орынбор облысының Бөрте ауданында дүниеге келген. Ескіше, жаңаша жап – жақсы білім алған.

Қос ғасыр тоғысында ғұмыр кешкен табиғатқа тіл бітірген тамылжыған лирик, махаббат отын маздатып жаға да білген, махаббат отына өртеніп жана да білген ғажайып сұлулық, іңкәрлік жыршысы. Махаббат – сүйіспеншілік дүниесін бар жан – тәнімен жырлаған ақын махаббат драмасына ұшырап қаза тапты ақыры.

Мәселен былай болған еді :

Іңкәр жүрек жас жігіт татар қызына ғашық болады. Ол да, бұл да бір – бірін беріле сүйеді. Екі жүрек бір соғады, өмірде қол ұстасып бір жүрмекке, өсе бір молдада жатпаққа серттеседі. Үйленуге қыздың ата – анасы рұқсат бермейді. Қиналған жан, қарайған қан, шарасыз хал өлімге бас тіккізеді. Қос мұңлық қоштасып тұрып атылады. Екеуі де опат болады. Татар ағайындар

махаббат трагедиясынан «Наған жыры» аталатын ән шығарып, айтып жүріпті.

Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыды. 1918 жылы Кеңес өкіметі қызметіне араласты. 1920 жылдан өмірінің ақырына дейін Қаз АКСР Халық ағарту комиссариатының кітап бастырушы өкілі ретінде Қазақ қаласында жұмыс істеді. Өлең жазумен жастайынан әуестенді. Ол «Қыздың мінажаты», «Қызықты жаз», «Қазақ қызы», «Түн», «Бостандық күнінде», «Әйелдер сөзі» т.б. өлең – толғауларында махаббат, достық, бостандық тақырыптарын жырлады. «Жердің жүзі жаз еді», «Қайда екен», «Жорық» атты поэмаларында қазақ елі бастан кешкен әлеуметтік мәселелерді толғады. Күлеев – сыршыл лирик ақын. Оның бірқатар өлеңдерінде мұнды сезім, тарығушылық сарын ұшырасқанымен шығармаларында, негізінен, азаматтық әуен басым. Күлеев аудармамен де айналысып, А.С.Пушкиннің «Бұлбұл», «Ажал», «Мұң», И.С.Никитиннің «Ауылдағы қысқы түн», т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Жыршыл жас қазасына қайғырып М.Жұмабаев өлең жазған. Ақын мұрасын әдебиетте алғаш әңгімелеуші Мағжан тәлімін алған Б.Кенжебаев. Ақын мұрасы «Айтшы, ақ қайың» деген атпен 1969 жылы жарық көрді.

Небәрі жиырма бес жыл ғұмыр кешкен Б.Күлеев жыр – мұрасы қашанда дидарлы, ғұмырлы дүние.

Тайыр Жомартбаев (1884 – 1937) шын есімі Тайлақбай (1884 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Мұқыр аулында дүниеге келген.) – педагог, жазушы, драматург. Көкбай медресесінде білім алып, 1911 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген. 1911 – 1915 жылы Семей қаласының маңындағы Жақия қажы мектебінде ер балаларға, әйелі Адығия Орманова қыз балаларға сабақ береді. Семейдегі «Жәрдем» баспаханасынан жастарды адамгершілікке, ізгілікке, оқу – білімге үндейтін «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағы, төңкеріске дейінгі қазақ қыздарының әлеуметтік жағдайын көтерген «Қыз көрелік» романын басылып шықты. 1915 – 28 жылдары Зайсан қаласында, Маңырақ болысында мұғалім болып қызмет істейді. 1928 – 30 жылдары Семейдегі №14 мектептің директоры, 1930 – 37 жылдары Семей пед. техникумында оқытушы болған. Жомартбаев оқытушылықпен қоса журналистикамен де айналысып, «Айқап», «Жаңа мектеп» журналдары мен «Қазақ», «Алаш» газеттерінде мақала, фельетондар жазып тұрды. Жомартбаевтың «Сары сүйек құда», «Осы ма, қазақ, өмірің?» атты пьесалары Зайсан, Семей театрларында қойылған. Кузнецк қаласында № 23 мектепте жұмыс істеп жүрген кезінде жалған саяси жаламен тұтқындалып, Семейде үштіктің шешімімен ату жазасына кесілген. 1956 жылы ақталды.

Пысықтау сұрақтары:

- 1. Әріп өлеңдерінің тақырыптары*
- 2. Бернияз Күлеевтің әдеби мұрасының әрқилылығы*
- 3. Тайыр шығармаларындағы ағартушылық сарын. Әдебиет тарихынан алатын орны*

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993.*

2. Әбдиманұлы Ө. *XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

3. *Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 6 томдық, 2 том, 2-кітап.* – Алматы, 1965.

4. *Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі).* – А., 1993

№15. Дәріс тақырыбы: 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысына байланысты туған шығармалар

Дәріс мақсаты: Ұлт-азаттық көтерілісінің әдебиетке тигізген әсері, халықты көтеріліске шақырған шығармалар. Майдан өмірін суреттейтін туындылар және 1916 жылғы көтеріліске байланысты өлең-жырлардың көркемдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктері

Тірек сөздер: майданның қара жұмысы, ұлттық қозғалыс, әлеуметтік сипат, оқиғалы дастан, отаншылдық сезім, ел күйзелісі.

Дәріс мазмұны: XX ғасырдың басындағы саяси жағдайды, езілген шаруаның таптық санасының өскендігін білдіру ретінен 1916 жылғы азаттық күреске байланысты туған халық поэзиясының мәні өзгеше болды. 1916 жылдың жазында қазақ шаруалары ішкі – тысқы қанаушыларға қарсы қарулы көтеріліске шығады. Бұл поэзияның басты тақырыбы – халық бостандығы жолындағы күрес. Оның айтушылары да жазба әдебиет өкілдері емес, халықтан шыққан, көп жайда сол көтеріліске төтелей қатысқан жеке импровизатор, халық ақындары болған.

1916 жыл оқиғасын сол дәуірдің көрнекті ақындарының бәрі дерлік жырлайды. Соның бастылары – Жамбыл, Иса Дәукебаев, Біржан Берденов, Омар Шипин, Күдері, Сартай, Сәт Еспанбетов сияқты ақындар.

1916 жылы қазақ даласында туған ұлт бостандығы қозғалысы екі жақты қанауға бірдей қарсы бағытталған. Сонымен бірге ол патшалық – отаршылдық тәртіпке де қарсылықтан туған. Оның қозғаушы күші – езілген шаруа, бұқара халық болды.

1916 жыл қозғалысының өзі 1905 жыл оқиғасының әсерінен туған еді. Бұл тек қазақ даласында ғана емес, қырғыз, өзбек, түрікмен, бүкіл Орта Азия Халықтарына бірдей жайылған қимыл болды. Сондықтан ол әрі таптық, әрі отаршылдық тәртіпке қарсы бағытталған ұлт – азаттық жолындағы күрес болды.

Қазақ даласындағы көтерілістің айрықша күшті орталықтары – Торғай (Аманкелді Иманов), мен Жетісу болды. 1916 жыл поэзияның ең тәуір үлгілері де осы батырлар қимылы, сол жердегі елдер жайын суреттеуге арналып, көтерілістің үш түрлі кезеңін бірдей көрсетеді. Мысалы, Сартай («Тар заман»), Жамбыл («Патша өмірі тарылды»), Сәт Еспембетов («Июнь жарлығы») сияқты ақындар патша жарлығының шығуын, елдің қобалжуын суреттесе, Иса Дәукебаев («Бекболат батыр»), Күдері ақын («Аманкелдінің Торғайды алуы»), Омар Шипиндер («Торғай соғысы») көтерілістің өзін суреттейді. Ал халықтың жеңіліс тауып, жастардың майданға кетуін Біржан Берденов («1916 жыл» поэмасы), Сәт («Жоқтау») секілді ақындар жырға қосады.

Жетісудағы халық көтерілісінің көсемі жайылмас елінен шыққан Бекболат батыр болды. Бекболат бейнесін ақын Иса Дәукебаев поэма түрінде жырлаған. Оқиғасы үлкен – үлкен екі бөлімнен құралған. Ақын алдымен маусым жарлығының шығып, елдің күреске түсуін, олардың жазалаушы отрядтардан жеңіліс табуын, екінші бөлімінде Бекболаттың қолға түсіп, тергелуін, дарға асылуын суреттейді. Иса Дәукебаев поэмасында Бекболат бастаған қозғалыс тек қазақ арасындағы таптық күрес емес, патшалық тәртіпке қарсы бағытталған үлкен күрес ретінде суреттелген.

Жиырма алтыншы июньде

Даланы кара бұлт басты.

Зілді бұйрық кез келіп,

Кәрі, жастан нұр қашты.

Қырып – жойып қазақты,

Фельбаум шықты кіжініп, -

дей келіп, ақын елдің күреске шығуын баяндайды. Халықтың осы бағытына қарсы патшаның жендеттік саясаты да жақсы көрсетілген.

Жандаралдар, төрелер,

Патшадан хабар алады:

«Атыңдар да, шабыңдар,

Қырғыз бенен қазақты», -

деген бұйрық алған Фельбаум әскер шығарып, елдің малын талап, кәрі – жасын бірдей қырады.

Үшқоңырда болған соғыста қарусыз халық асқан ерлік көрсетеді. Он бес кісі оққа ұшып, Бекболат қолға түседі. Поэманың бұдан арғы жері Бекболаттың тергеудегі ерлігін, халықтық бейнесін суреттейді. Тергеуде бекболат үш рет жауап береді. «Серіктеріңді айтсаі, өзіңді құтқарамыз» деген сөзге, ол:

Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,

Басыңды жер астына тықпақ болдым.

Рас десең, рас сөз мен айтайын,

Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Жалынып, жаным сұрап жыламаймын.

Айтқанын патшаның қыла алмаймын,

Пәленше жолдасым деп бекер айтып,

Күнәкәр өмірімде бола алмаймын...

Бекболаттың жауабы патшалық тәртіптің сыны ғана емес, өзінше бір үкім.

Батырдың осындай ерлігіне Әндірбек, Көпбай сияқты байлардың сөзі қарсы қойылған. Олар: «Бізді Бекболат қорқытты, әйтпесе біз ақ патша жағындамыз», - дейді.

Бекболат екінші жауабында да алған бетінен қайтпайды:

Патша залым болды бұқараға,

Бұқара қарсы тұрмай болмас шара.

Бүйте берсең, бұқараң өзіңді алар,

Төрелер, мұныдағы ойлап қара.

Сот Бекболатты дарға асып өлтіруге үкім шығарғанда, ел көшеге сыймай кетеді. Дар түбінде де ол саспайды:

Қуанған, қорыққан бара – бар,
Көзіне жас алады.
Абдоллаға сәлем де,
Танырсыз менің баламды.
Басқа сөзге уақыт жоқ,
Мойныма арқан салады.

Патша ұлықтары одан дар түбінде тағы да жауап алып, серіктеріңді айт дегенде де, ол ешкімнің атын атамай, ерлікпен өледі. Поэманың аяғанда ақын Бекболатпен қоштасқандай болады да, соның идеясын әсірелейді.

Сәлем де Орта жүздің баласына.
Кіші жүз Орынбордың қаласына.
Ағанды асып отыр Алматыда,
Зарлауыма құлағың саласың ба?

деп, бүкіл елді бостандық жолындағы күреске шақырады. Иса Дәукебаев Махамбет ақын сияқты көтерілістің басты бір тұлғасы болып көрінеді.

Осы жерде ақын ел пікірін де келтірген:

Ойлайды орыстар да әрбір пікір
Ісі емес бұл закон деп ыбыр – жыбыр.
Ішінен жаны ашып бұқараның,
Көңілі жаман қатты бұзылып тұр.

дейді халық.

Бекболат өлімі бүкіл халықтың ой – санасын, патшалық тәртіпке қарсы ниетін бірлестірген Қазан төңкерісі алдындағы үлкен бір дайындық болды.

«Бекболат батыр» поэмасының басы жыр, толғау үлгісінде, аяғы 11 буынды қара өлең түрінде көбіне монолог арқылы жырланған. Ұлықтардың сұрауымен Бекболаттың жауабынан батырдың бейнесі, ойы ғана емес, саяси тәртіптің әділетсіздігі мен халықтың бостандық күткен арманы да көрінеді.

Сөйтіп, 1916 жыл оқиғасы, сол жайында туған реалистік жырлар езілген шаруалардың саяси күреске бастағандығын көрсететін үлкен тарихи құбылыс болды.

«1916 жыл» атты Б.Берденов поэмасы окопқа барған қазақтардың майдандағы өмірін суреттейді. Сол майданға ақынның өзі де барған. Поэма жол, соғыс көріністерін, халық санасында туған өзгерістерді баяндайды.

Поэмада майдандағы қазақтардың ой – санасының жетілуі өте айқын суреттелген. Патшаның тақтан түскенін олар газеттен 23 ақпан күні оқып, большевиктердің ісімен де таныс болады.

Поэманың алғашқы он бөлімінің рухынан соңғы бес бөлімінің рухы мүлде өзгеше. Алғашқы кезде майдан суретін ақын халық басындағы еріксіздікті, ауыр халді білдіру ниетінде жазса, соңғы бөлімдерінде ол серпіліп, бостандықты, революция толқынын дәл тауып жырлағандай болады.

«Қайрат» деген тарауда ақын:

Алдау түбі бір тұтам,
Ертең оны көрерміз.

Алдауыштар – би, сұлтан,
Іргесін біздер сөгерміз.
Қару тисін қолға тек,
Келсін бізге жекпе – жек.
Романов жауыз құлады,
«Жойылсын» деп тілеп ек.
Жойылды ақыр бас дұшпан,
Қанды сорған қас дұшпан.
Бостандыққа қол созды,
Езілген халық тұс – тұстан, -

дейді.

«Елде қалғандарға сәлем» атты бөлімінде ақын: «Көп қуса қорқақ тағы батыр болмақ, ақыры бұл қорқақтық кетпес тегін» деп, кейінгі елді де жұбатады. Бұдан көретініміз: 1916 жыл идеясына халық ақпан оқиғасынан кейін де берік болған.

Поэманың оқиғасы бай, өзінше бір жылнама секілді. Одан Ресейдегі жайды да, қазақ халқының ауыр халі мен арманын да танып білеміз. Майданнан қайтқан қазақтардың Торғайдағы Аманкелдіге еріп, кеңес үкіметін орнатуға қатысуын майдан оқиғасы тездеткен.

Міне, 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған халық поэзиясының ауқымы мен көтерген мәселелері осындай болып келеді.

Пысықтау сұрақтары:

1. *Ұлт-азаттық көтерілісі және әдебиет.*
2. *Көтеріліске байланысты халқымен бірге күйзелген қазақ ақындарының әртүрлі сипаттағы шығармалары: С.Еспенбетов “Июнь жарлығы”, Жамбыл “Зілді бұйрық”, И.Дәукебаев “Бекболат”, О.Шипин “Торғай соғысы”, “Амангелді”, Б.Берденов “1916 жыл”, “Туған ел”, “Қоштасу”, т.б. шығармалары*

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 кітап. – А., 2002.*
2. *Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы, 2001.*
3. *Әбдиманұлы Ө. ХХ бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.*
4. *Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1978.*
5. *Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997*

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

1-тәжірибелік сабақ.

Тақырыбы: XX ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік жағдай және оның әдебиеттің дамуына тигізген әсері. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары.

Мақсаты: XX ғасыр басындағы қазақ елінің саяси, әлеуметтік жағдайы және ұлттық мәдениеттің даму бағыттары туралы мағлұмат беру. XIX ғасырдан бастау алған ағартушылық – демократтық идеялардың қанат жайып, өркендеуі. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы оқу – ағарту ісі, қазақ баспасөзінің дамуы, кітап шығару ісі, көркем әдебиеттің даму жағдайлары.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. XX ғ.б. қазақ жеріндегі мәдениеттің, рухани құндылықтардың өркен жайып, дамуындағы өзіндік ерекшеліктердің дүниеге келуі.
2. Демократтық- ағартушылық идеялардың жалғасуы.
3. Оқу-ағарту ісі.
4. Қазақстандағы баспасөз ісі («Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті).
5. Тұңғыш жинақтардың жарық көруі.
6. Поэзия, проза, драматургия, аударма көркемсөз, әдеби сын т.б. дамуы.

Әдістемелік нұсқау: Практикалық сабақта студент сол дәуірдегі тарихи оқиғалармен, қоғамдағы саяси өзгерістермен, әдебиеттің даму сипатымен толық хабардар болу үшін зерттеу еңбектермен танысуы қажет. Шоқан, Ыбырай, Абай дәстүрлерінің өркендеп, қазақ қоғамының рухани, мәдени дамуын меңгеру. Қазақ баспасөзіндегі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, М.Сералыұлы, С.Дөнентайұлы еңбектерінің дәуір мәселесін көтеру, ұлттық көсемсөз өнерін дамытудағы ролін нақты мысалдар ретінде келтіре отырып, өзіндік ойларын ортаға салулары қажет. Осы тақырып бойынша жазылған реферат тақырыптарын тыңдап, талдау жасау керек.

Әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. ӘбдірахмановТ. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы, 1969.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы. «Санат», 1994.
- 4.Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті.- А.: 1966.
- 5.XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы: «Ғылым», 1994.

2-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар. Діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылық өмірбаяны

Мақсаты: Қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттың бірі - діни-ағартушылық бағыттағы ақындар шығармашылығының мазмұны, басты белгілері туралы зерттеушілік пайымдаулар. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығының ағартушылық, сыншылдық сипаттары жайында жан-жақты талдаулар жасау. Ақынның дастандары, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбектері, «Қара мес» мұрасын мазмұндау.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Мәшһүр Жүсіптің сатиралық үлгідегі өлеңдеріндегі ағартушылық сарын.

2. Мақалаларындағы заман шындығының бейнеленуі.

3. “Сарыарқаның кімдікі екендігі” жинағындағы ұлт тарихы, болашағына қатысты мәселелер.

4. М.Жүсіптің дастандарының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері.

5. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбектері, «Қара мес» мұрасы және оның мәні

Әдістемелік нұсқау: Ұсынылған әдебиеттердегі діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет жайында толық мағлұмат алуы керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі, қоғамдық қызметі, шығармашылығы туралы деректерді зерттеушілер пікірлеріне сүйене отырып баяндайды. Ақынның шығармашылық өлеңдері, дастандарының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктеріне талдаулар жасалынады.

Өз бетінше ізденіп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына қатысты зерттеу еңбектерді қарау көзделеді.

Әдебиеттер:

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002

2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. (Екі томдық шығармалар жинағы). Алматы: «Ғылым», 1990.

3-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Мақыш Қалтайұлы мен Нұржан Наушабайұлының өмірі мен шығармашылығы.

Мақсаты: М.Қалтайұлының өмір жолы, оның ағарту саласындағы еңбектерінің маңыздылығын меңгерту. Өлеңдері, мысал жанрындағы еңбектері. Н.Наушабайұлының шығармашылық өмірбаянынан мәлімет беру. Ақынның «Назымдары» және олардың көркемдік деңгейі.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. М.Қалтайұлының мысал жанры саласындағы еңбегі.

2. Өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, діни – ағартушылық сарындары.

3. Н.Наушабайұлының ауыз әдебиеті дәстүрін ұстануы.

4. *Шығармаларының тақырыптың стильдік ерекшеліктері*
5. *М.Қалтайұлы, Н.Наушабайұлы шығармалары жайында ғылыми зерттеушілер пайымдаулары.*

Әдістемелік нұсқау: Мақыш Қалтайұлы мен Нұржан Наушабайұлының өмірі мен шығармаларының қоғамдағы өзгерістер мәнін танытуына талдау жасалады. Мысал жанры, көсемсөз саласындағы, ауыз әдебиеті дәстүрін ұстанудағы шығармашылық ерекшелік қырларына өзіндік ой-пайымдау жасау.

Әдебиеттер:

1. *Қалтайұлы М. Шығармалары. Семей, 1998*
2. *Наушабайұлы Н. Алаш. Қостанай, 1997*
3. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994*
4. *Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы 1993*
5. *Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы, 1969*
6. *Әбдірахманов Т. Таланттар тазағлымы. Алматы, 1988*
7. *Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы, 1969*
8. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994*

4-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Шәді Жәңгірұлының(1855-1933) өмір жолы мен шығармашылығы

Мақсаты: Ш.Жәңгірұлының өмірі мен шығармалары. Ақынның имандылық оқу ағарту мәселесіне арналған өлеңдері және Ресей тарихынан жазған шығармалары сөз болады.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *Ш. Жәңгірұлының шығармашылық өмірбаяны.*
2. *Діни –ағартушылық көзқарастары.*
3. *Ресей тақырыбындағы шығармалары, өлеңдері.*
4. *Ақынның шығармаларының зерттелу жайы.*

Әдістемелік нұсқау: Ш.Жәңгірұлының шығармашылық өмірбаяны, шығыс әдебиетінен жан-жақты хабардарлығына, шығармаларында халықты ояту, білім беру мәселелерінің көтерілуіне тұжырымдама. Ақынның діни-аңыздарды пайдалану, ағартушылық идеядағы шығармалары, өлеңдеріндегі бейнелеу құралдарының молдығы, тәрбиелік мәні, зерттелуі жөніндегі пікірлерді айта келіп, шығармаларына кең көлемде тоқталады.

Әдебиеттер:

1. *Бес ғасыр жырлайды. 1 том. Алматы 1993*
2. *Бес ғасыр жырлайды 2 том. Алматы 1995*
3. *Қазақтың көне тарихы 2 том. Алматы 1967*
4. *Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым 1998 .*
5. *Қазақ поэзиясының антологиясы(XX ғ. бас кезі) Алматы, 1993*
6. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994*
7. *Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 томдық, 2 том, 2-кітап. Алматы, 1998*

5-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Тұрмағамбет Ізтілеуовтың (1882-1939) шығармашылық мұрасы

Мақсаты: Т.Ізтілеуовтың өмірі мен шығармашылық мұралары, шығыстық үлгідегі өлеңдері, мысал өлеңдеріндегі әлеуметтік теңсіздік тақырыбы, философиялық түйіндеріне пайымдаулар. Шығыс сюжеттеріндегі дастандары, рубаяттарының тәрбиелік мәнін таныту. «Шаһнаманы» аударуы және шығармаларының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *Т.Ізтілеуовтың шығармашылық өмірбаяны*
2. *Сатиралық үлгідегі өлеңдері*
3. *Т.Ізтілеуов поэзиясы, “Мәрдi диқан” дастаны*
4. *“Шаһнама” аудармасының тарихи маңызы*

Әдістемелік нұсқау: Ақынның Бұқара медресесінде білім алуы, шығыс үлгісінде өлең жазуы, ғылым мен діннің ара қатынастары туралы көзқарасын зерделеу. Т.Ізтілеуов өлеңдеріндегі философиялық түйіндер, нақыл негізіндегі дастандарын ғылыми зерттеулерден оқыған, конспектілеген жұмыстары арқылы әңгімелеп береді. Ақын шығармашылығын зерттеген ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, нақты мысалдармен талдаулар жасай отырып, өзіндік ойларын да айтуға тиіс.

Әдебиеттер:

1. *Бес ғасыр жырлайды. 1 том А. 1993*
2. *Бес ғасыр жырлайды. 2 том А. 1995*
3. *Т. Ізтілеуов Назым. Алматы 1972*
4. *Қазақ поэзиясының антологиясы :1993*
5. *XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. А. 1994*
6. *Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. Алматы, 1985*

6-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар. Ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиет. Шәкәрім Құдайбердіұлының (1858-1931) өмір жолы мен шығармашылығы.

Мақсаты: Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылардың қоғамдағы демократиялық идеяларды дарытудағы ролі. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. Лирика жанрында өнімді еңбек етуі. Ақынның поэма жанрында Абай дәстүрін жалғастыруы, аудармаларындағы ақын қолтаңбасының ерекшелік қырлары.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *Ақын өмір жолы мен шығармашылығы*
2. *«Қалқаман-Мамыр» поэмасы*
3. *«Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» дастандары*
4. *«Әділ-Мәрия» романы, аудармалары*
5. *«Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» еңбектері*

Әдістемелік нұсқау: Ағартушы-демократтар тобындағы ақын-жазушылардың шығармашылығы мен өзіндік көзқарастарының әр

алуандығын теориялық тұрғыда меңгерту. Ш.Құдайбердіұлының Абай негізін қалаған реалистік әдебиет дәстүрін жалғастырудағы еңбектерін талдау. Ақын туындыларының тақырыптық, идеялық, көркемдік сипаттарының ерекшеліктерін, танымдық, тәрбиелік мәнін айқындау. Лирика жанры, поэма, проза, аударма саласындағы шығармаларын мазмұндау, жаттау.

Әдебиеттер:

1. Әбдигазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері, 2000
2. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 1994
3. Әдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 2002
4. Қазақ поэзиясының антологиясы, 1993
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалары, 1988

7-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиет. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының (1893-1920) шығармашылық өмірбаяны.

Мақсаты: Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармашылық жолының кезеңдері, Алашордаға қатысы. Ақынның лирикасы, поэмалары, романдары, көркемсөз саласындағы еңбектері жөнінде түсінік.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Шығармаларының жанрлық, тақырыптық жағынан аралуандығы.
2. Өлең өрнектері.
3. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары. Сұлтанмахмұттың көркемдік жаңалықтары.
4. «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары.
5. Ұсақ әңгімелеріндегі ел тұрмысы көрінісі.

Әдістемелік нұсқау: Сұлтанмахмұт Торайғырұлының өмірі, білім алу қайнарлары, әлеумет ісі, қоғамдық қызметтерге араласуы туралы, тарихи өзгерістердің ақын санасына ықпалы жөнінде теориялық материалдарды толық меңгеру. Ақын өлеңдеріндегі романтикалық сарындар, поэзиясының көркемдік-стилдік ерекшеліктері, романдарының жанрлық сипаты мен жазылу ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Оның мұраларының ұлттық әдебиеттегі орны, жариялану, зерттелу жайына тоқталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті, 2002
2. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров, 1992
3. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет, 1993
4. Бес ғасыр жырлайды I том, 1993
5. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері, 1996
6. Торайғыров С. Шығармалары. Екі томдық, 1993
7. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия, 1994

8-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Қазақ зиялыларының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы

Мақсаты: Ұлт зиялыларының атасы, қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны, қайраткерлік қырлары. Оның поэзиясы, аудармалары, көсемсөз саласындағы еңбегі және қазақ әдебиеті мен тілін зерттеудегі ғылыми еңбектерінің қазақ әдебиетіндегі орны.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *А.Байтұрсынұлының өмір жолы, тәлім алған рухани бастаулары.*
2. *Поэзиясы. «Маса» жинағындағы халықты ояту идеясы, ағартушылық ойдың молдығы.*
3. *Аудармалары. «Қырық мысал» жинағы. Құрылымдық, мазмұндық сипаты.*
4. *Көсемсөз саласындағы еңбектері.*
5. *Қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеудегі ғалымдық шығармалары. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиетіндегі орны.*

Әдістемелік нұсқау: А.Байтұрсынұлының өмір жолы, қоғамдық қызметі, халықты ояту идеялары, поэзиясы, аудармалары, көсемсөз саласындағы еңбектері, қазақ әдебиеті мен тілін зерттеудегі ғалымдық тұңғыш теориялық еңбектерінің жаңалығы жөнінде мәліметтерді түпнұсқасында толық жеткізе білу керек. Сонымен қатар қаламгердің ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинап бастырудағы еңбектеріне талдау жасалады.

Әдебиеттер:

1. *Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – А, 1991.*
2. *Әбдиманұлы Ө. XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті. – А, 2002.*
3. *Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – А, 1989.*
4. *Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – А, 1995.*
5. *Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – А, 1966.*

9-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Міржақып Дулатұлының (1885-1935) өмір жолы мен шығармашылығы

Мақсаты: М.Дулатұлының өмір жолы, қоғам өміріне атсалысуы, қайраткерлік еңбектері. «Оян қазақ» жинағында отарлық езгіге қарсы күреске, халықты ояту идеясын ашық көтеруіндегі гуманистік көзқарастары. Қазақ әдебиетіндегі таза проза үлгісіндегі тұңғыш роман «Бақытсыз Жамал» романының аса маңызды орны, жазушы реализмі. Оның драматургия жанрындағы шығармалары, көсемсөз, аударма салаларындағы атқарған еңбектері

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *«Серке», «Қазақ» газеттері және Міржақып Дулатұлы*
2. *«Оян қазақ» жинағында халықты ояту идеясын ашық көтеруі*
3. *Қазақ әдебиетінде таза проза үлгісіндегі роман жанрының тууы*
4. *«Балқия» пьесасы. Тақырыбы. Қазақ драматургиясын дамытуға қосқан үлесі*
5. *Көркемсөз, аударма салаларында атқарған еңбегі*

Әдістемелік нұсқау: Міржақып Дулатұлының Шығыс, Батыс әдебиетіне жетіктігі, саяси, баспасөз қызметіне араласуын шығармалары бойынша талдап баяндайды. Ақын шығармаларындағы ағартушылық идея, ақындық қуат, роман тақырыбының замана көкейтесті мәселесін қозғауы, баяндау шеберлігі, композициялық құрылымы талданып жазылады. Шығармаларындағы гуманистік, адамгершілік идеялар дәлелденеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

2. *Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері.* – Алматы, 1995.

3. *Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде.* – Алматы, 1969.

4. *Әбдірахманов Т. Таланттар тағлымы.* – Алматы, 1988.

10-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Мұхаметжан Сералиннің (1871-1929) өмірі мен шығармашылығынан мәлімет

Мақсаты: Мұхаметжан Сералиннің өмірі. М. Сералин –қазақтың алғашқы журналисі, «Айқап» журналын шығарудағы еңбегі және аударма жанрындағы еңбектері. Оның «Гүлхашима», «Топжарған» поэмаларының композициялық ерекшелігі.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. «Айқап» арқылы ұлт мәдениетіне қосқан үлесі

2. «Гүлхашима» дастанындағы махаббат тақырыбы

3. «Топжарған» поэмасының объективті мәні

4. Мұхаметжан Сералиннің түпнұсқа таңдаудағы мақсаты

Әдістемелік нұсқау: М.Сералин өмірі, шығармашылығы жайында дәріс сабақта айтылған дерек көздерін негізге ала отырып, ұсынылып отырған ғылыми әдебиеттерден конспект жасауға тиіс. Ақынның «Топжарған» поэмасының композициялық ерекшелігі, тіл көркемдігі, өмірлік деректерді іріктеуде ауыз әдебиетінің дәстүрлі құралдарын пайдалануы талданады.

Әдебиеттер:

1. *Сералин М. Топжарған.* – Алматы, 1985

2. *Бес ғасыр жырлайды I том*

3. *Бес ғасыр жырлайды II том*

4. *ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия, 1994*

5. *Қазақ поэзиясының антологиясы, 1993*

6. *Қазақ әдебиетінің тарихы, 1965*

11-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Спандияр Көбеевтің (1878-1956) шығармашылық өмірбаяны

Мақсаты: С.Көбеевтің өмірі, шығармалары, ағартушылық, оқытушылық қызметі. Оның аударма саласында сыншылдық бағыт ұстануы, стилдік, поэтикалық ерекшеліктері, тәрбиелік, эстетикалық мәні. “Қалың мал” романындағы әлеуметтік мәселелер, мемуар жанрындағы еңбегінің әдебиет тарихындағы орны.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. “Үлгілі тәржіма” кітабы

2. “Үлгілі бала” жинағының тәрбиелік мәні
3. Қазақ топырағындағы көлемді прозаның алғашқы үлгілерінің бірі “Қалың мал” романы
4. “Орындалған арман” мемуарлық шығармасы

Әдістемелік нұсқау: Спандияр Көбейұлы аудармаларының, ауыз әдебиеті үлгілерінің мазмұндық сипатына салыстыру жүргізіледі. Прозаларындағы шыншыл суреттер, дәуір шындығы, көркемдік дәрежелері зерттеу еңбектері арқылы конспектіленеді. Шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер, образдар жүйесі жазбаша талданады.

Әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. – Алматы, 1958.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы, - Алматы: Қазақ университеті, 2002
3. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997

12-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Сәбит Дөнентайұлының (1894-1933) өмірі мен шығармашылығы туралы

Мақсаты: С.Дөнентаевтың өмір жолы және ағартушылық, демократтық бағыттағы шығармалары, сатира жанрына қосқан үлесі. Сәбит поэзиясының тақырыптары, шыншылдық бағыты, Абай дәстүрінен үйренуі. Шағын формада ғибратты ой-тұжырымдау ерекшелігі (Мысал өлеңдері).

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Ақын шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының қалыптасып дамуына қосқан үлесі
2. Өлеңдерінің тақырыптары (Заман кімдікі), “Менің жайым”. “Уақ-түйек” жинағы.
3. Мақалалары

Әдістемелік нұсқау: Ағартушылық, демократтық бағыттың көрнекті өкілі С.Дөнентаев өлеңдері, мысал жанрындағы шығармалары бойынша конспектілеу. “Уақ-түйек” жинағы бойынша өлеңдерінің құрылысын, көркемділік сипаттарын талдау, жаттау.

Әдебиеттер:

1. Ысқақов Б. С.Дөнентаевтың ақындық жолы, 1966
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті
3. Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым, 1989
4. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия, 1994
5. Қазақ поэзиясының антологиясы, 1993
6. Қазақ әдебиетінің тарихы., 1965

13-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Нарманбет Орманбетұлы, Ғұмар Қарашұлы, Ығылман Шөрековтердің шығармашылық өмірбаяндары

Мақсаты: Нарманбет Орманбетұлының өлең өрнектері. Ғұмар Қарашұлының өлеңдері. Ғұмар Қарашұлының аударма жанрына қосқан үлесі. Ығылман Шөрековтың әдебиет тарихындағы орны.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Нарманбет өлеңдерінің поэтикалық бояуы
2. Ғұмар Қарашұлының поэзиялық шығармаларының реалистік сипаты
3. Ғұмар Қарашұлының аудармалары
4. Ығылман Шөрековтың “Исатай-Махамбет” дастаны

Әдістемелік нұсқау: Ақындар өмірі мен шығармашылығы жайында өткен дәріс тапсырмаларын мұқият оқып, олар турасында зерттеушілердің айтқан тың деректерін дәптерлеріне жазып алуы керек. Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастанындағы жауынгерлік рух жайында әңгімелеуге тиіс. Ғұмар Қарашұлы аудармаларының түпнұсқаға қатынасы, көркемдік дәрежесі салыстырылады.

Әдебиеттері:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
3. Қараш. Ғ. Замана. – Алматы, 1994
4. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – А., 1993

14-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: Әріп Тәңірбергенұлы, Бернияз Күлеев, Тайыр Жомартбайұлының шығармашылық өмірбаяны

Мақсаты: Әріп Тәңірбергенұлының ақындығы, аудармалары. Бернияз Күлеев өмір жолы, поэзиясының ерекшеліктері. Тайыр Жомартбайұлының “Қыз көрелік” романы және оның тақырыбы.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Әріп өлеңдерінің тақырыптары
2. Бернияз Күлеевтің әдеби мұрасының әрқилылығы
3. Тайыр шығармаларындағы ағартушылық сарын. Әдебиет тарихынан алатын орны

Әдістемелік нұсқау: Дәріс сабақтарында өткен материалдарды мұқият тыңдап, ақындар шығармаларының сипаты, ағартушылық сарындары, күрделі сипаттары айтылған дерек көздерін тезистеу керек. Сонымен қатар ақындар шығармаларының тақырыптары, көркемдік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталу керек.

Әдебиеттер:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1993.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 6 томдық, 2 том, 2-кітап. – Алматы, 1965.
4. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – А., 1993

15-тәжірибелік сабақ

Тақырыбы: 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысына байланысты туған шығармалар

Мақсаты: Ұлт-азаттық көтерілісінің әдебиетке тигізген әсері, халықты көтеріліске шақырған шығармалар. Майдан өмірін суреттейтін туындылар және 1916 жылғы көтеріліске байланысты өлең-жырлардың көркемдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктері

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. *Ұлт-азаттық көтерілісі және әдебиет.*

2. *Көтеріліске байланысты халқымен бірге күйзелген қазақ ақындарының әртүрлі сипаттағы шығармалары: С.Еспенбетов “Июнь жарлығы”, Жамбыл “Зілді бұйрық”, И.Дәукебаев “Бекболат”, О.Шипин “Торғай соғысы”, “Амангелді”, Б.Берденов “1916 жыл”, “Туған ел”, “Қоштасу”, т.б. шығармалары*

Әдістемелік нұсқау: Маусым жарлығына байланысты оқиғаға орай әртүрлі сипаттағы шығармалардың әлеуметтік мәні. И.Дәукебайұлының “Бекболат” дастанын конспектілеу. Көтеріліске байланысты өлең-жырлардың көркемдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерін сараптау. Өлеңдері мен дастандарының сыншылдық сипаттары, мазмұндық, тәрбиелік мәні.

Әдебиеттер:

1. *Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 кітап. – А., 2002.*

2. *Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы, 2001.*

3. *Әбдиманұлы Ө. ХХ бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.*

4. *Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1978.*

5. *Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке,*

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (реферат)

1. ХХ ғасырдың басында қазақ даласындағы тарихи-әлеуметтік, рухани, мәдени өзгерістерге сәйкес жаңа идеологияның қалыптасуы

2. Осы кезеңдегі (1900 – 1920 жылдар аралығы) қазақ әдебиетінің өсу-өркендеу бағыттары.

3. Қазақ даласында осы дәуірде орын алған оқу түрлері. Мектептер жүйесі және оның түрлері.

4. Әдебиеттің даму бағыттары. Бір тарихи кезең аясында әртүрлі көркемдік шеберлік деңгейіндегі, әралуан түсініктегі қаламгерлердің қатар қалам тербеуі.

5. Діни-ағартушылық бағыттағы ақындар шығармашылығының мазмұны, басты белгілері.

6. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы.

7. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері, ағартушылық, сыншылдық сипаттары.

8. М.Қалтайұлының өмір жолы, оның ағарту саласындағы еңбектері.

9. Н.Наушабайұлының шығармашылық өмірбаяны. Ақынның «Назымдары» және олардың көркемдік деңгейі..

10. Ш.Жәңгірұлының өмірі мен шығармалары. Ақынның имандылық оқу ағарту мәселесіне арналған өлеңдері
11. Т.Ізтілеуовтың өмірі мен шығармашылығы. Т.Ізтілеуовтың өлеңдері, мысал өлеңдері, рубаяттары.
12. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. Лирика жанрында өнімді еңбек етуі.
13. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармашылық өмірбаяны, лирикасы, поэмалары, романдары, көркемсөз саласындағы еңбектері
14. Қазақ зиялыларының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы.
15. М.Дулатұлының ақындығы, «Оян қазақ» жинағы, прозасы, «Бақытсыз Жамал» романы..
16. С.Көбеевтің өмірі, шығармалары, ағартушылық, оқытушылық қызметі. Оның аударма саласындағы еңбегі және прозасы..
17. Мұхаметжан Сералиннің өмірі. М. Сералин – қазақтың алғашқы журналисі, «Айқап» журналын шығарудағы еңбегі және аударма жанрындағы еңбектері..
18. С.Дөнентаевтың өмір жолы және ағартушылық, демократтық бағыттағы шығармалары, поэзиясы (Мысал өлеңдері).
19. Шәкәрімнің «Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» еңбектері
20. А. Байтұрсынов поэзиясы. «Маса» жинағындағы халықты ояту идеясы, ағартушылық ойдың молдығы.
21. Адамның өмірі, «Кедей» поэмалары. Сұлтанмахмұттың көркемдік жаңалықтары.
22. Нарманбет Орманбетұлының өлең өрнектері.
23. Ғұмар Қарашұлының аударма жанрына қосқан үлесі
24. Ығылман Шөрековтың “Исатай-Махамбет” дастаны
25. Әріп Тәңірбергенұлының ақындығы, аудармалары.
26. Бернияз Күлеев өмір жолы, поэзиясының ерекшеліктері.
27. Тайыр Жомартбайұлының “Қыз көрелік” романы және оның тақырыбы.
28. Ұлт-азаттық көтерілісі және әдебиет
29. 1916 жылғы көтеріліске байланысты өлең-жырлардың көркемдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктері.
30. И. Дәукебайұлының «Бекболат» дастаны. Бекболат бейнесі. Бұл топтағы шығармаларға отаншылдық сезімнің ортақтығы.

(Тестік сұрақтар қоры)

1. XX ғасыр басында қазақ тілінде қанша кітап басылды?
 - A) 10
 - B) 20
 - C) 3
 - D) 100
 - E) 200
2. XX ғасыр басындағы әдебиет қай аралықты қамтиды?
 - A) 1900-1920;
 - B) 1890-1900;
 - C) 1940-1960;
 - D) 1950-1970;
 - E) 1960-1980.
3. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты еңбек кімдікі?
 - A) Ә. Қоңыратбаев;
 - B) Х. Сүйіншалиев;
 - C) С. Оспанұлы;
 - D) Б. Кенжебаев;
 - E) М. Балақаев.
4. XX ғасырдың басындағы әдебиетті зерттеушілердің тегін көрсет.
 - A) Б. Кенжебаев, Т. Әбдірахманов;
 - B) Ә. Кекілбаев, М. Мағауин;
 - C) Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин;
 - D) Абай, Ыбырай;
 - E) Б. Берденов, Ж. Жабаев, О. Шипин.
5. XX ғасыр басындағы әдебиеттің басты өкілдері:
 - A) Торайғыров, Дөнентаев, Көбеев ;
 - B) Құнанбаев, Алтынсарин, Уәлиханов ;
 - C) Шәкәрім ;
 - D) Шернияз, Шал ақын ;
 - E) С. Мұқанов.
6. XX ғасыр басындағы әдебиет неше бағытта дамыды?
 - A) 7;
 - B) 4;
 - C) 2;
 - D) 5;
 - E) 3.
7. 1911-1915 ж.ж аралығында шыққан, сол кездегі қазақ қоғамының көкейтесті мәселесін көтерген қандай журнал?
 - A) «Қазақстан»;
 - B) «Серке»;
 - C) «Айқап»;
 - D) «Дала уәлаяты»;
 - E) «Түркістан уәлаяты».

8. Айқап журналының шығарушы редакторы?
А) Ыбырайымов;
В) Байтұрсынов;
С) Сералин;
D) Буйрин;
Е) Жұмабаев.
9. «Қазақ газеті» қай жылдар аралығында шықты және оны шығарған кім?
А) 1912-1918 ж.ж Сералин;
В) 1913-1918 ж.ж А. Байтұрсынов;
С) 1911-1913 ж.ж А. Дөнентаев;
D) 1961-1969 ж.ж Н. Наушабаев;
Е) 1951-1959 ж.ж С. Мұқанов.
10. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» /1907/, «Хал - ахуал» /1907/, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» /1907/ кітаптарының авторы кім?
А) Нұржан Наушабаев;
В) Мәшһүр Жүсіп Көпеев;
С) Тұрмағанбет Ізтілеуов;
D) Әбубәкір Кердері;
Е) Мұсабек Байзақұлы.
11. Жамбыл айтысын дамытуда ерекше еңбек еткен ақын?
А) М. Көпеев;
В) Т. Ізтілеуов;
С) Н. Наушабаев;
D) М. Қалтаев;
Е) Е. Өтетілеуов.
12. «Сөз басы», «Өкініш», «Тышқаннан ғибрат», «Замандастарға» өлеңдерінің авторы кім?
А) Н. Наушабаев;
В) Ә. Ғалымов;
С) М. Қалтаев;
D) М. Көпеев;
Е) С. Көбеев.
13. Қазақ әдебиетінде өлең мен термеге үлкен жаңалық енгізген тұлға?
А) Т. Ізтілеуов;
В) М. Көпеев;
С) Н. Наушабаев;
D) М. Қалтаев ;
Е) Б. Өтетілеуов.
14. Мұсабектің мысал өлеңдерін жазылу формасына қарай нешеге бөлеміз?
А) Үшке;
В) беске;
С) екіге;
D) алтыға;
Е) төртке.

15. Басы хат арқылы айтысумен басталып, бірте - бірте үлкен келелі мәселелерді қозғаған айтыс кімдердің арасында болған?

- A) Біржан мен Сара;
- B) Нұржан мен Сапарғали;
- C) Мұсабек пен Манапқыз;
- D) Кемпірбай мен Орынбай;
- E) Нұрым мен Қашаған.

16. Есітіп осы сөзді болдым қайран,
Бұл қызға көзім түсті дедім қайдан,
Қорғадым білгенімше ата - анасын
Баласын отқа салып еткен ойран... өлең қалай аталады және авторы кім?

- A) Ш. Жәңгір «Ескендір - Зұлқарнайын»
- B) М. Байзақов «Қайырымды қыз бен қайыршы»;
- C) М. Дулатов «Бақытсыз Жамал»;
- D) Ә. Ғалымов «Бақытсыз сұлу»;
- E) Б. Өтетілеуов «Манап қызбен айтысы».

17. М. Байзақұлының шығармашылығын зерттеуші ғалым?

- A) Б. Кенжебаев;
- B) С. Қирабаев;
- C) Х. Сүйіншалиев;
- D) Ә. Оспанұлы;
- E) М. Балақаев.

18. Зерттеуші А.Еспенбетов зерттеген ақын?

- A) Ә. Ғалымов;
- B) Ш. Жәңгіров
- C) М. Байзақов;
- D) С. Торайғыров;
- E) Т. Жомартбаев.

19. «Жастық жемістері» атты өлеңдер жинағының авторы?

- A) Ә. Ғалымов;
- B) Н. Наушабаев;
- C) С. Көбеев;
- D) М. Сералин;
- E) Т. Ізтілеуов.

20. Елеусін Буйрин қай газеттің редакторы?

- A) Серке;
- B) Қазақстан;
- C) Түркістан уәлаяты;
- D) Қазақ;
- E) Дала уәлаяты.

21. XX ғасыр басында әдебиеттің дамуына не ықпал етті?

- A) Қазақстанның Ресейге қосылуы;
- B) жер туралы декреттің қабылдануы;
- C) баспасөздің жедел қарқынмен дамуы;
- D) бекіністердің салынуы;

- Е) тың жерлерді игеруі.
22. «Дала уәлаяты» газетіне ұлы Абайдың қай өлеңі басылды?
- А) «Ғылым таппай мақтанба»
 - В) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;
 - С) «Күз»;
 - Д) «Болыс болдым мінеки»;
 - Е) «Өлең – сөздің патшасы».
23. 1907 жылы Петербургтен шыққан «Улфат» газетіне қосымша болып қай газет шықты?
- А) «Түркістан уәлаяты»;
 - В) «Серке»;
 - С) «Дала уәлаяты»;
 - Д) «Қазақстан»;
 - Е) «Айқап».
24. «Дала уәлаяты» газеті қай жылдар арасында шыққан?
- А) 1885-1892;
 - В) 1890-1900;
 - С) 1888-1902;
 - Д) 1881-1903;
 - Е) 1880-1902.
25. 1905 жылғы көтерілісті ең алғаш жырлаған ақын.
- А) А. Құнанбаев;
 - В) Т. Ізтілеуов;
 - С) О. Шипин;
 - Д) М. Көпеев;
 - Е) Ә. Ғалымов.
26. Кітаби ақындарды көрсет.
- А) М. Қалтаев, С. Дөнентаев;
 - В) М. Көпеев, Т. Ізтілеуов;
 - С) А. Құнанбаев, Ш. Жәңгіров;
 - Д) Т. Жомартбаев, М. Байзақұлы;
 - Е) Б. Өтетілеуов.
27. Шығыс әдебиеті үлгілерімен қисса, дастан жазған.
- А) М. Көпеев;
 - В) М. Қалтаев;
 - С) Ш. Жәңгіров;
 - Д) Ә. Шоқанов;
 - Е) Т. Жомартбаев.
28. Мақыш Қалтаев қай жылдары өмір сүрді?
- А) 1858-1912;
 - В) 1869-1916;
 - С) 1865-1931;
 - Д) 1835-1929;
 - Е) 1855-1865.
29. Шәді Жәңгірдің шығармасын тап.
- А) «Замандастарға»;

- В) «Түзу терек»;
С) «Назым Шәріп»;
D) «Тышқан мен түйе»;
E) «Піл мен маска».
30. Шәкәрім Құдайбердиев қай жылдары өмір сүрген?
A) 1858-1931;
B) 1894-1937;
C) 1873-1937;
D) 1893-1938;
E) 1900-1932.
31. Шәкәрім Құдайбердиев қандай ақын?
A) лирик ақын;
B) философ ақын;
C) интимдік лирик;
D) айтыс ақыны;
E) әнші ақын.
32. Ш. Құдайбердиев «Қалқаман - Мамыр» поэмасын қандай бүркеншек атпен жариялады?
A) Азу
B) Торан
C) Лапон
D) Баһадүр
E) Мұтылған
33. Шәкәрімнің шығыс тақырыбындағы ең көлемді мұрасы - «Лейлі – Мәжнүн» ең алғаш қашан, қайда жарияланды?
A) 1918 ж «Қазақ» газетінде;
B) 1922 ж «Шолпан» журналында;
C) 1911 ж «Айқап» журналында;
D) 1917 ж «Сарыарқа» газетінде;
E) 1923 ж «Ауыл» газетінде.
34. Шәкәрім жазған «Еңлік - Кебек» поэмасы қайдан шықты?
A) 1912ж. «Жәрдем» баспасынан
B) 1910ж. «Каримовтар» баспасынан
C) 1915ж. «Жалын» баспасынан
D) 1920ж. «Жұлдыз» баспасынан
E) 1925ж. «Дарын» баспасынан
35. Шәкәрімнің прозалық шығармасы?
A) «Қыз көрелік»;
B) «Қалың мал»;
C) «Бақытсыз Жамал»;
D) «Әділ - Мария»;
E) «Шолпанның күнәсі».
36. Шәкәрім неше жасынан бастап өлең жазды?
A) 8;
B) 16;
C) 22;

D) 7;

E) 10.

37. Әйел тақырыбына жазылған шығармалар.

A) «Біздің хал», «Қыз көрелік», «Топ жарған»;

B) «Гүлхашима», «Қамар сұлу», «Қалың мал»;

C) «Бақытсыз сұлу», «Жапон соғысы»;

D) «Қартқожа», «Әнші »;

E) «Исатай - Махамбет», «Замандастарға».

38. «Отырдым көрсем жекіп тастар ма деп,

Шал айтты : «көріңіздер, жасқанба ?» деп,

Кесені қолыма алып қарай бердім,

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп?» Бұл өлең жолдары кімнің қай шығармасынан үзінді?

A) С. Торайғыров «Бір адамға»;

B) С. Дөнентаев «Ой»;

C) Т. Жомартбаев «Балаларға насихат»;

D) Ә. Тәңірбергенов «Кәрілікке»;

E) Т. Жомартбаев «Балаларға жеміс».

39. Сұлтанмахмұт өлеңді алғаш неше жасында жазған?

A) 8;

B) 14;

C) 4;

D) 10;

E) 11.

40. С. Торайғыровтың поэмасын ата.

A) «Әзім әңгімесі»;

B) «Адасқан өмір»;

C) «Масғұт»;

D) «Қалың мал»;

E) «Ботагөз».

41. Біз оны 1905 жылдың жыршысы, патшалық тәртіп пен капитализм сыншысы, ұлт - азаттық қозғалыстың басты ақыны дейміз. Бұл кім?

A) С. Торайғыров;

B) Ә. Ғалымов;

C) С. Көбеев;

D) М. Көпеев;

E) М. Қалтаев.

42. Сұлтанмахмұттың поэмасын көрсет.

A) «Май мәселесі»;

B) «Кім жазықты»;

C) «Гүлхашима»;

D) «Топ жарған»;

E) «Сөз басы».

43. « Адасқан өмір» кімнің шығармасы?

A) С. Торайғыров;

B) С. Көбеев;

- С) М. Сералин;
D) Т. Жомартбаев;
E) М. Байзақұлы.
44. «Кім жазықты» романының авторы?
A) О. Шипин;
B) Т. Ізтілеуов;
C) С. Торайғыров;
D) Ы. Шөреков;
E) Б. Майлин.
45. «Қамар сұлу» романындағы Ахмет кім?
A) Қамардың ағасы;
B) Қамардың әкесі;
C) Қамардың сүйгені;
D) Қамардың інісі;
E) Қамардың жиені.
46. Ахмет қай шығарманың кейіпкері?
A) «Қалың мал»;
B) «Қыз көрелік»;
C) «Шұғаның белгісі».
D) «Бақытсыз сұлу»;
E) «Қамар сұлу».
47. М. Сералин шығармасын ата.
A) «Жапон соғысы»;
B) «Қалың мал»;
C) «Гүлхашима»;
D) «Қыз көрелік»;
E) «Бақытсыз Жамал».
48. М. Сералин неше поэма жазды?
A) 5;
B) 3;
C) 1;
D) 2;
E) 4.
49. «Айқап» журналының бас редакторы?
A) Сұлтанмахмұт;
B) Мақыш;
C) Мұхамеджан;
D) Шәкәрім;
E) Шернияз.
50. «Бақытсыз сұлу» кімнің шығармасы?
A) С. Көбеев;
B) М. Сералин;
C) М. Дулатов;
D) Ә. Ғалымов;
E) Т. Жомартбаев.

51. «Қырық мысал - қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі», - деп бағалаған кім?

- A) Ғ. Мүсірепов;
- B) Ж. Аймауытов;
- C) М. Әуезов;
- D) М. Ж.Көпеев;
- E) М. Дулатов.

52. «Қырық мысалдың» авторы кім?

- A) М. Жұмабаев;
- B) А. Байтұрсынов;
- C) Ж. Аймауытов;
- D) М. Дулатов;
- E) Ш. Құдайбердиев.

53. «Қазағым - елім,

Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың
Қанауда жаның
Аш көзінді оянып,
Қанған жоқпа әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сыйқың?»- деп қоғам қалпы туралы толғаған қай ақын?

- A) М. Жұмабаев;
- B) Ш. Құдайбердиев;
- C) М. Дулатов;
- D) А. Құнанбаев;
- E) А. Байтұрсынов.

54. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде қай жылдары редакторы болды?

- A) 1913-1916;
- B) 1913-1918;
- C) 1913-1914;
- D) 1913-1915;
- E) 1913-1917.

55. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» атты жинағы қай жылы басылды?

- A) 1917 ж;
- B) 1910 ж;
- C) 1913 ж;
- D) 1911 ж;
- E) 1914 ж.

56. «Маса» жинағы қай қалада шықты?

- A) Орынборда;
- B) Семейде;
- C) Ақтөбеде;
- D) Қостанайда;
- E) Санкт-Петербургте.

57. А. Байтұрсыновтың әдебиет теориясының негізіне арнаған еңбегі?
А) «Әдебиет теориясы»;
В) «Әдебиет танытқыш»;
С) «Әдебиет сыны»;
D) «Әдебиет теориясының негіздері»;
E) «Әдебиет тарихы».
58. Ахмет Байтұрсынов кім?
А) аудармашы;
В) әдебиетші, тілші, тарихшы;
С) ғалым - лингвист, әдебиет зерттеуші, ақын;
D) ақын, жазушы;
E) публицист.
59. Абайға арналған «Қазақтың бас ақыны» мақаласының авторы?
А) С. Торайғыров;
В) М. Жұмабаев;
С) Ш. Құдайбердиев;
D) А. Байтұрсынов;
E) М. Дулатов.
60. Міржақып Дулатов өмір сүрген жылдар?
А) 1894-1937;
В) 1885-1935;
С) 1897-1932;
D) 1890-1938;
E) 1895-1935.
61. М. Дулатовтың тұңғыш өлеңдер жинағын ата.
А) «Маса»;
В) «Қазағым»;
С) «Оян, қазақ»;
D) «Қазақ»;
E) «Қырық мысал».
62. М. Дулатовтың «Оян, қазақ» жинағы қайда басылды?
А) Семей баспасында;
В) Орынбордағы «Бірлік» баспасында;
С) Санкт - Петербургте Ғылым академиясында;
D) Қазандағы «Каримовтар» баспасында;
E) Уфадағы «Шарқ» баспасында.
63. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында Жамал қандай образ?
А) сенгіш;
В) ақылды;
С) тұрақсыз;
D) сенімсіз;
E) ақымақ.
64. 1915 жылы Орынборда жарық көрген М. Дулатовтың өлеңдер жинағының авторы?
А) «Терме»;
В) «Азамат»;

- С) «Оян, қазақ»;
D) «Бақытсыз Жамал»;
E) «Қазақ».
65. Қазақтың тұңғыш романы?
A) «Қамар сұлу»;
B) «Қалың мал»;
C) «Кім жазықты»;
D) «Бақытсыз Жамал»;
E) «Ақбілек».
66. «Бақытсыз Жамал» кімнің шығармасы?
A) С. Торайғыров;
B) Б. Майлин;
C) А. Байтұрсынов;
D) Ж. Аймауытов;
E) М. Дулатов.
67. Мемуарлық шығарманы белгіле.
A) «Орындалған арман»;
B) «Топ жарған»;
C) «Кім жазықты»;
D) «Қамар сұлу»;
E) «Қыз көрелік».
68. Ғайша қай шығарманың кейіпкері?
A) «Топ жарған»;
B) «Қамар сұлу»;
C) «Қыз көрелік»
D) «Қалың мал»
E) «Шолпанның күнәсі»
69. Ыбырай дәстүрін жалғастырушы педагог?
A) Абай;
B) Шоқан;
C) Спандияр;
D) Міржақып;
E) Шәкәрім.
70. «Үлгілі бала» еңбегі қандай еңбек?
A) сыни;
B) әдістеме;
C) оқу құралы;
D) рецензия;
E) аударма.
71. С. Көбеевтің шығармасын белгіле.
A) «Қалың мал»;
B) «Гүлхашима»;
C) «Қамар сұлу»;
D) «Топ жарған»;
E) «Бақытсыз Жамал».

72. «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіма». Кімнің шығарған кітаптары?
А) С. Дөнентаев;
В) А. Байтұрсынов;
С) С. Көбеев;
D) М. Дулатов;
E) М. Жұмабаев.
73. «Бозторғай» өлеңінің тақырыбы не?
А) махаббат;
В) әлеуметтік теңсіздік;
С) отан туралы;
D) мал шаруашылығы;
E) егін шаруашылығы.
74. Ел ішіндегі келеңсіз жағдайларды сынап, өлең жазған дарынды мысалшы?
А) С. Дөнентаев;
В) М. Дулатов;
С) Н. Наушабаев;
D) Ш. Жәңгіров;
E) С. Көбеев.
75. С. Дөнентаевтың өлеңдер жинағы?
А) «Үлгілі тәржіма»
В) «Қазақ»;
С) «Қырық мысал»;
D) «Маса»;
E) «Уақ - түйек».
76. Нарманбет Орманбетұлының 1916-1917 жылғы оқиғаларға байланысты шыншыл да батыл шығармалары?
А) «Сарыарқа сайран жерім - ай», «Тілекті хақ берген күн»;
В) «Найман Серікбай қажыға», «Тәуірбек болысқа»;
С) «Қыл», «Ой», «Бозторғай»;
D) «Еңбек туралы», «Ғылым туралы»;
E) «Күй», «Шаттық», «Ой толғау».
77. «Ғылым туралы», «Қасірет бір үлкен тау», «Шал қайғысы» қай ақынның өлеңдері?
А) Бернияз Күлеев;
В) Міржақып Дулатов;
С) Ахмет Байтұрсынов;
D) Ғұмар Қараш;
E) Нарманбет Орманбетұлы.
78. «Аға тұлпар» / Орынбор, 1914/, «Тұрымтай» /Уфа, 1918/ жинақтары қай ақынның мұрасы?
А) Мұхамеджан Сералин;
В) Ығылман Шөреков;
С) Ғұмар Қарашұлы;
D) Ахмет Байтұрсынов;
E) Міржақып Дулатов.

79. Әділетсіздікті әшкерелеген «Қазақтың байлары мен нашар кедейлері» кімнің өлеңі?
- A) Ғ. Қарашұлы;
 - B) Н. Орманбетұлы;
 - C) С. Дөнентайұлы;
 - D) А. Байтұрсынов;
 - E) М. Дулатов.
80. «Манап қызбен айтысы» кімнің шығармасы?
- A) Т. Жомартбаев;
 - B) Ж. Мұса;
 - C) Б. Өтетілеуов;
 - D) М. Байзақов;
 - E) Ы. Шөрекұлы.
81. Крылов шығармаларын аударып, алғаш бастырған жазушы?
- A) С. Торайғыров;
 - B) Н. Наушабаев;
 - C) С. Көбеев;
 - D) Б. Өтетілеуов;
 - E) Т. Жомартбеков.
82. Әріп Тәңірбергеновтің шын аты?
- A) Мұқаметғарып;
 - B) Әбубәкір;
 - C) Нұрахмет;
 - D) Абылмансұр;
 - E) Шернияз.
83. «Біржан - Сара» айтысын жинап, қыруар еңбек сіңірген адам?
- A) Сабит;
 - B) Мұхтар;
 - C) Әріп;
 - D) Жүрсін;
 - E) Сәкен.
84. Сара Тастанбекқызын көзімен көрген ақын?
- A) С. Көбеев;
 - B) Б. Өтетілеуов;
 - C) Ә. Тәңірбергенов;
 - D) Т. Жомартбаев;
 - E) М. Байзақұлы.
85. Ғ. Мүсірепов, І. Омаров сияқты дарынды жазушылардың ұстазы болған білімдар әдебиетші, аудармашы ақын кім?
- A) Б. Өтетілеуов;
 - B) Н. Наушабаев;
 - C) Ш. Жәңгірұлы;
 - D) М. Байзақов;
 - E) Ә. Тәңірбергенов.
86. «Дүние ісі ахиретке кетпес» /1912/, «Жиған - терген» /1914/ кітаптарының авторы?

- A) А. Байтұрсынов;
- B) Н. Наушабаев;
- C) Б. Өтетілеуов;
- D) М. Дулатов;
- E) Ш. Құдайбердіұлы.

87. Әріп Тәңірбергенов шығармаларын «Ұмытпаңдар мені» деген атпен жинап, 1969 жылы кітап қылып бастырған зерттеуші?

- A) З. Бисенғали;
- B) З. Қабдолов;
- C) М. Әуезов;
- D) Ғ. Мүсірепов;
- E) Ұ. Есназаров.

88. «Мысалы, дүние - теңіз, ғылым - кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме...» Қай ақынның өлеңінен үзінді?

- A) Н. Наушабаев;
- B) Ә. Тәңірбергенов;
- C) А. Байтұрсынов;
- D) М. Дулатов;
- E) М. Жұмабаев.

89. Небәрі 25 жыл ғұмыр кешкен ақын Б. Күлеевтің қазасына қайғырып өлең жазған ақын?

- A) С. Торайғыров;
- B) Ә. Ғалымов;
- C) М. Байзақұлы;
- D) А. Байтұрсынов;
- E) М. Жұмабаев.

90. Бернияз Күлеев шығармашылығын алғаш зерттеуші ғалым?

- A) Б. Кенжебаев;
- B) М. Әуезов;
- C) Ғ. Мүсірепов;
- D) Ғ. Мұстафин;
- E) З. Қабдолов.

91. Махаббат драмасына ұшырап, қаза тапқан ақын кім?

- A) Н. Наушабаев;
- B) Б. Күлеев;
- C) Ш. Жәңгірұлы;
- D) Ш. Бөкеев;
- E) М. Қалтаев

92. «Айтшы, ақ қайың» деген атпен 1969 жылы жарық көрген қай ақынның мұрасы?

- A) С. Торайғыров;
- B) С. Көбеев;
- C) Б. Күлеев;
- D) М. Жұмабаев;
- E) М. Дулатов.

93. Ыбырайдан кейінгі балалар әдебиетінің көрнекті өкілін ата.

- A) Сұлтанмахмұт;
- B) Шәді;
- C) Тайыр;
- D) Ығылман;
- E) Шәкәрім.

94. Тайыр Жомартбаев қай жылдары өмір сүрді?

- A) 1883-1949;
- B) 1865-1935;
- C) 1884-1938;
- D) 1884-1937;
- E) 1887-1935.

95. «Май мәселесі» атты сықақ шығарманың авторы кім?

- A) Т. Жомартбаев;
- B) Ә. Тәңірбергенов;
- C) Ә. Ғалымов;
- D) М. Көпеев;
- E) С. Қирабаев.

96. «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағының авторы кім?

- A) Т. Жомартбаев;
- B) Ы. Шөрекұлы;
- C) Б. Өтетілеуов;
- D) М. Байзақов;
- E) Н. Наушабаев.

97. Махамбет шығармаларын жатқа білген, олардың жарық көруіне еңбек сіңірген ақын?

- A) Ә. Тәңірбергенов;
- B) Ә. Ғалымов;
- C) Е. Құттыбайұлы;
- D) Ы. Шөреков;
- E) М. Көпеев.

98. «Исатай - Махамбет» поэмасы арқылы атағы кеңге жайылған ақын?

- A) Т. Жомартбаев;
- B) Б. Өтетілеуов;
- C) Ә. Ғалымов;
- D) Ы. Шөрекұлы;
- E) М. Байзақов;

99. «Амангелді» шығармасының авторы?

- A) Ізтілеуов;
- B) Шипин;
- C) Көпеев;
- D) Наушабаев;
- E) Әбдірахманов.

100. 1916 жылғы көтерілісті суреттеген ақын жазушылар қатарын белгіле.

- A) Б. Берденов, Ж. Жаббаев, О. Шипин;
- B) Абай, Мағжан, Сәкен;

- С) Мұхтар, Ахмет, Сабит;
- Д) Ә. Кекілбаев, М. Мағауин;
- Е) Мүсірепов, Мұқанов.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Абай тағлымы.-Алматы:Жазушы,1986.
2. «Айқап».-Алматы:Қазақ энциклопедиясы,1995.
3. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті:Оқу құралы.
4. Алматы : Қазақ университеті, 2002.
5. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде.-Алматы,1969.
6. Әбдірахманов Т. Таланттар тағлымы.-Алматы,1988.
7. Әбдіғазиев Б. Асыл арна.-Алматы:Қазақ университеті, 1992.
8. Әбдіғазіұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері.-Алматы: Кенже-пресс,2000
9. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті.-Алматы:1993.
- 10.Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары.-Алматы.1964.
- 11.Бес арыс.-Алматы:Жалын,1992
- 12.Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы.-Алматы: Өлке,1997.
- 13.ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті.-Алматы:Ғылым,1994.
- 14.Ерденбеков Б. Әріп ақын.-Алматы: 2001
- 15.Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров.-Алматы:Ғылым,1992
- 16.Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы.-Алматы: Санат,1994
- 17.Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет.-Алматы: Білім,1993
- 18.Кенжебаев Б. Журналист Мұхаметжан Сералин.-Алматы:1957
- 19.«Қазақ» газеті.-Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- 20.Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 томдық.2 том,2-кітап.-Алматы:1965
- 21.Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Т.2.-А:Қазақ университеті,2002
- 22.Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым.-А.:1998
- 23.Қирабаев С. Спандияр Көбеев.-Алматы:1958
- 24.Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері.-Алматы:Білім ,1995.
- 25.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет.-Алматы:Ғылым,2001
- 26.Мұхаметханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-4 кітаптар. –А.:1993-1997
- 27.Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов.- Алматы: 1991.
- 28.Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердіұлы.- Алматы: Ғылым,1993
- 29.Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы.- Алматы:1966
- 30.Қазақ поэзиясының антологиясы (ХХ ғ.бас кезі).- А.: Ғылым,1993.
- 31.ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия.- Алматы: Білім ,1994
- 32.Дастандар.- Алматы:1960
- 33.Ахметбеков Н. Поэмалары .- Алматы:1972
- 34.Байтұрсынов А. Шығармалары.- Алматы: Жазушы,1989
- 35.Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым.- Алматы: Жазушы,1989
- 36.Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы,1991
- 37.Жомартбаев Т. Қыз көрелік. - Алматы:1986

38. Кердері Әбубәкір. Қазағым.- Алматы: Жазушы,1993
39. Көбеев С. Орындалған арман.- Алматы:1988
40. Көпеев М.Ж. Шығармалары. Екі томдық.- Алматы: Ғылым,1990-1992
41. Күлеев Б. Айтшы, ақ қайың.- Алматы:1969
42. Қалтайұлы М. Шығармалары.- Семей:1998
43. Қараш Ғ. Замана .- Алматы: Ғылым,1994
44. Құдайбердиев Ш. Шығармалары.- Алматы: Жазушы,1988
45. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары.1-4 томдар.- Павлодар: 2003-2004
46. Молда Мұса. Өткен күндер.- Алматы:1987
47. Наушабайұлы Н. Алаш .- Қостанай: ЖШС «Баспа үйі»,1997
48. Нарманбет. Шығармалары.- Қарағанды:Болашақ-Баспа,1998
49. Өтетілеуов Б. Шығармалары.- Алматы:1961
50. Сералин М. Топжарған.- Алматы:1985
51. Тәңірбергенов Ә. Ұмытпаңыздар мені. -Алматы:1971
52. Торайғыров С. Шығармалары. Екі томдық. -Алматы:1993
53. Тұрмағанбет . «Рүстем-дастан»: Екі томдық.- Алматы: Жазушы,2004
54. Шәкәрім . Иманым.- Алматы:Арыс,2000
55. Ізтілеуов Т. Назым.- Алматы:1972

Қосымша әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. .- Алматы: Санат,1994.
2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет .-Алматы: Ғылым, 2001.
3. Қалтайұлы М. Шығармалары.- Семей,1998.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары.- Алматы: Жазушы,1988.
5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары.1-4 томдар.- Павлодар: 2003-2004.
6. XX ғасыр басындағы әдебиет Хрестоматия.- Алматы: Білім ,1994.
7. Наушабайұлы Н. Алаш .- Қостанай: ЖШС «Баспа үйі»,1997.
8. Нарманбет. Шығармалары.- Қарағанды: Болашақ-Баспа,1998.
9. Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы:1991.
10. Сералин М. Топжарған.- Алматы:1985.
11. Тәңірбергенов Ә. Ұмытпаңыздар мені. -Алматы:1971.
12. Торайғыров С. Шығармалары. Екі томдық. -Алматы:1993.
13. Тұрмағанбет . «Рүстем-дастан»: Екі томдық.- Алматы: Жазушы, 2004.
14. Шәкәрім . Иманым.- Алматы:Арыс,2000.
15. Ізтілеуов Т. Назым.- Алматы:1972.
16. Күлеев Б. Айтшы, ақ қайың.- Алматы:1969.
17. Дулатов М. Шығармалары.- Алматы:1991.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Глоссарий.....	5
Дәрістердің қысқаша конспектісі.....	6
Тәжірибелік сабақтарға әдістемелік нұсқау.....	63
Студенттердің ғылыми - зерттеу жұмыстарының тақырыбы.....	72
Тестік сұрақтар қоры.....	74
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	88

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 91 бет 7,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.